

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Актюбинская область

Акимова Айгерім	3
Ақырап Ақерке.....	6
Арғынбай Альбина	9
Асқарова Рита	12
Базарова Алтын	16
Байжуанова Мерует	19
Байтөлекова Нұргүл.....	21
Барахатқызы Жұлдыз	25
Жанғазықызы Жансая	28
Жаңабергенова Әсел.....	31
Жұбжанов Аян.....	34
Жумагулов Жасұлан	37
Жұбатқан Жайнагүл.....	40
Зейнолла Роза	43
Ищанова Гүлмайра	46
Қайрат Асау	48
Қалдыбай Мир-Ғалым.....	51
Қалиева Ардақ	54
Қарасаева Аружан	57
Қуаныш Ақнұр.....	60
Құдабай Қаламқас	63
Кустуртова Карина	66
Мадиева Арайлым	69
Манарбек Назерке	72
Наурзалина Дана	75
Оразғали Салтанат.....	78
Өтеулі Жанель.....	81
Сакенова Саяжан	83
Сақимолда Ақмаржан	86
Сайпенова Айдана	88
Сисенғалиева Сағыныш.....	93

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Скендирова Қырмызы.....	98
Смағұлова Жансая	100
Таспенова Айгерим	103
Тобыш Жансая	106
Төлеубайқызы Меруерт.....	109
Тұрғалиева Жанерке	112
Убайдулла Гаухар	116
Уразова Ақырыс.....	119
Шаку Эльмира.....	121

Акимова Айгерім

Жетекшісі: Жұбанышева Қанзада Шотбайқызы

Ұлы Отан соғысына 75 жыл

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.
Мұқағали Мақатаев

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Соғыс деген қайдан шықты?!

Авторы кім алғашқы?

Есіл адам есі кетіп, отан несін жармасты?!

Бүкіл адам тарихының бетін неге қан басты?

Ия, бұл жырларды қазақтың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаев жазып кеткен болатын. Мінеки, биыл Ұлы Отан соғысына 75 жыл. Елді қан қақсатып, зарлатып өткен 5 жыл бар адамзаттың тарихына үлкен орны толмас қасірет әкелді.

Сонымен, 1941 жылдың 22-маусымында Германия өзара шабуыл жасаспау келісімін бұзып, тұтқиылдан кеңестер одағына соғыс бастады. Европаны жайпап келе жатқан гитлерлік фашизмге қарсы көпұлтты совет халқы жұмған жұдырықтай, тас түйін күйде Отан қорғауға кірісті. Бүкіл Кеңестер Одағында төтенше жағдай орнады. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Ұлы Отан соғысының сұрапыл ауыртпалығын бастан өткерген біздің елдің ұраны «Ешкім ұмыт қалмайды, ештеңе ұмытылмайды» деу болатын. Дүниежүзін дүр сілкіндірген 1941-1945 жылдар аралығындағы сұм соғыстың зардабы қазақ жерін айналып өткен жоқ. Әрбір төртінші қазақстандық майданға аттанып, неміс фашистерімен жан аямай айқасты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап жұдырықтай жұмылып, сүбелі жетістіктерге қол жеткізді.

Соғыс деген немене өзі?

Тек қана апат, қырғын ба?

Арман-тілек, ақыл ойды апаратын құрдымға?

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыс деген – аққан соры ақсүйектің, құлдың да,
Соғыс деген – төккен ары, ұлдың және қыздың да

- деген өлең жолдарынан ақ соғыстың ауыр кесепат болғаны көрініп тұр. Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор ұлстері бар еді.

Солардың бірі де бірегейі – Бауыржан Момышұлы. Өзінің болаттай қатты мінезімен табандылығымен, айбындылығымен «Отан үшін отқа түс күймейсің» деп өз батальонын, жауынгерлерді алға сүйреп «Батырға Сырдың суы сирағынан келмейді, Қорқаққа батпақ та кедергі, шалшық та бөгет» деген сөздерімен жігерлендіріп жеңіске жеткізді. Бауыржан атамыздың жеткен жетістіктері баршаға мәлім. Және де артында көптеген өсиеттері қалды. Солардың бірінде былай дейді: «Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ! Әр әке: «балам бақытты болсын екен, үрім-бұтағым үзілмесе екен, өшпесе екен» деп тілейді. Бір ғасырда бір Наполеон, екі жүз жылда есуас Гитлер тумай қоймас. Ондай жауыздардан елді, жерді сақтап қалу – сенің борышың алғы ұрпақ. Ей, жүзжылдан кейінгі, мың жылдың ар-жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым?! Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көпұлтты отанымыздың барлық болашақ ұрпақтарына айтар екіауыз сөзім бар, ол «Отанды сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіндер деген сөз. Ол халықтар достығын қадірлеңдер, қасиеттеп ұстандар деген сөз». Әрине, Бауыржан атамыздың бұл өсиеті нағыз патриоттық сөздері мәңгі есте тұруы қажет. «Отанды сүю отбасыдан» демекші жанұямызды қадірлеп, қорғап пана бола білуіміз қажет. Одан кейін жан аямай Отан үшін деп қасық қанын қалғанша айқаса білуге тиіспіз.

Халық ақыны Н.Байғанин шығармаларының басты тақырыбы майданға көмекті күшейту, жауынгерлердің рухын көтеріп, олардың бойында ел алдындағы борышты өтеу сезімін тәрбиелеу болды. Ақын жауға деген ызакегін:

Өлер күнің таянды
Халық түгел ашынған,
Алар сенен қанға-қан
Алар сенен жанға-жан
Жоқ боларсың, бітесің,
Адам жауы-сұр жылан,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

- деп білдіреді. Осындай сұрапыл жылдары бір қолына қару, бір қолына қалам ұстаған өршіл рухты, сыршыл батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақынымыз Қасым Аманжолов болды. Буырқанған була күшке, екпінді еркелікке толы, шиыршық атып, бұлқына ойнап тұрған айбынды, қайраты, тепсініп темір үзердей ішкі қуаты сапырылыса, шайқала шапшыған ақын өлеңдерінде Отанға деген шексіз махаббатын керемет суреттейді. Ақынның осындай отты, өршіл шығармаларының бірі - «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы. Басқыншы зұлым жауға ең соңғы оғы қалғанша берілмей соғысып, ажалмен бетпе-бет тұрған, ерлікпен қаза тапқан жауынгер ақын Абдолланың ерлігін, батырлығын суреттейтін бұл шығарма керемет ұлтжандылықпен, ерекше айбындылықпен жазылған. Қасиет-күші ұлы Отанның, Қанатын бер қыран құстың! Ашуын бер арыстанның, Жүрегін бер жолбарыстың! - деген поэма үзіндісі «ата жаумен арпалысқан ұланды ұлы ететін, жаужүрек батыр ететін - оның Отанына деген махаббаты» дегенді дәлелдейді. Шынымен де, елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады! Махаббат пен ашынудан серпіліп тұрған сұрапыл жігер-қайратты өр кеудесіне сыйғызған жас батырға арналған поэма - ақынның қасқырдай анталаған жауға қарсы ашынуы, айбары, дос туралы жан азасы еді...

Көңілге көп тоқыған
Көрі-құртан ашынды.
Қара қағаз оқудан
Сауатымыз ашылды,

- деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай, Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 75 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бұл күні жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Ақырап Акерке

8 «А» класс, Қ.Жұбанов атындағы орта мектебі

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы

Жетекшісі: Есеркенова Айжан Курманалиевна

Кеңес Одағының батыры –Мәлкеджар Бөкенбаев

«Ұлы Отан соғысының тарихы тек төрт жылмен шектеліп қалмайды, ол тұтас дәуірді қамтиды, қиындығы мен құпиясы уақыт өткен сайын біртіндеп ашылады» депті майдангер жазушы Василь Быков. Қаншама уақыт өтсе де елге жасаған ерлік ешқашан өшпейді, қайта ел есінде жаңғырады. Бұл соғыстың басталып, аяқталғанына биыл жетпіс бірінші көктем болмақ. Әлемдік күнтізбеде 365 күн болса, соның бір күні ғана Ұлы Жеңістің тойлануына бұйырыпты. 1941-1945 жылдары Қазақстан бұл сұрапыл соғысқа 1 миллион 366 мың адамын аттандырды. Солардың ішінде мұғалжарлықтар да бар. Біз бүгінде Ұлы Жеңісті өздерінің жанкешті ерліктерімен жақындатқан Кеңес Одағының Батырлары, мұғалжарлықтар М.Бөкенбаев, Ф.Шатровты, И.Гриньконы, Т.Щербановты еске ала отырып, әруақтарына бас иеміз. Мақаланың арқауына айналып отырған өз замандастарының ортасында беделді, Отан қорғау кезіндегі ерлігімен көзге түскен, айтулы тұлғалардың бірі – Мәлкеджар Бөкенбаев жайында болмақ. Батыр Мәлкеджар Бөкенбаев туралы бұқара беттерінде айтылған әңгіме де, мақалада аз жазылған жоқ. Десек те, әлі де тың зерттеулерді қажет ететін деректер бар. Бұл күнде сарғайған мұрағаттағы том-том болған құжаттар өз зерттеушісін сарғая күтіп жатқандай. Ақтөбе облыстық мұрағаттарындағы деректерге сүйене отырып, М.Бөкенбаевтың ешкім әлі білмеген, зерттеп көрмеген жәйттерді жария етпекпіз. М.Бөкенбаев 1924 жылы Жұрын ауданында «Соцжол» деп аталатын Естемес деген ауылында қарапайым шаруа Есболсының отбасында дүниеге келген. 1933 жылы мектеп табалдырығын аттап, әріп таниды. Бірінші сыныпты «Амангелді» атындағы колхозда бітіреді. 1934 жылы ата –анасы қоныс аударуына байланысты Жұрында оқуын жалғастырып, 1939 жылы мектепті аяқтайды. Оқуды бітірген соң Наркомға «учетчик» болып жұмысқа орналасады. Ол жерде алты бойы жұмыс жасап, содан кейін редакцияға хатшы болады. 1939 жылы қазан айында Мәлкеджар Ленинский комсомолға орналасып, пионер болады. 1941 жылға дейін норсудта жұмыс жасап, кейін 1941 жылы Қызыл Армияға шақыртылып, жас жігіттің арманы болған Алматыдағы оқу курсы бітіріп, 1942 жылы 17 тамызда Қызыл Армияға шақыртылды. 1943 жылы 15 сәуірде Лейтенант дайындайтын курсты бітіріп, майдан шебінде ұрысқа аттанады.

М.Бөкенбаевқа «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ қалай берілді? «Украиндықтар – менің бауырластарым» деген М.Бөкенбаевтың естелік

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

хаттындағы тарихи деректерден келтірсек. 1944 жылдың 21 маусымында таңертеңгі сағат он болатын. Бізде 21 адам болатын. Біз Буг өзеніне беттедік. Біздің әскерлер орманнан 900 метр жерде жүр. Өзеннің арғы бетінде, қырат жерде жау. Оларда қосымша доталар мен бекіністер бар. Барлау капитаны Глуховтың бұйрығымен өзенге дейін жетіп, окоп қазу және бұйрықты күту еді. Судың арғы бетіне өтуге барлаушы жауынгер капитаны Глуховтан бұйрық алып, 1944 жылдың 21 маусымында Буг өзенінен өтіп, Бугтың арғы бетінде орналасқан жау дзотының көзін құртуға тапсырма алады. Жауды көзін құртуға тапсырама алып дереу жауынгер-барлаушыларыма бұйрық бердім. Тапсырманы алғаннан кейін М. Бөкенбаев взводымды жинап, міндетті түсіндіріп, жолға шықты. Алдын-ала ұрысқа дайындық кезінде, мен траншеяға кірудің амалын тауып, оны барлаушыларға тез жеткіздім. Мені барлығы қолдап, гранаталарды жау баспанасына лақтырдым. Содан кейін біз еш күтпеген нәрсе орын алды. Немістер өздерінің жасырынып жатқан жерінен қаша жөнелді де, қолдарын көтеріп: «Рус гут. Гитлер капут» деп айқай салды. Әрине, олар қанша орыс кеме жатырғанын білмеді. Қанша полк? Рота? Батальон? Сол жақтан да оң жақтанда немістер қашып барады. Ауыр пулеметтен оқ атуға бұйрық еттім. Қарсы биіктегі жаулардан позицияны тартып алу ұрысында фашист немістің 102 әскері мен 2 офицерін тұтқындайды. Взвод командирінің өзі – М.Бөкенбаев 5 неміс фашист әскері мен 2 офицерді тұтқындаған. Осы операция үшін М.Бөкенбаевқа Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді. Соғыстан кейін жоғары партия мектебін бітіріп, Ақтөбе қаласында қызмет етеді. Ленин I дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендері мен медальдарымен марапатталды. М.Бөкенбаев – бірінші Беларусь фронтының Қызылжұлдызды Смоленсктік 69-шы дивизиясы, 312-ші полк, 1081-ші взводының командирі болған. КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің 1945 жылы 27 ақпанда қабылдаған шешіміне сәйкес лейтенант Бөкенбаевқа көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін Кеңес Одағының батыры атағын және Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалі қатар берді. Курск шабуылдарында болып, Белгород, Харьков, Полтава, Киев тағы басқа қалалар мен көптеген селоларды жау құрсағынан босатудағы ұрыстарға қатыстым. Бұл батырдың өз аузынан жазылынып алынған мұрағат қорларындағы мәліметтер еді. Батыр 2002 жылдың 13 мамырында қаза болды. Батырдың құрметіне көше атаулары және Ақтөбе заң институтына М.Бөкенбаевтың есімі берілді.

М.Бөкенбаевтың қандай адам болғаны жөнінде ағасы Аққұраш Бөкенбаевтың естелік әңгімелерінен үзінді келтірсек: «Өте алғыр, зерек, орысша-қазақшаға бірдей сауатты қазақтың қарапайым баласы болатын. Мәлкеджар Темір ауданында 6 ай әскери оқуда болды. Алты айдан кейін оларды бірден Ақтөбеге алып кетті. Сол кезде Ақтөбеде Елек өзенінің бойында әскери бөлім болды. Онда 4-6 ай болды да, содан 1942 жылдың аяғында соғысқа аттанды» – деп еске алады. Ақтөбе облыстық Ішкі істер

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

департаментінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Михаил Рудаков: «1962 жылдың маусымы болатын. Мен сол кезде Темір аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болдым. Егіндібұлақ жерінде пионер лагері болды. Бірде пойызбен Темірден Жұрынға бара жатқанда жолда бір кісімен сөйлесе келе, ол кісінің Ұлы Отан соғысының Батыры екендігін білдім. Мәлкеджар Бөкенбаевпен таныстығымыз осылай басталды...» - деп еске алады.

Тарихтың санаулы сағаттарында шыбын жанын шөберекке тұмардай етіп түйген, әрбір ер азаматтың от ажалына құшағын құшу үлкен ерлік. Сондықтан да, халық отаны мен елі үшін күрескен батырлары мен қаһармандарын өз жадында мәңгілік сақтайды. Бауыржан Момышұлының мына бір ұлағаты сөзінде: «Ешкім іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». Қазақтың мақтан тұтар батыры М.Бөкенбаевқа да осы бір қайсарлық әке қанымен, ана сүтімен дарыған.

Арғынбай Альбина

Абай атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы
Ақтөбе облысы Темір ауданы Құмқұдық ауылы

**Ерліктің лебі хаттарда.
Ұлы Жеңіске -71 жыл!**

Жағалата қоңсы қонған ұлы Жайық өзенін
Бір ауылда өтті менің бал балалық кезеңім.
Дүниеден өткен екен мен екіде болғанда,
Нағашы атам есімде жоқ,көзін көрдім әжемнің.

Анашымның қоржынында мұрағаттай сақталған.
Кейінгі жас ұрпағына естелік боп жатталған.
Қан майданда аямаған өзін жаудың оғынан
Атам жайлы ерлік жазған леп еседі хаттардан.

Оққа тосқан кеуделерін майдангерлер қаншама,
Бұл сұм соғыс ауыр азап артып кетті баршаға.
Соның бірі менің атам отқа түскен елі үшін,
Белоруссия,Украинда,соғысыпты Польшада.
Аяғына таңба салған мәңгілікке өшпестей
Жойқын шайқас болған екен түбіндегі Варшава
Днепрді кешіп өткен тоғыз рет талмастан,
Жаудың оғы тисе дағы оң жақ,сол жақ жамбастан
Төңкеріліп суға кетсе астындағы қайықтар
Аман қалған сал-қайыққа жауынгерлер жармасқан,
Қиын кезде атам қару екі бетке тасыпты,
Жүзген кезде алдына бір ұшқан қарға салмастан.
Отан үшін отқа түсіп,жау тылында қалмастан.

Есіне алып сұм соғыстан қайтпай қалған боздағын.
Аналардың жүрегінде қалып қойған аз ба мұң?
Атам хатты өлеңдетіп анасына жазыпты,
Соған бәлкім,тартты ма екен,менің өлең жазғаным.

Үмітіндей жас күйінде жесір қалған ананың,
Пәктігіндей жетім қалған сәби кезде баланың,
Қанды хаттар әлі күнге аманаттай сақталған
Күйін шертер қанға бөккен ұлан байтақ даланың.

Жауынгердің жараланған жайын көпке жеткізген,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Өлең деген бір құдірет, жүректен жыр төккізген.
Сағынышпен анасына келген үшбу хаттарда
Жыр-естелік қалып қойған майдандағы отты ізден.

Жетпіс бір жылдық мерекеде мен де өлең сыйладым,
Аяғында бірге кеткен жарқыншағы минаның,
Нағашы атам нар тұлғалы қажымаған тірліктен
Жаздым бәрін ақ қағазға қаламыма сыйғанын.

Бейбіт елдің жалмай келген тыныш жатқан өмірін,
(Ей, жас ұрпақ соғысты олар біздер үшін, соны ұғын)
Сұм соғыстың зардаптарын бір кісідей көтерген
Балымжандай әжем еді, қайраты мол қолының.

Жас жүрегін жалындатып соғыс өрті қинаған
Ақ әжемді бүкіл ауыл, Ақжайығы сыйлаған.
Тоқтамастан айтушы еді аппақ жүзі нұрланып
Көрген білген естелігін жүрегіне жинаған:

«Балаусадай балбыраған жап-жас кезім өрімдей,
Еңбек еттім қатарымнан артта қалып бөлінбей.
Үш ай бойы «Новобогат-Сарыөзек» каналын
Қазып біттік ала жаздай топырақтан көрінбей.

Жоқтау айтып анам отыр ауылыма келгенде,
Баласынан айырылған ана көңілі шерменде.
Еркек кіндік қалмаған кез бәрі аттанған майданға
Қыздар болып көр қазамыз бір адамдар өлгенде.

Інім бар ед бірнеше жыл сал боп жатқан тұра алмай,
Ағам өлді деген кезде шыбын жаны шығардай,
Екі аяғын басып кетіп құдіреттің күшімен
Қан майданға кете барды ешкімнен де сұранбай.

Алты айдан соң жалғыз ғана хаты келді жаралы,
Іздеп кеткен інішегі қан майданнан ағаны.
Есімдері кітабына «Боздақтардың» ілініп,
Тағы анасын еңіретіп хабар келді қаралы.

Отан қорғау жолдарында құрбан қылған өмірін,
Бауырларым ордендермен толған алтын өңірің.
Еске алсам мақтанышпен жанарларым жасаурап,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Әлі күнге босап кетер сағынышпен көңілім.

Ол күндердің азабындай азап енді болмасын,
Сүйремейік сұм соғыстың қанға бөккен арбасын.
Біз көрмеген жақсылықты ұрпақ көріп кейінгі
Ізімізді жалындаған жас ұландар жалғасын.

Жесір қалып жас аналар, бала жетім болмасын,
Жаратқаным, барлығыңды рахым етіп қолдасын.
Бейбіт жатқан еліміздің тыныштығы бұзылмай,
Жауынгерлер балалардың түн ұйқысын қорғасын.»

Деді де әжем бір күрсініп, демін алды ішіне.
Риза болған пішінменен қолға алған ісіме.
Түніменен жауды аттым , қару алып қолыма
Түніменен атам кірді солдат болып түсіме.

Жауға елден толас берген бармай майдан өтіне
Кіп-кішкентай денесімен қорған болған жетімге.
Аяулы әжем бүгінгі күн болмаса да біздермен
Үшбұрышты тұмарымдай
Алға басқан ұранымдай,
Көктегі ұшқан қыранымдай
Қалып қойды жүрегімнің шетінде.

Асқарова Рита

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы
№5 орта мектебінің 10 класс оқушысы
Жетекшісі: Жанғылыш Айжан Зейнуллақызы

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын.

Соғыс. Бұл сөзді айтудың өзі жүрекке ауыр тиетіні хақ. Бұл - адамзатты құлдырататын күш! Дәл осылай! Соғыс – қорқынышты кинолардағы аузынан жалын атқан аждаһа дерсің. Соғыс - барынды жалмап кететін, жерінді оттай шоқ ететін, әлемдегі тіршіліктің көзін жоятын тажал. Сол қанды кезеңді газет-журнал материалдарынан, кинолардан көріп, көркем шығармалардан оқи отырып-ақ жаның түршігеді. Көз алдымызға елестетудің өз қиын. Ал сол соғыста жанын пидә еткен ата-әжелеріміздің ерлік істерін ұмыту – бар тарихымызды өшіріп тастаумен тең. Жетпіс жылдан астам уақыт өткенмен де, осы күнге дейін еш нәрсе де ұмытылған жоқ.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?!

- деп Сырбай Мәуленов атамыз жырлағандай, бұл соғыс талай отбасына қиыншылық әкеліп әкесінен, бауырынан айырды. Ұлын күткен ананың, әкесін күткен боздақ баланың жолға қараумен екі көзі төрт болып, жақындарын асыға күтті. Оларға деген сағынышы хат болып майдандағы жауынгерлерге барып жатты.

Баубек Бұлқышев «Шығыс ұлына хат» атты публицистикалық мақаласында болашақ үшін күресетінін былайша жазып кеткен болатын: «Менің досымның баласы бар, біздің артымызда өсіп келе жатқан жас буындар бар» деп, кейінгі ұрпақты бел етіп мен талай қуанбадым ба! Сенің кішкентай бөбегің маған күш-қуат бола алды ғой, Шығыс ұлы!». Ал, «Өмір мен өлім туралы» публицистикалық мақаласында «Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі... Ал естігенің де құрметтеп, бас иетін өлім бар! Ол – майданда ерлерше өлу» деген жолдардан өзі осы майданда қаза болса да, Біздің бейбітшілікте өмір сүруіміз үшін жанын қиятынын анық түсіне аламыз.

Мұзбалақ ақынымыз Мұқағали Мақатаев та он жасынан өлең шығара бастағанын жақсы білеміз. Ақынның балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген болатын. Әкесі Сүлеймен тұңғыш колхоз ұйымдастырушысы болған. Сұрапыл соғысқа өз тілегімен аттанып, Калининград майданында ерлікпен қаза тапты. Сәби жүрек соғысқа кеткен әкесін сағынып, ең алғашқы жыр шумақтары әкеге деген сағыныштан туған еді.

Жамбыл ақын атамыз да «Ленинградтық өренім» өлеңі арқылы соғыс жылдарындағы жауынгерге рух берді. Бұл өлең бірден орыс тіліне аударылып, майдан мен тылдағы жауынгерлерге кеңінен тарады. Соғыс кезіндегі Кеңес халқының көбінің жаттаған өлеңі еді бұл.

... Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат,
Болуға жаудың ермегі.
Жауда қалып Ленинград
Жаралған жоқ көнгелі,

- дей келіп, туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілігін өз жырларында шебер жеткізе білді. Сол сұрапыл соғыс жүріп жатқанда Жамбылдың суреті басылып, «Ленинградтық өренім» өлеңінің орыс тіліндегі аудармасы үлкен әріптермен плакат болып қала көшелеріне, тақталарға жапсырылып, радиодан оқылып, майдан жауынгерлеріне жеткізілді. Ақынның бұл өлеңі Ленинградты қорғауға, жауды жеңуге бүкіл кеңес халқы сияқты Қазақстан да аянбай аттанғанын суреттеген.

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» деп аталатын роман-диалогі Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеуге арналғаныны бәріміз жақсы білеміз. Бұл роман-диалогте автор Бауыржан Момышұлының сонау балауса жастық шағынан бері совет армиясының үздік мектебінде шыңдалу кезеңін, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап өмірінің соңына дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында баяндаған.

Бұл кітапта Баукеңнің өмір жолы «ақиқат» деп аталатын өте жіңішке жіп сияқты, ал ерлігі мен басынан өткен оқиғалары халық аузында сақталып ұзақ айтылатын «аңыз» болатын. Сондықтан да шығарманың «Ақиқат пен аңыз» деп аталу себебі осында жатыр. Бауыржан Момышұлы - өзінің ерлігімен, азаматтық қайсар тұлғасымен бірнеше ұрпақтың құрметіне бөленіп үлгерген-бақытты жан.

Б.Момышұлы - Ұлы Отан соғысы кезінде жеке басының қаһармандығымен және ұрыс жүргізудегі шеберлігімен ерекше көзге түскен,

батырлық атақ-даңқы алысқа тараған адам. 1983 жылы қайтыс болды. «Кеңес Одағының Батыры» атағы «ештен кеш жақсы» дегендей 1986 жылы берілді.

Абай атамyz айтқан: «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ұл» деген қазақтан туған нағыз ұлдың өзі деп Б.Момышұлы атамyzды айтар едік.

Көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып ұстап қасарған,
Ар мен Намыс сөз болғанда, өзіңнен кім аса алған?!
Бір ғажабы қан майданда көзсіз батыр атанып,
Куәлігін жарты ғасыр кеш алған.
Сондай қайсар перзент туу, әр әйелге бас арман!

-деп М.Шаханов жырлағандай туған халқының үлкенге ізетін, кішіге құрметін ұмытпай, қастарлеп өткен аяулы тұлға Б.Момышұлы болатын.

Әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қаһарманына айналған тұлға туралы 1943 жылы желтоқсанда Қасым Аманжолов:

Нақ сол кезде естідім ел дүбірін,
Атағы атын алып келді бұрын
Үстінде туған елдің тұрды толқын
«Бауыржан Момышұлы» деген бір үн,

- деп батырға таңқалғанын жазады.

Тіпті, Бауыржан атамyzдың ерлігімен қатар аузынан шыққан сөздің өзі халық аузында нақыл сөздер болып қалды десек болады: «Опасызда Отан жоқ», «Арсыздан айуан артық», «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық», «Ара-тұра дүниеден тарықпаған адам, дүниенің қадірін білмейді», «Ардақты ананы қадірлеймін, ары бар азаматты ардақтаймын, талабы бар жасты құрметтеймін, маңғазсыған ағаны, көлгірсіген ініні жек көремін». Бауыржан - қазақ деген момын халықтан шыққан алмас қылыштың жұрнағы. Бауыржан - ержүрек жауынгер, атақты қолбасшы, әскери жазушы. Ең бастысы, ол - әр қылығымен, әр көзқарасымен, бар болмысымен қазақтың намыстан жаралған халық екенін мойындата алған тұлға. Ұлы тұлғаның жасы 30-ға енді толған кезінде-ақ аты аңызға айналды, даңқы жершарын шарлады. Ұлтжандылықтан жаралған батырлықтың бейнесі, одан әрі ерлік жолын жалғастырғаны белгілі.

Бұл соғыстың қазақ халқы үшін үлкен сынақ болғандығын әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Бауыржан Момышұлы: «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгертті, бұрылыс әкелді, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас мұра қалдырды», - деп өз ойын айтқан болатын.

Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлеріміз ерлігімен атаның туын құлатпай, ананың намысы таптатпай, шайқаса жүріп жауды жеңіп, жеңістің мөріні басқан күн - Жеңіс күні. Бұл күнге қиындықпен жетсек те, жеңіске

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жеткен халық үшін зор қуаныш күні. Бұл - ұлы мереке. Отқа ұшқан ата-әжелеріміздің жеңіске жеткен күнін біз ұмытсақ та, тарих ешқашан ұмытпайды.

Ұлы Отан соғысында 500-ден астам қазақстандық «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ішінде Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Рамазан Елебаевтардың есімі, жеңіс үшін жасаған ерліктері тарихтың тасына жазылғандай өшпесі анық. Бұл ерлікті ешкім қайталай алмайды деп ойлаймын. Себебі олар – қайталанбас тұлғалар.

1945 жылдың 9 мамыры – Жеңіс күні! Жеңіс күні жыл сайын аталып өтіледі. Бұл мерекенің құрметіне арнайы республикалық, облыстық, аудандық көлемде іс-шаралар ұйымдастырылып, еске алып жатамыз. Сол батырларымыз қорғап берген бейбітшілікті ешқашан бұзбасақ екен деймін. Менің бала жүргемі де тек қана «Соғысқа жол жоқ!!!» деп соғады. Ата-анамыздың жанында аманшылықта өмір сүргенге не жетсін?! Б.Бұлқышевтың «Өмір сүргім келеді» шығармасында айтылғандай, солар армандап кеткен бейбіт те бақытты өмірдің қадірін өзіміз үшін де, сол бартырлар үшін да бағалай білейік дегім келеді. Әсірсе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа алғысым шексіз. Осындай көп ұлтты мемлекетті шашу шығармай, бірлік те, татулық та ұстап отырғаны -барлық әлем жұртшылығына үлгі боларлықтай мақтаныш.

Бірақ, «алтынның қолда бар да қадірі жоқ» деген ғой, сол алтынан да аса қадірлі бейбітшілікті кейбір адамдар бұзғысы келе ме қалай?! Батыр аталарымыз аманаттап кеткен «Бейбітшілік» ешқашан бұзылмасын!!!

Базарова Алтын

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

От кешкен жылдар

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстармен да сақталары анық. Өйткені, бір ғана екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Өйткені, ол сан миллиондаған адамдардың өмірін қиған жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Өткен ғасырдың басында он бес одақтас республикадан құралған мызғымас одақ едік. Оны бәрімізге ортақ Отан дедік. Қазығын Германияда қақан фашизм тұтқиылдан шабуыл жасағанда, қиырдағы Қазақстан жұртшылығы да сол Отанды қорғауға өре түргелді. Коммунистік идеология «Әділет біздің жақта, біз жеңеміз!» деп ұрандатып, қан майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбеккерлерді жігерлендірді.

Иә, ауыр азапты бес жылдан соң біз жеңдік. Бірақ қандай шығынмен десеңізші? Қаншама жас қыршын кетті. Тіпті бір отбасынан 4-5 жанды майданға аттандырғанда, кейін, солардың тым болмаса бірі елге аман оралмаса не дейсіз? Қаншама шаңырақ қаңырап, күйреп ортасына түсті? Ана жесір, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі ұзын жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын, жылдарын зарыға күтумен өткізді. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілі суығанша үміттерін үзбеді.

Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып бара жатыр. Бірақ соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандарға, мына тап өздері секілді кешегі гүлдей құлпырған жап- жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қару алып сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтара алмады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ал соғыс ол - қасірет. Басқа түскен қасіреттен олардың көбі қайтып қайтып оралмады. Қайтар оралғандары соғыстан кейінгі өмірдің қызығын, жан рахатын да шындап сезініп, тата алмады. Себебі жүрекке түскен жар, тәнге қадалған оқ табы, әлі мазалайды. Сөйтіп, уақыт өткен сайын олардың қатары азайып бара жатыр. Енді міне қарасаң, саусақпен санарлықтай қалған олардың әрқайсысы - бір, бір кітап жазуға тұрарлық лайықты жандар.

Тарихи оқиғалар- тарихи тұлғаларға толы. Қан майданда жаумен алысып, бейбіт өмірде еліміздің өркендеуіне үлес қосқан жауынгерлер ерлігі дәріптеуге тұрарлық. Олардың әрқайсысы- өмірі мен ісі жас ұрпаққа ғибрат боларлық эпостық туындыларға өзек болар тұлғалар. Бұлар елі үшін, туған халқының дамуы үшін, жеңіс үшін, тәуелсіздік үшін жүрегін шырақ еткен қаһарман алып ардагерлер! Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бейбіт өмірі, сән-салтанаты- батыр халықтың жеңісі, жауынгерлер мен соғыс ардагерлерінің батырлығы мен еңбекқорлығының жемісі екенін ешкім де ұмыта алмайды. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтар өзінің ерлігінің, жауынгерлік және қолбасшылық өнерінің арқасында Одақ бойынша ең жоғары мемлекттік награда алғандардың алдыңғы қатарына кіріп, Қазақстан мен қазақтарды бүкіл Одақ пен әлемге танытты.

Бүгінгі жаһандану кезеңінде қазақ халқының көкейкесті мәселесі- өзінің ұлттық болмысын сақтап қалу. Міне осы жағдайда жас ұрпақ мен және менің құрбы- құрдастарым Ұлы отан соғысында көрсеткен өз ұлтының ерлігіне, жау жүректілігіне қайта көз жүгіртпек. Еліне паналы қорған болған батырлардың, халық қаһармандарының өнегелі өміріне оралу, оларды болашақ ұрпақтарға жарқырата үлгі ету- әрбір қазақстандықтың парызы. «Ер тарихы- ел тарихы» дейді дана халқымыз. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен, жеңіске үлес қосқан ағаларымыздың өмірін жастарға үлгі етіп елжандыққы тәрбиелеу басты міндет.

Ұлы Жеңіс - біздің Жеңіс! Бұл ең алдымен, ақ ниетті адамдардың жеңісі. Социалистік қоғам тәрбиелеген ұлттар достығының, бауырмалдығының жеңісі. Ел мен жерді қорғаған, ұрпағына аманат етіп тастап кеткен ата- баба дәстүрінің, ерлік дәстүрінің жеңісі. 71 жылдығын атап өткелі отырған бұл жеңіс баянды болғай! Ендігі жас ұрпақ соғысты көрмесін деп тілеймін.

Ұлы Жеңіс мерекесі шынын айтқанда бір жағынан қаралы кезең болғанымен, ерлік пен елдік, ар-намыс, отаншылдық пен биік рух аяусыз сынға түскен ғаламат тарихи сәт еді.

Қазіргі күні әлемдегі ең басты проблема - ортақ үйіміз - Жер шарын соғыс өртінен сақтау, бейбітшілік, аймақтық соғыстарға жол бермеу, терроризмге қарсы күрес және дінаралық, ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау. Соғыстың барлық тарихи дәуірлерде қоғамның дамуына кері әсерін тигізгенін ешқашан да ұмытпауға тиіспіз.

Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан- ғайыр даланың тіпті бір пұшпағына жау табанын тигізбей, көгімізден жау жебесін ұшырмай, аға-

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бабаларымыз бізге бүгінгі Тәуелсіздікті тарту етті. Тарту етті дей салу бізге оңай болғанымен, шын мәнінде ол найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, яғни ата-бабаларымыздың жаугершілік замандарда әскери өнерді жан-жақты меңгеріп, дамытып, шеберлікпен шыңдай алғандығының арқасында қол жеткізген баға жетпес құндылық екенін ұғынуымыз қажет. Біз әлдекімдер үйреткендей, әскердің әліппесін кешегі Кутузов, Суворов, Чапаев немесе тағы сол сияқты шенділерден бастаған емеспіз, одан әлдеқайда тереңіректе, сонау Европаны тітіренткен Еділ мен Едіге, мысырды билеген Бейбарыс сынды патшалар мен сұлтандардың, қыл аяғы кешегі Кенесары, Исатай мен Махамбеттей қас батырлардың ұрпағымыз.

Қорыта айтқанда, біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Тірілерге құрмет көрсетіп, қаза болғандарды үнсіздікпен еске аламыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен ажырағысыз және бір-бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасірет арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге толық жойылған жоқ. Бүтіндей әулеттердің түбіне жеткен, ошағын өшірген, ананы жесір, баланы жетім қалдырған бұл алапаттың зардаптарын жою қашанға дейін созылады десеңші? Бір ғана нәрсе ақиқат. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Байжуанова Мерует

10-сынып, Қобда гимназиясы,

Ақтөбе обл., Қобда ауд.

Жетекшісі: Муканова Шарипа Кулинтаевна

Ұлы Жеңіске 71 жыл!

Ешкім де , ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан-ғайыр ата-қонысының қалыптасуын, ата-бабаларымыздың елімізге, тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, батырларымыздың елі мен жерін, халқын сыртқы жауларынан қорғаған үлгісін жатқызамыз.

Елбасымыздың “ Нұрлы жол – болашаққа бастар жол “ атты Жолдауында “ 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы“ деп атады. “ Қазақ хандығының 550 жылдығын“, “ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын“, “ Ұлы Жеңістің 70 жылдығын“ ерекше атап өткен болатын. Бұл атаулы мерекелер 2016 жылы да аталып өтілмекші.

“ Соғыс басталды! “

Қандай қасіретті үн. Қазақтың мамыражай даласын қалың тұман басты. Тарихқа таңбаланған қаралы күндер бойы сіркіреген ажал рухы онымен тапталмайды.

Арада қаһарлы 1418 күн өткенде, бүгін бір ұрпақтың жанқиярлық ерлігі – Жеңіс те келіп жетті! Көктемнің көкорайлы сәтінде, бұлбұлы сайрап, құс-көбелегі жадырап, жеңіс күнін олжалаған халқымыз әсем даланы “ Көктем “ биіндей құлпыртты. “ Жеңіс “ тойын тойлатты.

Көктем келді тіршілікке сән беріп,

Ерлік туын олжалады жан беріп,

Нағыз қазақ рухына жарасты

“ Жеңіс “ деген Отанына ән келіп !

Жеңіс! 1945 жылдың 9 мамыр күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты.

Бұл сұм соғыста сан мыңдаған адамдар мерт болып, қаншамасы мүгедек болып қалды. Дегенмен бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің қанымен , жанымен мына жарық өмір үшін аянбай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ұмтылған зор үлестері ерекше.“ Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам“ - деп қазақтың қаһарман жауынгер - ақыны Бауыржан Момышұлы айтқандай, біздің батырларымыз Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігін, құрметтейтіндігін білдіреді. Қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соғыста біздің аталарымыз ежелден еркіндікті аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Халқымыз соғыс қарсаңында көрген азаптарына, қиындықтарына ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол-ұшын берді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып Отанын қорғады. “Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар“ – дей келе, Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай, ата-бабаларымыздың рухани тағзым ретінде, олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыз тарих төрінен орын алады және біз, ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрдайым жүрек түкпірімізде ұстаймыз.

Байтөлекова Нұргүл

7 класс, Сағашилі орта мектебі

Мұғалжар ауданы, Ақтөбе облысы

Жетекші: Байтөлекова Гүлнафиз Жеткергенқызы

Өмір тауқыметі

(шығарма ҰОС –нан оралмай қайтыс болған
Ертілеуов Жетеген атама арналады)

Таңсәрі жаңа шыққан күннің бетін бұлт басқан, айнала аппақ, қар жауып тұр. Жел уф етсе, боран соққалы тұр. Ауылдағы барлық кемпір-шал, бала-шаға келіншектер жиналып соғысқа аттанып бара жатқан Сары шалдың баласы Әлібиді, Қоңқанның баласы Ерғалиды, Ертілеудің баласы Жетегенді шығарып салып тұр. Жетегеннің келіншегі Бати тозған шарқатының шетімен парлаған көз жасын сүртіп тұр. Жетегеннің артында шешесі Дәме, қызы Бажау мен аяғы ауыр келіншегі қалып барады. Жиналған жұрттың ішіндегі ақсақалды қарт адам

- Ал, балаларым, қайда жүрсеңдерде аман болыңдар! Жауды жеңіп аман-есен оралыңдар, деп ақ батасын беріп бетін сипады.

Қара торы ат жегілген шанадағы әскери киінген сұсты адам,

- Тез болыңдар, боран басталғалы тұр, жолымыз ұзақ, Шалқар стансасына жетуіміз керек деп, - айқайлады.

Жиналған қара құрым халық шу етіп жылап-сықтап қол былғап қала берді.

Қара торы ат жегілген шана көзден ғайып болғанша тарқаспады.

Бұл 1941 жылдың желтоқсан айы еді. Фашистік Германияның нағыз қаһарланып тұрған кезі. Соғысқа аттанған жас жігіттер Шалқар стансасына одан Ақтөбе қаласына жеткізіліп, казармаға орналастырылды. Ақтөбе қаласында он күн бойы дайындалғаннан кейін Мәскеу қаласына поезбен жеткізілді. Бұдан бұрын ешқайда шығып көрмеген ауыл жігіттеріне бәрі таңсық болса да, іштерінен үрей мен қорқыныш басымырақ. Мәскеуде екі күн болған соң, Мәскеу жанындағы Орел қаласына аттанды. Қасындағы ауыл жігіттері әр жаққа бөлініп кеткен. Ұрыстың дәл ортасына түскен 26 адам, көбісі жас жігіттер болса, кейбірі егде тартқан жігіт ағалары. Командир сапқа тұруға бұйрық берді.

- Ал, жігіттер ертеңнен бастап, сендер ұрысқа түсесіңдер! Орел қаласын біз фашистердің қолына бермеуіміз керек. Қасық қанымыз қалғанша күресеміз. Әрқайсыларыңның үйлерінде аналарың, бауыр еті балаларың мен жан жарыларың қалды. Олар сендердің балаларыңды бағып, амандықтарыңды тілеп отыр, сондықтан біз қалай да жеңіске жетіп, Отанымызды жау қолына бермей аман оралуымыз керек! Мына кішкене темірдің ішіне өздерің туралы толық мәлімет жазыңдар және ол өздеріңмен

әрдайым жүретін болсын. - деді де, демалуға рұқсат берді. Мен ауылдан әкелген кішкене қатқан құрттың қалғанын қасымдағы жігіттерге қылдай қылып бөліп ауымызға салып кеп қалғанда, ой шіркін, ішімізге ел қонғандай тер бұрқ ете қалды.

Сөйтіп соғыс уақытындағы өмір де жалғасып жатты. Ертесіне майдан алаңына шығып, ұрыстың не екеніне көз жеткіздік. Ұзына бойы қазылған жер окопында бәріміз ұрысқа дайындалып отырмыз. Командир окопта былай бір өтіп, былай бір өтіп ұрыстың басталар кезін тағатсыздана күтіп жүргендей. Бір кезде үстімізден гуілдеген дауыс естілді. Жатыңдар, жау самолеті сақ болыңдар, деген дауыс естілді. Барлығымыз окопка құлап жата қалдық. Ысқырып шыңғырған дауыстан кейін тарс-гүрс жарылған бомбаның дауыстары шықты. Бір бомба ысылдап келіп бізден жоғары жақтағы окопты бұзып жарылды. Бомбаның сынықтары менің қасымдағы жігіттің аяғын жанай жерге түсті. Көзімізді жұмып үлгергендей болдық. Сөйтіп кезекті ұрыс та басталып кетті. Командир атыңдар, атыңдар, тек оқты босқа атпаңдар, жауды өлтіруге ғана жұмсаңдар деп өзі де қаруын кезеніп дырылдатып жатыр. Бір кезде алға, алға деген дауыстар шықты. Барлық солдаттар шулап алға қарай ұмтылды. Бізде шинелімізді сүйрете тұра ұмтылдық. Қолымыздағы автоматты кезеніп жүгіріп келе жатырмыз. Алыстан танкілердің дауысы шығып бұрқ-бұрқ еткізіп біздің солдаттарды да қырып жатыр. Алдымыздағы үлкен көзілдірікті фашист шыға келіп автоматының шүріппесін басып үлгерді. Қасымдағы жауынгер жігіт жерге құлап бара жатса да, автоматын кезене фашистке атып үлгерді. Ол да сұлай түсті. Оның атқан бір оғы менің қолыма тиді ма, әйтеуір менің дауысым шықпай қалды. Құлағым даңғұр-дүңгір етіп, көзімнің алды бұлдырап бара жатты. Біреу сүйреп әкеле жатқаны есімде, онан ары не болғанын білмеймін.

-Женя, Женя есіңді жи, бетімнен шапалақ тиген секілді болды. Басым мең-зең басымды дәкемен айналдырып таңып тастаған. Басымды көтерейін десем зіп-зілдей. Ыңырсыған дауыс естілді. Жанымда екі жігіт қатарынан жатыр. Олардың да жарақаттары ауыр сияқты.

Бізді жарақаттары ауыр деп госпитальға жіберді. Госпиталь дегенді бірінші көруім. Ұзына бойы созыла жатқан солдаттар. Бірінің басы жарылған, бірінің аяғы сынған, кесілген. Түрлі ыңырсыған дауыстар. Дауыстарынан жаның түршігеді. Олардың қасында менің ауруым жеңілдеу ма деп қалдым. Бірақ басым зың-зың етіп көтертпейді. Сөйтіп 8 күн емделіп шықтым. Өз ротама қайтып келдім.

Кезекті ұрысқа дайындалып жатырмыз. Қасымызда бір пулеметшіміз бар. Командир дүрбімен қарап жоғарғы жақтағы басшыларға хабар жіберіп тұр. Бір кезде екі солдатты барлап келуге жіберді. Қыс кезі болғандықтан үстерінде ақ киім. Біз жақтан бара жатқан барлаушыларды байқап қалды ма, атыс кенеттен басталып кетті. Тағы да тарсылдап,

гүрсілдеген дауыстар. Кім-кімді атып жатқанын біліп болмайсың. Командир «Отан үшін, алға!» деп окоптан шығып алға қарай жүгіре жөнелді. Бізде алға, алға деп жүгіре жөнелдік. Алдымызда немістер мен танкілер кара құрттай қаптап келеді. Біздің әскерлер беріспей атысып жатыр. Қасымдағы Вадим деген орыс жігіті беліндегі гранатасын жақындап қалған танкіге лақтырып жібергенде, неміс танкісінің бір жанына тиді ма, біз жерге жата қалдық. Ішінен ұзын неміс атып шығып қаша жөнелді. Мен де өзімше автоматтың шүріппесін басып қалдым. Ұзын неміс немісше бірдеңе деп жерге құлады. Ол немістің үйінде де баласы күтіп отырған шығар деген аяушылыққа бой алдырсам. Менің жеріме келіп тиіскен өздері емес пе, ендеше мен неге оны аяуым керек. Бойымдағы қорқыныш жойылып, жігерлік пайда болғандай. Қатарымыз сиреп қалған сияқтымыз. Немістердің бекінген жеріне жетіп қалдық. Әліміз де азайды. Бір жерден пулеметтің атысы естілді. Біздің бір-екі жігітті сұлатты. Мығымдалып орнығып алған, тоқтайтын түрі жоқ. Командирдің өліспей, беріпейміз деген дауысы естіледі. Оқ-дәрімізде азайған. Пулемет жаққа қарай жақындап келемін. Қолымда соңғы қалған граната әлі де жақындай түсейінші. Жер жастанып бұғып келе жатырмын. Мені байқап қалды, маған қарай дырылдата жөнелді. Жерге жабысып жата қалдым, жаныма пулемет оқтары тырсылдап түсіп жатыр. Тынышталғандай болды, шамалы еңбектеп келіп атып тұрдым да жүгіре қолымдағы гранатаны барлық күшіммен лақтырып қалдым. Сол кезде маған көзделген пулемет даусы естілді де, гүрс еткен гранатаның даусынан кейін су сепкендей басылып қалды. Жерге құлап барамын, әйтеуір Отанымды бір фашисттен құтқардым-ау! Шешем, Бәти, балаларым маған қарап қолдарын бұлғайды.

-Тұрсайшы, әке!

Ақ кебін киген әкесі Ертілеу де «балам жарақаттанып қалдың ба? Кел мен сені атыма мінгізіп алайын» - деп сүйемелдеп атына мінгізіп алып кете барды. Бұл 1943 жылдың желтоқсан айы еді.

Дәме кемпір ұлынан хабар күтіп, зар жылайды. Бәти түнімен кейде шаршап ұйықтап кетсе, кейде көз ілмей көпшігі жасқа малынып шығады.

1943 жылдың қара күзінде кешқұрым үйге ауылдың үлкен ақсақалдары кіріп келді.

-Амансың ба, Дәме?

-О, құдайым бір өзің жар бола гөр!

-Дәме өзіңе бекем бол, азаматымыздан айырылып қалдық.

-Не деп отырсыңдар, мүмкін емес, балам аман-есен, сендер баламның хабарын қайдан білесіңдер, майданға бірге барып па едіңдер? Жоқ балам тірі, ол әлі-ақ үйге кіріп келеді. Көрде тұр, сен шал аузыңа келгенді соқпай отыр, -деп не істерін білмей зарлаған даусы жер жарып не сенерін, не сенбесін білмей абдырады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

-Құдайдың салған ісіне на шара. Атаңанәлет қанішер фашист не істемеді?

Тепсе темір үзетін ауыл балаларының жартысына жуығынан қара қағаз келді ғой. Мұндай қасіреттен басқа не бар? -деген қара сақалды Сары шалдың сақалы кемсеңдеп соңғы сөзі түсініксіз болып кетті. Ауылдың барлық үлкен-кішісі жиналып қалған. У-шу дауыс шығарған әйелдердің даусы ауылды алып кетті.

1945 жылдың көктемі . Соғыс аяқталып ауылдағы бірең-сараң соғысқа кеткендер оралып жатты. Анау Әліби шалдың баласынан да қара қағаз келігенді. Ол да оралды соғыстан. Сонда қара қағазы өтірік болып шыққаны ма, әлде қателесіп кеткен болар. Онда менің Жетегенім де ертең есік қағып келіп тұрса ғой!-деп жатса-тұрса ойлайтынды. Бәтидің көзі ілініп, ұйқыға кетті. Сиыр сауып болып, қасындағы келіншектермен бірге ауылға қарай келе жатыр. Алыстан қараңдап біреу келе жатқандай,

-О, тоба рас па? Шынымен біреу келе жатыр, жақындай түскендей.

-Әй мынау Жетеген ғой,-деп келіншектер шу ете қалды

-Рас ей, мынау Жетеген ғой

-Аман екен ғой, о құдайым-ау, жақындап қалған Жетегенді көрген Бәтидің көзі қарауытып құлап барады. Біраз уақыттан соң есін жинағандай болды. Қасындағы келіншектер қасына жақындамай, алыстан бұған қарап тұр. Есін дұрыстап жинаған Бәти артына қасынан өтіп бара жатқан Жетегенге қайда барасың үйде апам мен балаларың күтіп отыр ғой деп айтқысы келеді. Бірақ дауысы шықпайды. Артынан жүгірейін десе аяғы қозғалмайды. Сол орнында тұрып жылай береді. Ыңырсыған даусынан өзі шошып оянды. Қол-аяғы зіп-зілдей біреу ұрып тастағандай, мең-зең күйде. Көпшігі малмандай су. Бәти түсі екенін енді түсінді. Әлі де оралатынына үмітпен қараған келіншек мына түсінен кейінгі ащы шындыққа сенгісі келмесе де ендігі күйеуінің оралмайтынына көзі жетті де, жастығына құлай өксіп жылай берді, жылай берді.

Барахатқызы Жұлдыз

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Қаһарман қыз - Хиуаз Доспанова

Қаһармандығы тарихта белгілі болғанымен, дүйім жұртқа көп таныс емес қазақтың батыр қыздарының бірі Хиуаз Қайырқызы Доспанова. Ол 1922 жылы Орал қаласында дүниеге келген.

Ұшқыштық өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған еді. Әлия, Мәншүк, Хиуаз... Олардың есімдерін тек Қазақстан ғана емес, кезіндегі КСРО халықтары да жақсы біледі.

Хиуаз Астрахандағы балық кәсіпшілігімен айналысқан жұмысшы отбасынан шыққан. Ол кісінің кезінде Мәншүк Мәметовамен бір көшеде тұрып, көрші болғанының өзі өмірінің естен кетпес бір сәті іспеттес. Есімдері тарихта мәңгі қалатын бір көшенің батыр қыздарының мінездерінде де ұқсастық бар. Алғырлық, қайсарлық, адалдық. Екеуіне ортақ қасиет.

Мектеп қабырғасын үздік бағамен тәмамдаған талдырмаш жас қыз ұшқыш болуды армандайды. Сонымен алған бетінен қайтпайтын пысық қыз 1940 жылы мектепті үздік бітіргенде запастағы ұшқыш деген куәлік те алып шығады. Сөйтіп Мәскеуге жол тартып, Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек болады. Бірақ ол «жастарға қайда барса жол ашық» деген ұран жұрттың бәріне бірдей емес екенін болжай алмапты. Қазақ даласынан келген қара торы қызға мұндай оқу орнының есігі жабық екен. Сонда, тұңғыш рет маңдайы тасқа тиген жас қатты налиды. Бірақ налыса да жасымаған Хиуаз Мәскеудің 1-ші медициналық институтына оқуға түседі. Бұл жерде де алғыр қыз құрбыларының алды болып жүреді. Сабақты жақсы оқуымен қатар ол спорттық гимнастикамен де айналысып, әрі қоғам жұмысының белсендісі болады.

Сөйтіп жүргенде бір жыл өте шығып, жазғы сессия күндері басталады. Каникулға енді-енді шығайын деп тұрған күндерінің бірінде соғыс өрті бұрқ ете қалады... Бойында патриоттық сезім шалқыған қыз өзге құрбылары секілді демалыста үйіне кетпей Мәскеу қорғанысына қатысу жұмыстарына қалады. Олар әуелі «Метрострой» жүйесінің қарамағында болса, еріктілерді артынан Мемлекеттік қорғаныс комитеті өз қолына алады. 1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылы басталады. Жан дүниесі белсенді іске жанығып тұратын Хиуаз бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда өзінің ақырын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жүріп, сабақ оқи алмасын біледі. Майданға сұранып, медбике, тым болмаса санитар болып кеткісі келіп жүрген бір күні атақты Марина Раскованың қыз-келіншектер авиаполкін құрғалы жатқанын естиді. Көктен іздегені жерден табылған Хиуаз алдыңғылардың бірі болып, атақты М. Расковаға келеді. Жасыратыны жоқ, қара торы қызға мұнда да сенімсіздікпен қарайды. Бірақ соғыс кезінде жаны жанығып, жалындап тұрған қызды полкқа қабылдайды. Сөйтіп, Хиуазды Саратовтың әскери-әуе училищесіне жібереді. Мұнда штурмандар дайындайтын сыныпты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын әйелдер авиаполкының құрамында майданға аттанады. Полктың командирі, аға лейтенант Е. Бершанская болады. Ал М. Раскованың өзі майданға бармай, басқа қыздарды дайындау үшін Саратовта қалады.

Мәскеудің бірінші медициналық институтының екінші курсынан өз еркімен майданға аттанып, әскери ұшқыш болған, сөйтіп аспанда 300-ден артық әскери тапсырмамен ұшып, ерлік көрсеткен қазақтың қаһарман қызы Хиуаз Доспанованың есімі бүгінде ұмыт болып бара жатқаны өкінішті. Әрине, қайсар мінез, шыншыл жүрек, тура сөйлеу ол кездегі үкіметке жақпайтын. Жоғарыда шешілген істерге ешқандай қарсылық көрсетуге, қарсы пікір айтуға болмайтын. Бірақ бойында қайсар мінезі бар Хиуаз үнсіз бас шұлғаудан аулақ болды. Ол өзінің ойын дұрыс деп санаса кімнің алдында болса да айта алатын. Оның осы мінезін басшылар жек көреді. Сөйтіп, оны үлкен қызметтерден шеттете бастайды. Ақырында, соғыстан алған жараларын, контузиясын, мүгедектігін сылтауратып, оны мезгілінен бұрын зейнет демалысына жіберді... «Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, алғашқы әскери операцияға барғаным көз алдымда кеше ғана болғандай сайрап тұр» дейді Хиуаз апай. ...Даланы түн қараңғылығы жайлаған кез. Алдымен жарық бергіш бомба тастапты. Себебі жау әскері мен техникасының қай жерде орналасқанын анықтап алу қажет болған. Сол сәт төңірек жап-жарық болып кетеді. Звено командирі Е.Пескова мен Х.Доспанова бұйрық түсісімен жаудың атыс ұясын бомбалай бастайды. Қашанда сақ отыратын жау әскері естерін жинап та үлгермепті. Неше мәрте бомбалап, даланың астаң-кестеңі шығып жатқанда ұшқыш қыздар аққан жұлдыздай көзден ғайып болады. Алғашқы әскери тапсырманы осылай сәтті орындаған қос қыз жан-жақтан қаумалап алған майдандастарының қошеметіне емес, өздерінің осындай маңызды іске дайын екендіктерін сезініп, қуанғанды. Жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болып қайтқан Хиуаз ұшақтан 14 рет құлапты. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсете білді.

Қазақтың жас қызы Ұлы Отан соғысы жылдары Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы – ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ал

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

төсіндегі «Еңбек Қызыл Ту» ордені соғыстан кейінгі жылдардағы елеулі еңбегінің жемісі.

Соғыстан кейінгі жылдар Хиуаз Доспанова «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға, «Медеу» спорт кешенін салуға және көптеген тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына ер азаматтармен иық тірестіре жүріп араласып, көптеген игі жұмыстардың ортасынан табылды. Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілген болатын. 2010 жылы Атырауда ұшқышқа ескерткіш ашылды, Алматыда оның атымен аталған көше пайда болды. Атыраудағы спорт сарайы да Хиуаз Доспанованың есімін алды. Ол жайлы "Хиуаз Доспанова. Рахмет айтып үлгеру" атты деректі фильмі түсірілді.

Батыр қыз Хиуаз Доспанованы Бауыржан Момышұлы, Сағынғали Сейітов секілді ел азаматтары құрмет тұтып, жоғары бағалан. Хиуаз батыр ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, жоғары адамгершілік қасиетімен елеулі. Ол халқының адал перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат, өз елінің патриоты!

Қорыта айтқанда Хиуаз- халқының сүйіктісі, сол себептен де оның ерлігін елі ұмытпай, елеп өтуде. Батыр қыздың ғажайып тұлғасын аңызға айналдыру жоғары отаншылдықтың белгісі, жас ұрпақтың жетуге талпынатын мұраты.

Жанғазықызы Жансая

Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданы
№1 Қазақ ОМ 10 сынып оқушысы
Жетекшісі: Көбенова Эльмира Қалиқызы

Шуағы тарқамасын жер үстінің

«Соғыс» деген сөзді естігенде адамзат баласының жүрегі дір ете қалады. Неге? Өйткені соңғы 5 мың жыл ішінде 15583 соғыс өткен екен. Өте бір жан түршігерлік сандар. 4 млрд адам қаза тапқан. 5 мың жыл ішінде тек 292 жыл ғана соғыссыз тыныш өткен. Осынау жойқын соғыстардың ішіндегі ең ірісі – 72 мемлекет қатысқан Екінші дүниежүзілік соғыс. 110 миллион адам қолына қару алып қанды шайқасқа кірген.

Жеңіс! Осы бір сөз әрбір адам үшін қасиетті де күдіретті! Жеңіс деген сөзді сарыла халқымыз атандай 4 жыл күтті емес пе? От жалынға оранған 1418 күн мен түн кімнің есінен шығар дейсің? 1418 күннің әрбір сағаты, әр минуты қауіп-қатерге толы болғанын қолына қару алып соғысқа аттанған аталарымыз жақсы біледі. Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Бүкіл еліміз жұдырықтай жұмылып жауға қарсы тұра білудің арқасында ғана мүмкін болды. Ер азаматтар майдан даласында су орнына қан кешіп, жаумен бетпе – бет соғысса, тылда қалған қарт адамдар, аналар, жас балалар ер азаматтардың орнын басып еңбек етті.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың

жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды.

Ұлттық академияның академиктері атанды. Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Өлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айту парыз.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлады. Сонау Жер-ананы өрт шарпыған соғыс жылдарында елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған, Отанға бейбіт өмірді тарту еткен, қан майданда от кешкен ержүрек жауынгерлер — бүгінгі ақ сақалды ардагерлер мен ақ жаулықты аналар әрқашан жоғары құрметке лайық екені даусыз. Сондықтан да, оларға деген ыстық ықылас пен құрмет, алғыс ешқашан толастамайды, керісінше «тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, уақыт өткен сайын еселене бермек.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабамыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта жазылды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін емес, соңғы келер буындар үшін де мектеп. Қан майданның төрінде жаумен жанын қиған батыр ата-әжелеріміздің рухына бас ие мәңгілік тағзым етеміз.

Жанабергенова Әсел

9 сынып, Қарауылкелді орта мектебі Ақтөбе обылысы,
Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы
Жетекшісі: Қазыбекова Арзия Мелсқызы

Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмытылмақ емес

Мен бұл тақырыпты таңдау себебім, осыдан 75 жыл бұрын болған, адамзат тарихындағы ең сұмдық соғысты ұмыту мүмкін емес. Біз Ұлы Жеңісті ұмытпағанымыз секілді, азапқа толы сол бір кезді ұмыту мүмкін бе?! Ол біздің жүрегімізге ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттардың айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтінін белгісі болып қаламақ. Бізді аталарымыз бен бабаларымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жастары үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, сонымен қатар абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізген болатын. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Сол соғысқа қатысқан жауынгерлердің арасында, 96 жауынгер Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және тағы басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Соғыс майданы Мәскеуде, Сталинградта, Ленинградта болып жатты. Көрнекті Қазақ ақыны- Жамбыл Жабаев атамыз Ленинградтың ауыр тағдыры туралы «Ленинградтық өренім» өлеңінде:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенің сүйкімді,
Бұлағымдай көремін,

- деп жырлаған болатын

Соғыс - күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды да жер ететін, дәл осы соғыс. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтседе, еш нәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы – бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энекей жағада тұр,

- деп жырлаған Мұқағали атамyzдың сөзін өз ойыммен жалғастырғым келеді. Қазіргі таңда қарияларымыздың азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман есен оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатыр емеспе?! Солардың жанымен, қанымен, күшімен, көз жасымен, ерлігімен, туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, талын шағып, туын жығып жеңістің жемісін көрген күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап аман есен оралған ардагер аталарымыздың өздері қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан Соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине « бірлік ». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс 15 одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді,
Ел, ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығыда сен үшін,
Саған қауіп төнген де,
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Алпыс ұлттың адамы,
Қолыстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған жерлесіміз Нұрпейіс Байғанин атамyz өлеңінде халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынын бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Мәскеу мен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін батыр халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ Қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанын ашық көзіміз жетеді.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді есте сақтау біздің ардагерлерімізге лайықты қамқорлық көрсету оларға көмектесу керек.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата- апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасын.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Еліміз егемендік алғаннан кейін ардагерлерімізге ерекше қамқорлық жасап келеді. Бұл да Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында іске асып отыр. « Барлығы Отан үшін » деген ұранмен өмір сүріп, бар ғымырын Отанына арнаған қарияларымыздың амандығын тілеу, әрбір адамның міндеті.

Ешқашанда батырлар ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен еңбектері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – бұл әрине, болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің, адал патриоттары, достық пен бірлік туралы айту арқылы Отан сүйгіштікке тәрбиелеп, баулып отыру.

Жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Жубжанов Аян

9 класс Жарсай негізгі мектебі

Актобе облысы Қобда ауданы

Жетекшісі: Мамбетова Дария Сагидуллаевна

Ұлы отан соғысы

22 маусымда дәл сол күні Ұлы Отан соғысына 75 жыл Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды!

Осыдан 75 жыл бұрын таң қылаң бере фашистік Германия кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып Қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық шекерашылар болды. Атақты Брест гарнизонның өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бырақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысында қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбінесе сүйегі белаусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір түкпірінде әскери комиссарларға еріктілер ағылды. 1939 жылдың дерегі бойынша біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына миллиондаған мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы басқа да, құрлымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-және 101-ші және ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан 219-шы минометтік 85-ші зенеттік 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 600 жүк жеңіл автокөлік, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты 1941-1945 жылдарда әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерлік тері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-орденмен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батырын, 100-ден астам-Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт Қазақстандық екі мәрте Кеңес

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Одағының Батыры атынды, олар Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы менген Әлия Молдағұловамен пулеметші Маншүк Мамбетова бар. Рейстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі-Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәләм. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарының басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіп орындардың барлығы тылға көшіріле бастауы. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіп орын жайғастырылды 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орын мен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніше мен Гурьевтегі мұнай өндеу зауыты іске қосылды. Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары мақат-орск, Ақмола-Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыкенінің 60% , мыс кенінің 50%, металл вис мутының 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85% берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды. Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді 1941 жылдың күзінде Бүкілқазақтың лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк девизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпесуақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардың 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк калоннасы, бірнеше авиациялық экскадрилия, торпеда катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 милион пұт картоп және көкөніс, 15,8 милион пұт ет, 3,194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөпірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан, бәрі де ЖЕҢІС үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

КРСО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды.

Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылды. Майдан даласында алтыжүз мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихында бұлең зұлмат соғыс жиырма миллионнан астам кеңес адамзаттарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіп орын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 темір жол станциясы, 36 мың пошто телеграф мекемесі. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғарғы оқу орны, ғылыми-зерттеу институты, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілді, тоналған.

Мен Ұлы Отан соғысын 10 бет жазайын 100 бет жазайын, қанша бет жазсамда соғысты толықтыра ала-алмаймын.

Жеңіс күні мәңгілікке есімізде қалады. Биыл Ұлы Отан соғысының басталуына 75 жыл болады, ал Ұлы Жеңіске 71 жыл толғалы отыр!

Жумагулов Жасұлан

бсынып, Ақсай негізгі мектебі,
Қобда ауданы, Ақтөбе облысы
Жетекшісі : Бикеева Дина Тыныштыковна

Ұлы Жеңіс

«Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Егер Сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді»
Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев

Жатқанда отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?
Жұбан Молдағалиев

Соғысты біз көргеніміз жоқ. Оның қандай ауыр азабы барлығын тек оқулықтар мен кинофильмдерден, ән шумақтарынан және ата-әжелердің әңгімелерінен ғана білеміз. 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтың қаншама ер жүрек, батыл, өжет ұлдары мен қыздары Отан үшін жандарын пидә етті. Менің туған жерім Қобда өңірінен шыққан есімі елгі әйгілі қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың ерлігі еш уақытта ұмытылмайды. Жас ұрпаққа өнеге болу үшін, туған жерінде мұражайы бар. Ақтөбе қаласының Шернияз көшесіндегі Әлия Молдағұлова ескерткіші бар. Көптеген ақындар батыр қыз Әлия туралы өлеңдерін жазды. Осылар арқылы Әлия есімі ел есінде мәңгі қалды.

Менің айтайын дегенім, Отан үшін от кешкен талай жауынгер ерлігі мен есімдері ескерілмей, есімдері ұмыт болды. «Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмытылмақ емес» Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған тәрбие сағатында апайымыз өзінің атасы Бикеев Қуаныш Қабаковичтің соғыстан алған ордендері мен медальдарын әкеліп, ерліктері туралы айтты. Қуаныш атаның «Үшінші Дәрежелі Даңқ», «Қызыл жұлдыз» ордендері мен «За взятие Кенигсберга», «За Отвагу» медальдары мен «Отличный разведчик» төс белгісі бар. Ол соғысқа 1941 жылы шақырылып, 1946 жылы елге қайтқан. Соғыстың алғаш күндерінен барлауда болған. Талай қиын тапсырмаларды өте жақсы орындап жүрген. Бірде достарымен барлауда үш күн бойы жау

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

шебінде жасырын отырған. Тек үшінші күні түнде ғана сәті түсіп, неміс офицерін қолға түсіреді. Арпалыс кезінде сол аяғынан қатты жараланады, бірақ жарасына қарамастан қолға түскен «тілді» дереу штабқа жеткізеді. Қолға түскен деректер өте құнды болған.

Осы барлаудан әкелген «тілі» үшін «Красная Звезда» майдан газетіне шыққан.

Қуаныш ата - соғыстан кейін де бейбіт өмірде аянбай еңбек еткен адам.

Атаның бес баласы болған. Соғыс туралы айтып беруді сұраса, қария көзіне жас алып: «Айналайын, құлдықтарым. Оның несін сұрайсыңдар, еш адамның басына келмесін. Аналар бауыр еті балаларынан, балалар ата-анасынан, қаншама адамдарымыздан айырылды. Елі үшін, жері үшін қаза болғандарды ұмытпандар. Осы отырысымыз үшін өздеріндей балғын балалар ауыр жұмыс жасады. Жеңіске қол жеткізгеніміз де сол кінәсі жоқ періштелердің қажымас қайраты. Сондықтан сендер жақсы оқуларың керек, елімізге адал қызмет етулерің керек. Бақытты болыңдар!» - деп қана қоятын.

Бұл біз білетін - бір атаның ерлік жолы. Ал Қобда өңірі – батырлар мекені.

Армысың! От жалыннан оралғандар,
Аттарың аңыз болып таралғандар.
Тірлікте жаны жарқын алау жандар,
Ел үшін, ерлік үшін жаралғандар.
Тойымсыз ажалға тосқауыл боп,
Топ жарып тайсалмай-ақ бара алғандар,

Жыл санап ардагерлер қатары сиреп барады. Оларды құрметтеу біздің міндетіміз. Ұлы Отан соғысының, тылда еңбек еткен ардагер аталар мен әжелерге көмекке барамыз. Биыл ауылда қайта-қайта боран соғып, аулаларды қар басып қалды. Біздің кластың ұлдары Зинаида әжей мен Николай атайға барып, ауласын қардан ашып, отын тасып бердік. Қариялар риза болып қалды.

Алғыстарын айтып, бата берді, ал біз болсақ масаттанған күймен үйге оралдық.

Керемет, елі үшін отқа түскен жандардың жанымызда болғаны. Олардың әр ісі - бізге үлгі өнеге.

Қан майданның жүректе жарасы бар
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар
Арамызда жүретін алшаң басып
Ардагерлер азайып барасыздар.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бойымызға туған жерден дарыған күш пен қуат, аталарымыздан қалған өжеттілік пен батырлық, қазағымның бойындағы даналық пен даралықты өз бойыма сіңіріп өсемін. Аталарымыздың соғыста көрсеткен ерліктерін мақтан етемін. Қазақ халқының қайсар да қайратты азаматы болуға бар күшімді жұмсаймын. Елімнің өркендеуіне жақсы оқу, саналы тәрбие арқылы үлесімді қосамын. Елімнің еңсесі биік ел болуына бар жігерімді жұмсаймы

Жұбатқан Жайнагүл

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының
№6 Хромтау гимназиясының
11-класс білім алушысы
Жетекшісі: Спанова Ақгүл Спанқызы

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек
отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп
жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар,
ол – Отанға деген сүйіспеншілік
Бауыржан Момышұлы

1941-1945 жылдар... Күркіреп өткен бір соғыс. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. “Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам”, - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғап қалғаны, олардың Отанға, елге, жерге деген үлкен сүйіспеншілігі болса керек. Тарихта баяндалғандай, жеріміздің, еліміздің амандығын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған ата-бабаларымыз секілді Ұлы Отан соғысының зұлматты шақтарында ержүрек жауынгерлеріміз кең сахара даламызбен тұтас Отанымыздың амандығын, баянды, бейбіт болашағымызды өжет ерлікпен қорғап шығып, ұлы жеңіс салтанатын күллі әлемге паш етті. Тылда да майданға аттанған жауынгерлердің, оққа ұшқан боздақтардың отбасында тағдыр тауқыметі-үлкен қиындық орын алды. Елдегі ақ жаулықты аналар, сүйіктілерін, ерлерін майданға аттандырған қыз-келіншектер, буыны қатпаған балалар белдері бүгіліп, ұзақты күн білегі талып, “Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!” деп ұрандатып еңбек етті. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500 - дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт Қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелденов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Отан үшін от кешкен Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Момышұлын, 28 понфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Себебі, өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті.

Қиындық кезең сындары,
Ерліктің отын маздаттың.
Соғыстың сұрапыл жылдары -
Тағдыры талай боздақтың.
Ерлікке толып өткені,
Ұмытылмай тұрды ер ісі.
Соғыстың соңғы көктемі -
Солдаттың асқақ Жеңісі.

Адамзат тарихында мәңгі өшпестей болып сақталып қалған, көздің жасы, маңдайдың тері, аққан қанның арқасында жеткен Ұлы Жеңіске, міне, биыл 71 жыл толып отыр. Табандылық пен ерлік, Отанға деген патриоттық сезім, сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірімен байланысып келеді. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы, қайсарлығы. Ұлы Жеңіс біздің ата-бабаларымыздың батырлығы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Бұл күн – сол қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Бұл күн – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн – бүгінгі ұрпақтың соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күн” деп атап кеткен болатын.

“Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында” - деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер - Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымызбен бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл азғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында “Отан үшін отқа түс, күймейсің” - деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың өтелмес парызы. Ер есімі-ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Тәуелсіз Қазақстан жастары өз аға-апаларының көрсеткен ерлігін әрқашан жадында ұстап, қастерлеп қасиеттейді!

Жас ұрпақ үшін бар мәні,
Кемітпес ол да бағанды.
Сонан соң солдат арманы
Желбіреп көкке қадалды.
Заманнан алға басар да,
Тарихтан тағлым тыңдатты ой.
Адамдар үшін қашанда

Жеңістің құны қымбат қой!

Зейнолла Роза

9- сынып оқушысы Қобда гимназиясы Ақтөбе облысы
Жетекшісі: Амиргалиева Роза Изтургановна

**Ешкім де ұмытылмайды,
Еш нәрсе де ұмыт қалмайды**

Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны-елдік
Мұхтар Әуезов

Қазақ халқында жерін жаудан, елін езгіден, қызын күндіктен, ұлын құлдықтан қорғаған батырлар көп болған. Аналарымыз жесір, сәбилеріміз жетім қалып, ақ жүздерін қайғы жасы жуып, ащы зары мен көңіліндегі мұңы дүниені күңіrentті. Тарих толқыны үнемі жаңаланып отырады. Бірақ ұмытылмайтын, ескермейтін, мәңгі сақталатын тарихи оқиғалар болады. Қазақ халқының ерік- жігерін, батырлығын көрсеткен тағы бір оқиға – бұл екінші дүниежүзілік соғыс еді. Сұрапыл соғыс қасиетті қазақ жерінде болмаса да жерлестеріміз шайқаста ерлікпен асқан шеберлікпен көзге түсіп батыр атанды. Төрт жыл бойы қан қақсатқан фашистер патшасы Гитлердің сұмдық саясатына қарсы тұра білген қазақ батырлары бұл жылдары беріспей өліскен емес.

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22- де болған еді. Бұл кездер халқымыздың басына қара бұлт үйірілген жылдар болды. Фашистік Германия 1939 жылдың 23 тамызындағы шабуыл жасаспау туралы келісімді бұзады. Кеңес одағына қарулы күштерімен кенеттен тұтқиылдан баса көктеп кіріп, бейбіт өмір кешіп жатырған халықтың тыныштығын бұзады. Осылай ешқашан ұмытылмайтын, жер беті қанға боялған Ұлы Отан соғысы басталады. Немістер үшін бұл соғыстың сипаты әділетсіз болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған азаттық соғыс болды. Немістің басшысы Гитлер 1940 жылдың орта кезінде-ақ кеңес Одағына басып кірудің «Барборосса жоспары» деп аталған жоспарды жасауға кіріскен болатын. Олар бұл жоспарда Кеңес Одағына бір мезгілде әуеден және соғыс теңіз күштері арқылы шабуыл жасайтын болды.

Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа 3-4 ай ішінде «Қауырт соғыс» идеясы 1941 жылдың күзінде аяқтау тиіс еді.

Фашистік Германия Кеңес Одағын сансыз көп ұлтты болғандықтан оларды ешқандай тұрақтылық, бірігушілік жоқ деп санады. Керісінше, Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақ халқы соғысты ортақ қасірет деп қабылдады. Отан қорғаушылар қатарына қазақтар өз еркімен жаппай жазыла бастады. Қазақтың қайсар мінезді қыздары да өз еріктерімен соғысқа аттанды. Қалғандары тылда еңбек

етті. Солардың ішінде әрбір бесінші майдангер соғысқа аттанды. Сол кезде Ұлы Отан соғыс өрті қазақ халқының жүрегіне ұмытылмас ауыр жара салды. Сол кездегі халқымыздың тұрмыс - жағдайын елестетудің өзі ауыр еді. Балаларын соғысқа қимастықпен жіберген аналардың қан жылаған жүрегін біздер ұмытпаймыз.

Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ата-бабаларымыздың ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге боларлықтай. Рейхстаг басына алғаш ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың қай қазақ ұрпағы есінен шығара алады? Қандай ауыр кезең болса да қазағымыздың батырлары, жастары ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Еліміздің басына осындай ауыр күн туғанда қазақ қауымының бас көтерген батыр да, ержүрек перзенттері елдің елдігін, бірлігін сақтау үшін еңбек етті. Өрімдей жастарымыз қанаты қайырылса да, намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Олардың барлығының арманы бір еді, әрине, бұл – Отанымызды жаудан қорғау.

Біз соғыстағы батырларымыздың ерлігін ешқашанда ұмытпаймыз. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Осы қазақ жерінен ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімшелер майданға жіберілді. Мыңдаған қазақстандықтар Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында болды. Қазақстандықтардың ерекше көзге түскен шайқас Москва түбіндегі шайқас еді. Онда аты тарихта алтын әріппен жазылған Бауыржан Момышұлы соғыстағы үлкен жеңістердің басталуына жетеледі. Сонымен қатар соғыста қару мен қаламды қатар ұстап жүрген қазақтардың бірі болды. Сол үшін Кеңес Одағының батыр атағын алды. Сонымен қоса соғыста жарқыраған қазақтың батыр, ержүрек қыздарын айтпау мүмкін емес. Кеңестің Шығыс әйелдер арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталған қазақ қыздары еді. Олар пулеметші Мәншүк Маметова мен 54-ші атқыштар бригадасындағы мерген Әлия Молдағұлова және де осы соғыста дұшпанмен арпалыста ерекше көзге түскен тағы бір батыр қазақ қызы- Хиуаз Доспанова еді.

Қазақстандықтар бүкіл өндірісі мен өнеркәсібі майданда жұмыс істеді. Осы Ұлы Отан соғысына қазақстаннан 1 млн 200 мың жауынгер аттанған еді. 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы – Кеңес мемлекетінің, сонымен қатар Қазақстанның тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі болды. Халық батыры Бауыржан Момышұлы «Қазақты халық ретінде танымал қылған Ұлы Отан соғысы Мәскеу түбіндегі шайқас», - деп айтуы өте орынды. Соғыстың барлық ауыртпалықтарын қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Өздерінің өмірін аямастан олар фашистік жүйені қиратып, рейхстагқа Жеңіс туын тікті. Берлинді алу кезінде және рейхстагқа алғаш кіргендердің ішінде қазақстандық жауынгерлер бар еді.

Рейхстагқа жеңіс туын тіккен де қазақ батыры- Рақымжан Қошқарбаев еді.

Менің ойымша, ең бастысы, ең негізгі батырдың сапасы - бұл отаншылдық сезім. Отаншылдық - бұл туған жерге, өз халқына, ұлтқа деген

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сүйіспеншілік. Мен Бауыржан мен Рақымжан, Мәншүк пен Әлия, Қайрат пен Ляззат сынды батыр апа –ағаларымыздың ерліктерін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге қылып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеп отырған біздің ұлағатты ұстаздарымыздың, ардақты ата-аналарымыздың арқасы,- деп білемін. «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар», -демекші қазақ ұлтының киелі топырағында туған батыр бабалардың ұрпағымыз. Осындай жігерлі де қайратты намысы кеудесін өртеген азаматтарымыз, азаматшаларымыз аз емес. Қандай қиын шақ болса да Отанды қорғау - басты міндетім,- деп білемін.

Мен киелі , қасиетті Қобда жері мектебінде білім алудамын. Бұл жер – батырлар мекені Қобыланды, Әлиядай аға-апаларымыздың кіндік қаны тамған киелі орда. Әрине, әр қазақ ұлтының азаматы Әлия мен Мәншүкті мақтан етеді. Себебі, намысынан кем түспейтін намысты, батыр қыздар ішінде Әлия мен Мәншүктің шоқтығы биік. Әлия мен Мәншүкті ардақтау-тәуелсіздік рухының биік тұғыры.

Бір сөзінде Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей: «Өз тарихыңды ұмыту – ол өзінді ұмытумен тең», -деген қанатты сөздерінде терең мағына жатыр. Мен Қазақстанның болашақ білімді жастарына айтарым: ел қорғаған батырларымызды есімізден шығармай, оларға тағзым етіп, баршамыз біліммен қаруланып, Отанымыздың жарқын болуына атсалысып, алға нық сеніммен қадам басайық!

Жеңістің 71-жылдық мерекесі құтты болсын, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! -дегім келеді.

Ищанова Гүлмайра

10-сынып, Қобда гимназиясы,

Ақтөбе обл., Қобда ауд.

Жетекшісі: Муканова Шарипа Кулинтаевна

Ұлы Отан соғысына 71 жыл

Қазақ елі! Жасыл ел! Мәңгілік ел! Ұлы жол! Нұрлы жол! Болашаққа бастар жол! Қадірі мен қасиетіне бас иер даму жолына қол жеткізуге ұлт ұрпағы оңай келген жоқ.

Біз ұлы отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Барлығы жеңіс үшін күресті. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс-күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестетіп, газет-журнал материалдары немесе радиохабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері 71 жыл өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Сол кезде соғыс адамға не істетпеді десеңізші?! Соғыс туралы хабар қазақ халқына тарай салысымен, Қазақстанның ұл-қыздары соғыстың алғашқы күндерінен қолдарына қару алды. Отан алдарында өз борыштарын өтеп, өз еркімен майдан даласына аттанды. Қазақстан еңбекшілері тылда «Бәрі де жеңіс үшін!» деген үндеумен маңдай терлерін төге, күн-түн демей жұмыс істеді, сөйтіп жеңіске өз үлестерін қосты. Жауынгерлер қыс-жаз демей соғысты. Фашистер аштықтан, суықтан қалжыраған қала халқы өздігінен беріледі деп ойлады. Немістер қаланы күн сайын бомбалап, қаладағы жарық, жылу, су жүйесін бүлдірді. 1944 жылы ғана жау қоршауды бұзып, фашист әскерлері қаладан қуып тасталды. Қазақстандық 310-314 атқыштар дивизиялары Ленинград үшін болған шайқаста басынан аяғына дейін қатысты. Шығыстың әйгілі қос жұлдызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Олардың ерліктері тарихқа өшпестей із қалдырды.

Сонымен қатар кеудесімен жау пулеметін жауып, Отан үшін жанын қиған Сұлтан Баймағанбетов сияқты батырларымыздың ерлігі ешқашан да ұмытылмақ емес. Әлия Молдағұлова Қобда ауданының атағын мәртебелі еткен батыр. Ол халықты: «Отан үшін алға!» - деп рухтандырып, жауға қарсы ұмтылды. Жаудың бораған оғына қарамастан, қыстаққа бәрінен бұрын кіріп, бірнеше жаудың көзін жояды. Әлия батыр қызымыз соғыс жылдары ірі-ірі шайқастарға қатысып, мергендігімен аты шықты. Ержүрек, мерген қыз 20-ға да толмаған қыршын жасында жау оғынан көз жұмды. Аянышты жағдай... 2015 жылы Әлия Молдағұлованың 90 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде ұйымдастырылып, туған жері Қобда ауылында ерекше тойланды.

Бұл соғысты тарихтан оқып отырып, көзіңе еріксіз жас келеді. Себебі

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қаншама қанды төгістер, қыстыгүні аппақ қардың қып-қызыл қанға боялуы жан-дүниенді егілтеді.

Дегенмен, 1945 жылы Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам - опасыз, оңбаған адам» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізде мақтаныш ұялтады. Қариялар, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл асып азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн- Жеңіс күні!

Жеңіс күні жасасын,
Туымың мәңгі қалықтасын!
Ата-баба қасиеті
Өшпесін қалған іздері!

Бүгінде 2016 жылы Ұлы Отан соғысына 71 жыл толғалы отыр. Біз, қазір бақытты ғұмыр кешудеміз. Қазақстан күннен-күнге өркендеп, дамыған мемлекеттердің құрамына қосылуда. Ақтөбе облысы, Қобда ауданында Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіспен оралған соғыс ардагерлері жетерлік. Олардың саны аз болса да, біз сол батырларымызбен мақтанамыз. Олардың соғыс майданындағы қанды төгістер көз алдарынан кетпейді деп ойлаймын. Оларға да қиын ғой. Кім болмасын, кішкене ғана қиыншылықты басынан кешсе, өмірі ұмытылмайды. Дегенмен, бүгінгі күнге жеткендеріне, өмірлеріне олар дән риза. Біз 9 мамырда Ұлы Отан соғысының жеңісін жыл сайын мақтанышпен тойлаймыз. Ол – заңдылық!

Мен қазақ болып туылғаныма, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаныма еш байлықты тең көрмеймін. Әрбір қазақ тәуелсіз және тәуелсіз елдің патриоты. Жеңіс күні жаңғырсын! Жеңістің 71 жылдығы жасасын! Тәуелсіздік жасасын! Міңгілік Ел жасасын!

Қайрат Асау

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Қазақ тумысынан батыр халық

Алғашқы күннен бастап 1945 жылдың мамыр айы бұрын-соңды болмаған нұрын төкті. Ел жұрт табиғат шуағына шомылды. Нұрына бөленді. Адамдар бетінен жылылық, жайдарылық, күлкі сезіледі. Өйткені «Қызыл армия Берлинге кірді» деген хабар лезде бүкіл елге тарады. Сондықтар 1418 күнге созылған қанды қырғынның жеңіспен аяқталар сәтін ақ шашты ана да, белі бүгілген қарт та, майданда қанды қырғынды белшесінен кешкен жауынгерлер де, олардың елде қалған балалары мен іні-қарындастары да, екі көзі төрт болып күткен арулар да аңсады, армандап асыға күтті.

Сол күн туды. 9 мамыр - Жеңіс күні, ұлы мейрам деп жарияланды. Жеңіс күні деп бүкіл әлемге паш етті. Халық сол хабарды естіген сәттен бастап, бұған дейін тұла бойынды тітіреткен «соғыс» деген улы жыландай суық сөзден мәңгілікке құтылғандай сезінді. «Бейкүнә жандардың қаны енді төгілмейтін болар» деп шүкіршілік етті. «Өткенге салауат, қалғанға берекет бергей» тәуба, тәуба деп сабасына түсті. Сабыр сақтады. Сақтамасқа не шара? Болары болды.

Иә, бүкіл жұмыр жерді шарпыған екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туған селкеу ұрпақ биыл 75-ке келеді. Жеңіс, Тыныштық есімді балалар соғыс жаңғырығын көрмесе де, оның ауырпалығын балғын жүректері сезіп өсті. Неміс басқыншылары басынан бақайшығына дейін қаруылы болғанымен, Кеңес мемлекетінің жалаңаш қызыл қаруы - патриоттық ұлы рухы оған тайсалмай қарсы шықты. Миллиондаған денелер майдан далаларында туралып жатса да, өрттей өршеленіп, екінші бір толқын бой көтеріп жатты. Соғыс комбайыны еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейін қомағайланып жұтып жатты. Соғыс мынау орыс, мынау хохол, мынау қазақ деп ұлтқа бөлінген жоқ. Алып майданда сан қилы ұлт өкілдері қол ұстасып, қоян – қолтық соғысқа қарсы соғысты. Ажалмен бетпе- бет келген адамның қорықпауы мүмкін емес. Бар- жоғы бір- ақ рет берілетін өмірін кімнің өз еркімен қиғысы келсін, бәрі бос сөз. Рас қорқа жүріп, ерік- жігерінді жанып, бойдағы қорқыныш сезімін басу оңай емес. Қиын да болса, солай етуге өзінді- өзің көндіресің. Бұл - Отан алдындағы, халқың мен отбасыңның алдындағы азаматтық парызыңды, қала берді үлкен жауапкершілікті сезінуден туатын батылдық.

Соғыста басты ауыртпалық қатардағы жауынгерге, сарбаздың иығына түседі. Жеңіс те соның қолымен жүзеге асады. Қарттардың, сәбилердің қынадай қырылуы олардың кеудесінде кек отын тұтандырды. Соғысты,

фашизмді олар жек көрді. Міне осы кек, жек көру сезімі алапат күшке айналып, жеңіске әкелді. Бұл Кеңес мемлекетіндегі жүздеген ұлттың ортақ жеңісі еді. Бірақ соғыс біткенмен, оның салған жарасы әлі жазылмай келеді.

Қанды қырғында шайқасқан, Сұлтан Баймағанбетовтың дзотқа кеудесін алғашқы рет төсегені, Нүркен Әбдіровтің ұшағымен бірге бомба болып жарылғаны, шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүктің ерлермен қатар көрсеткен батырлығы, Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстахқа тұңғыш ту тігуі, тағы да басқа ержүрек батырлар есімі мен олар жасаған ерліктер ұрпақ жадында мәңгі сақталмақ. Себебі олар Жеңіс деп аталатын баға жетпес құндылықты бізге тарту етті ғой.

Қазақтардың ерлігі, батылдығы, батырлығы ертеден- ақ әлемге әйгілі. Қазақ даласын аралаған атақты саяхатшы Карпини «Бұл даланың халқы жау көрсе-ақ тарпа бас салады да, оқ жаудырады, қырып жоймай тынбайды. Мұны жұрт біліп қойсын» деп күнделік дәптеріне ескертпе жазған. Осы ескертпе орыс генералдарының санасына қатты сіңсе крек, қазақтарды 1812 жылы Наполеонға қарсы соғысқа, 1877-1878 жылғы орыс- түрік, 1905 жылы ресей-жапон соғысына қатыстырып, жауларына қарсы салған. Олар ерліктерімен көзге түскен марапатталған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр күндерінде И.Эренбург «Отан үшін» газетінде «...қазақтар кең далада атпен жүруге дағдыланған. Бірақ керек болса олар жер бауырлап, еңбектей біледі, жүгіре біледі, өрмелеп тауға шығады. Батпақтардан кешіп өтеді. Оларды ешнәрсе тоқтата алмайды.» деп баға береді. Шындығында екінші дүниінжүзілік соғыстың ең отты, ең қауіпті, ең шешуші Москва, Ленинград, Сталинград, Курск доғалары секілді қырғын шайқастарға Қазақстаннан жасақталған құрама дивизиялар салынды, Белоруссия, Украина мен Балтық бойын, Қырым мен Кавказды жаудан тазартты. Берлинді, Рейхстахты алуда да қазақстандықтар асқан ерлік көрсетті. «Тіпті Ресейдің тағдыры осы жолы шешіледі» деп Мәскеуге ұмтылған немістердің қарулы күшін тойтарған кім? Оларды қайта тұрмастай тұралатқан қазақстандықтар емес пе? Олардың ерлігі бүкіл әлемге әйгілі болған жоқ па? И.Эденбург айтқандай, оларға Ленинградтың батпағы да, солтүстіктің бораны да, Кавказ бен Қырымның, Балқанның таулары да тоқтау бола алмады. Қазақстан Кеңес Одағының басқа республикалармен салыстырғанда, Қызыл армияны соғыс қару- жарағымен, оқ- дәрімен жарақтандыруда, киім, тамақпен қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқаны үшін кезінде бірнеше рет Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің туларын жеңіп алды.

Жау жеңілді. Ақындар дәріптеп өлеңдер шығарып, жырына Жеңісті арқау етті. Солардың ішінде Әбділла Тәжібаевтың «Айтыңдаршы арманым не?» өлеңі әр адамның жүрек жарды қуанышын сездіргендей.

Ей жолдастар, замандастар!
Ата- аналар, балғын жастар!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жыршың болып саламын жар,
Шаттаныңдар, мақтаныңдар!
Той жасандар, дулатыңдар!
Жердің бетін шулатыңдар!
Шын қуаныш сән мен салтым,
Көрсетіңдер туған халқым!
Керек болса тойға ақсарбас
Қазақ па екен құрбан шалмас!
Бөгелмендер, таңқалмандар!
Құрбандыққа мені алып шал!
Жарай алсам бұл кәдеңе
Айтыңдаршы арманым не?

Ақ пейіл ақын жүрек жарды сөзін осылай жырлады.

Баға жетпес ерлікпен, ержүректілікпен келген Ұлы Жеңістің 71 жылдығы теуелсіз елдің 25 жылдық ширек ғасырлық тойымен тұспа- тұс келіп отыр. Жас ұрпақ, біздер, Ұлы Жеңістің бағасын қадір тұтуға, ерлер есімін ұлықтауға тиіспіз. Қыран бүркіті самғаған, Қазақстанның көгілдір аспанына қайғының қара бұлты үйірілмесе екен. Біздің ортақ мекеніміз Қазақстан дейтін алып Отанды ардагерлеріміздің үлгісімен қорғау ісіне әрқашанда дайын болып, намыс туын қашан да жоғары ұстайтынымызға сенімдімін. Қымбатты біздің ардагерлерге өмір, бейбітшілік және бостандық үшін істеген ерліктеріңізге рахмет, әлемге сіздер сыйлаған мереке –Ұлы Жеңіс күні құтты болсын дегім келеді.

Қалдыбай Мир-Ғалым

8- класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Қызғалдақ ғұмыр

Отан басына қауіп төнген қаһарлы соғыс жылдары елін-жерін қорғауға аттанып, мұз жастанып, қар кешкен ерлермен қатар сапқа тұрған қазақтың қайсар қызы азғантай әскери қызметінің өзінде бүкіл халқымыздың қанына тән қасиет танытып, ержүректілігімен, қайсарлығымен, алған бетінен қайтпас табандылығымен келешек ұрпаққа өнеге болатындай із қалдырды.

Ол - Кеңес Одағының Батыры. Көрінген ер шыдас бере алмайтын сұрапылда қан майданның қақ ортасында жүріп, таңдай қақтырар ерлік көрсеткен қыз. Жарты әлемге ықпалын жүргізіп келген Кеңес Одағының барлық ұлттарының бірнеше ұрпағына қайсарлықтың, жігерліліктің, отансүйгіштіктің өнегесі ретінде ұсынылып келген балғын қаһарман. Көшелерге, мектептерге, шаруашылық пен кәсіпорындарға, тіпті кемеге де есімі берілген, ерлігі туралы әндер, дастандар, кітаптар, мақалалар жазылған, сахналық қойылымдар қойылып, келбеті көптеген мүсіндірге, көркем суреттерге айналған адам. Жанкешті ерлігінен соң қазақтың аяулысына, аруақтысына айналып, есімін мыңдаған сәбилерге сыйлаған, өзінің тірі ескерткіштерін есепсіз көбейтіп кеткен қазақ қызы. Фәни дүниеде он тоғыз жасқа тола алмай кеткен бойжеткен үшін осының бәрі осал даңқ еместі.

Қазақ халқының мақтанышы, қазақ жерінің топырағында туған батыр қыз Әлияның туған жерінде, туған елінде оған арнап жылына бір кітап жазылса да аздық етпесі анық. Ақтөбенің топырағында дүниеге келген, сол ел-жұртын ерлігімен тәнті етіп, қызғалдақтай қысқа ғұмыр кешкен аяулы, ару қызымыз Әлия туралы бір толғанып, ол туралы Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында шығармама арқау еткім келді.

Батыр қыз Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылында 1925 жылы маусымның 15-де дүниеге келеді. Бұл- патшалы Ресейдің отары болып, езгіні көріп отырған, рухы қамаулы қазақтар еліне ақ пен қызыл болып жағаласқан дүрбелеңнің салып кеткен ойраны енді ғана бәсеңдеп, жұрт қосүрей күйде отырған кез еді. Әкесі Нұрмұханбет жаны сергек, қажырлы ер мінезді, намысшыл жігіт болса керек. Анасы Маржан Молдағұлова - мінезі өткір, аққұба, көзі аялы, ажарлы адам болған. Әлия анасына тартқан көрінеді.

Тағдыр Әлияны әуелі анасынан айырады. 1932 жылы әйгілі қолдан жасалған аштық кезінде анасы Маржан алты жасар Әлия мен үш жасар ұлы Бағдатты ертіп, Ақтөбе маңындағы Құрайлыға келіп жүргенде әлдебір бақша қарауылының кездейсоқ атқан оғынан қаза табады. Нұрмұханбет екі баласын Шағырлы ауылындағы қарындасы Қанышаның қолына береді. Ұлы Бағдат

көп ұзамай осы ауылда шетінейді де, сегіз жасар Әлияны әкесі енді нағашы ағасына- Әбубәкір Молдағұловтың қолына тапсырады. Әлия нағашысы Әбубәкірдің тәрбиесінде болады. Нағашысы жұмыс бабымен Мәскеуге көшіп барады, Әлия осындағы №163 мектепке қабылданады. Кейін нағашысы оқыған Әскери академия Ленинградқа ауысады да, көшуге мәжбүр болады. Әлия Ленинградта балалар үйіне орналастырылады да, №140 мектепте оқиды. Әлия өз ата- тегіне емес, нағашысының фамилиясына жазылуының себебі қарапайым сияқты, көзі ашық қолы ұзындау Әбубәкір жиенінің құжатын қалаға, өз қолына келген соң әзірлетсе керек.

Әлия озат оқушы ғана емес, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүреді. Әлияның мақсаты ұшқыш болу еді. Ұшқыш емес, ұшуды қамтамасыз ету маманын дайындайтын бөлімге қабылданған Әлия мақсатқа жетпей қоймайтын мінезге сайған- қалалық комиссариатқа үздіксіз жазған өтініштері ақыры қабылданып, Қызыл Армия қатарына алынады. Оны соғысқа сонша құлшынтқан не? Әділетсіздікке, қараулыққа, зұлымдыққа төзе алмайтын мінезі, өмірдің жалпы адами ережесімен келісе алмайтын рухы болар.

Соғысқа баруға өтінішті Әлия 1941 жылы маусымның 22-сі күні суық хабар жарияланған күні жазыпты. 1942 жылы Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің бастамасымен мергендер әзірлейтін Орталық әйелдер курсы ашылады, кейін ол мектепке айналады. Әлия осы мектепке қабылданады. «Оны қабылдағысы келмеп еді- бой аласа, өзі нәзік әрі өте жас дескен. Лия қасарысып алып, ақыры дегеніне жетті», - дейді Әлиямен бірге оқыған құрбысы. Мергендер мектебінде де Әлия үздіктердің бірі болды. Бар арманы жаумен соғысу болған өжет қыз қарысып отырып, дегеніне жетті- майданға аттанды. «Ол өзіне өте қатал қарады, ол өзін ерлікке дайындап еді, дегені болды»- деп жазады кейін майдандастарының бірі. Сол расқа шықты.

Майдан даласында қаршадай қыз ерліктің асқан үлгісін көрсетті. Ерліктің үлгісін неше мәрте көрсеткен Әлия 1944 жылы 14 қаңтарда Казачиха селосы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапты. Оның соңғы ұраны ана тілінде тасталған. «Алға, бауырлар, Отан үшін алға!» «Ол батальонды ғана емес, бүкіл дивизияны үлкен қатерден сақтап қалды», - дейді Әлияның командирлері. Қандай аяулы тағдыр! Қандай ажарлы Тағдыр!

Әлия туған ауылға ат басын тіреген кім болса да, өз халқының атын шығарған қаршадай қазақ қызының жарық дүниеге шыр еткен жерін, елін көргенде бір тебіреніп, оның аяулы алтын бесігін көргендей бір жасап қалады. Әлияның өшпес ерлігі кейде болуға тиіс заңдылық сияқты көрінеді. Себебі, ол - талай батырларды, билерді күллі қазақ халқына ортақ ұлы тұлғаларды тудырған киелі, аруақты өлкенің өркені. Қарақыпшақ Қобыланды жайлаған, соның зираты, рухы қалған Қобда өңірі ғана емес, күллі Ақтөбе өңірі - Мөңке, Әйтеке, Әжібай сияқты даналардың, Есет, Бөкенбай, Абат сынды аруақты ерлердің, Бопай, Ботагөз ару сияқты даңқты қыздардың

мекені. Ендеше Әлияның рухында, ерлігінде тарихи әрі табиғи құнардан келе жатқан күдірет бар. Қазақтың барлық ардақтылары мен аяулылары сияқты Әлияның есімі де тәуелсіз Отанның тамаша болашағына беттеген жас ұрпақтың және бір жарқын құбылнамасы, аяулы өнегесі ретінде халықпен бірге жасай береді.

Әлияның есімін Жанна Д'Аркпен қатар қоюға болар еді. Дәл сондай тарихи жағдайда, дәл сол сияқты сын сағатта француздардың киелісі саналып келе жатқан қыздың ерлігін Әлия да қайталарына шүбә жоқ. Себебі рухтың жаратылысы бір, ал сын сәттегі ерліктің үлкен- кішісі болмайды. Мәселе істелген ерліктің маңызында емес, істеген рухтың табиғатында жатыр. Ал әріге бармай, өз тұстастарымен санап салыстырсақ, Әлия- Бауыржан Момышұлы сияқты есімімен ел біріктірген, өз ұлтының меншікті «Меніне» айналып келген Перизат.

Қазақ атаулының оны ерекше қастерлеп, есімін аялап айтатыны содан. Оның қысқа ғұмыры мағынаға толы. Он тоғыз жылға жетіңкіремейтін уақыт аясына бірнеше кісінің тек ғана мағыналы өткен күндерін әкеп, сығымдап қойғандай. Оның аяулы тағдыры өз ұлтының тағдырының кішірейтілген символы сияқты. Әлия, оның гүлдің ғұмырындай қысқа өмірі мен ұлтының тағдырын қалдықсыз қайталағандай тағдыры, қапасқа қамаулы рухтың бір-ақ сәтте жарқ еткеніне ұқсас ерлігі, біз үшін әлі де жұмбақтау болмысы өзіміз табынып отырған даңқтың дәстүрлі аясынан асыңқырап, біз күні бүгінге дейін елеңкіремей келген, кең Іәм терең мағына- мазмұнға ие екенін аңғарсақ, енді аңғарып жатырмыз.

Қалиева Ардак

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

ҰОС жылдарында ерен еңбектің үлгісін көрсеткен ақтөбелік әйелдер

Совет әйелдері теңдесі жоқ табандылық пен еңбек қаһармандығын көрсетті... Коммунистер дұшпанға қарсы күрестің ең қиын және шешуші учаскелерінде болды. Олар өз басының өнегесімен, жалынды партиялық сөзімен совет адамдарын жігерлендіріп, жеңіске бастады» /КПСС ОК-нің «Совет халқының 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы қаулысынан/.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Кеңес Одағындағы барша еңбекшілер сияқты ақтөбеліктер де еліміздің әскери және өндірістік қуатын молайту мен билеуші партия талаптарын орындауға жұмыла кірісе бастады. Қалалар, кішігірім елді мекендер мен кәсіпорындарда халықтық митингілер өткізіліп, көп ұзамай шаруашылықтағы маңызды нысандардың жұмысын соғыстық экономикаға бейімдеу жұмыстары қолға алынды. Неміс басқыншыларының батыстағы жойқын шабуылдарынан кейін Кеңес билігі өз үндеулерінде барлық тұрғындар үшін алдағы ауыр кезеңдердің тұрғандығын және оны жеңіп шығуда көпұлтты халықтың жұмылуы керектігін жеткізді. Республика экономикасын соғыс мүддесіне бағындыра қайта құру ісі Кеңес Одағының батыс өңірінен көшіріліп әкелінген кәсіпорындарды орналастыру жұмыстарымен қатар жүрді. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан экономикалық жағынан маңызды әрі қуатты аудандардың қатарына жатқызылды.

Соғыстың жаңғырығы алыстаған сайын сол жылдардағы өнегелі істер туралы көпшілігіміз арамызда жүрген қарияларымыздан білудеміз. Ақтөбелік тыл ардагерлерінің естеліктерінен жастық шағын еңбекке арнап, олардың ерте есейгендігі жөнінде жарық көріп жатқан газет мақалаларына да оқып, біліп жатырмыз. Сын сағатында қорқыныш пен үрейді жеңе отырып, қайсарлық пен төзімділікті бойына жинаған, білекті сыбанған аға буын өкілдерінің қазіргі ұрпаққа айтары мол. Таңның атысынан қара кешке дейін еңбек еткен тыл ардагерлеріне бүгінгі ұрпақ шексіз риза. Майдан даласындағы әскери құрамаларға демеу болған күш-тылдағы ерен еңбек үлгісін көрсеткен жандар болып табылады. Сол жылдары барлық қазақстандықтарға -кәріге де, жасқа да, еркек болсын, әйел болсын, барлығына қажырлы еңбек ете отырып, ұйымшылдық, тәртіптілік пен қырағы болу талаптары қойылды.

Соғыстың басталуымен батыстағы өнеркәсіп ошақтары көшіріліп, майдан даласына жақын жерге орналасқан мүліктер мен тұрғындар Қазақстанға әкеліне бастады. Бүгінде мұражайдың қорында сұрапыл соғыс жылдарында Ақтөбе жеріне кәсіпорындарды орналастыру мен эвакуацияланған тұрғындарды қоныстандыру жұмыстарының жүргізілгендігі жөнінде деректер сақтаулы. Онда атқарылып жатқан жұмыстар Ақтөбе облыстық партия комитеті мен жергілікті атқару билігінің тікелей назарында болып, шұғыл шешімдері шығып жатқан жұмыстардың орындалу барысымен оқып танысуға болады. Сарғайған құжаттарда сұрапыл соғыс жылдары ерлердің орындарын басқан ақтөбелік әйелдер туралы қызықты мәліметтер кездеседі. Қиыншылықтарға қарамай ерлердің орнын басқан әйелдер түрлі мамандықтарды меңгеріп шықты. Мысалға, қолда бар деректерге сүйенсек 1943 жылға қарай облыс бойынша екі мыңға жуық қыз-келіншектер мамандану курстарынан өтіп, тылдағы қызу еңбекке араласқан. Қаһарлы соғыс жылдарында өнеркәсіп орындары, мекемелер, колхоздар, МТС мен ұйымдарға әйелдер қызметке көптеп тартыла бастады. Жетіспей жатқан басқарудағы кадр мәселесін шешуде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанынан құрылған әйелдер жұмыстары жөніндегі бөлім ерекше қолдау көрсете білген. Әр жылдары облыстағы іргелі кәсіпорындар мен шаруашылықтарда қызмет еткен Т. Мұхаметдинова, Ч. Кудлинская, С. Бижанова, В. Дурова, З. Сейтқұлова, К. Ирманова, Е. Смелик, Низимбетова, Сулейменова, Ишмухамедова және басқалары білікті басқарушылар есебінде танылды. 1943 жылғы дерек бойынша облыста 297 әйел мал фермаларының меңгерушілері, 280 әйел басқарма басшылары, 201 әйел звено басшылары, 63 әйел дала бригадаларының бригадирлері, 77 әйел шаруашылық бойынша колхоз төрағаларының орынбасарлары болып жұмыс жасаған. Аудандарда басшылықтағы әйелдердің қатарында Ключевой ауданынан Мұхамбетова, Новоресей ауданынан Сүлейменова, Темір ауданынан Армағанбетова сынды ауылдық кеңестік басшылары үлкен ұжымның жұмыстарын дұрыс жолға қоя білді. Қарабұтақ ауданына қарасты «Қияқты» шаруашылық артеліндегі Қырмызы Пірімбетова жылдар бойы тауарлы-сүт фермасының жағдайын жақсы білуімен табысты көрсеткіштерді қамтамасыз етіп келген. 1941 жылдың аяқталуына байланысты өткізілген еңбек екпінділері -стахановшылардың Ақтөбе облыстық жиылысында облыс пен қала бойынша «Казпук», «Образец», «Красный минерал», Жамбыл атындағы артель ұжымы жоспардан тыс 358 мың сомның өнімін дайындады. Осы ұжымдардан қалыспай «Новый труд», «Промышленник», «Красный восток», Микоян атындағы артельдер жылдық жоспарларын толық орындап шықты. Облыс және қаладағы үй шаруасындағы әйелдер артельдердің қызметіне тартылып, жаңа кәсіп түрлерін меңгеріп алды. Жалпы алғанда, артель жұмысшыларының қатарындағы екіжүздіктердің саны 300 адамға дейін жетті. Мысалға, «Образец» өндірістік артелі 1943 жылдың жылдық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жоспарын қараша айының басында толық орындап бітірген. Артельде 138 әйел қызмет етсе, соның 105 стахановшылардың қатарына енді. Тағы да бір мысал, осы ұжымда еңбек етіп жатқан Борисова өндірістік жоспарды 240 пайызға орындаса, ұжым мүшесі Петрович 335 пайызға дейін жеткізеді. 1942 жылғы дерек бойынша облыс бойынша соғыстың алғашқы күнінен бастап 347 әйел жаңа мамандықтарды меңгеріп шыққан. Бұнымен қоса 420 әйел слесарь, токарь, машинистердің көмекшісі, турбиналық машина шеберлері, балқытушылар, пеш жағушылар, телефонисткалар, электромонтерлар, ұсталар, дәнекерлеушілер, теміржолдағы бағыттаушылар, экспедиторлар, өрт сөндірушілер және басқа да ер азаматтардың мамандықтарын игере бастады. Соғыс жылдарында мемлекет үшін маңызды өндіріс ошақтарында да әйелдер абыройлы еңбек етіп, майдандағы армияны үздіксіз қажетті өнімдермен қамтамасыз етіп келді. Тылдағы кәсіпорындардың майдан үшін толассыз қызмет көрсетуі маман кадрларды дайындау жұмыстарына тікелей байланысты болатын. Ақтөбелік әйелдер де мамандықтарын жетілдіре, үйрене жүріп, цехтардағы станоктарда, лабогрейкаларда, домна пештерінің бойында жүріп, тәжірибе жинақтай бастады. Мысалы, С. М. Киров атындағы Ақтөбе химия комбинатында ерлерден кем түспеген 22 әйел өндірістік үрдістерге тікелей араласып, негізгі өндірістік цехтардағы Вера Лысенко, Клавдия Жирякова, Рубцова, Сташенина сияқты комсомол жастар комбинат мақтанышына айналады.

27 миллион адамның өмірін жалмаған, мыңдаған қалалар мен деревняларды күл- қоқыстың үйіндісіне айналдырған алапат соғыстың аяқталғанына да биыл 71 жыл толды. Тарих үшін көзді ашып- жұмғандай уақыт болғанмен адам өмірі үшін Ұлы Отан соғысының басталғанына 75 жыл болған уақыт, әрине аз емес. Солай бола тұрса да сұрапыл нәубеттің тылдағы көріністері күні кешегідей көз алдыма елестейді. Соғыс жылдарында тылда күні- түні көз ілместен Жеңіс үшін, Отан үшін деп еңбек еткен, қайран біздің аналар! Сіздердің ауыр еңбектеріңіз Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Сіздердің қайсарлықтарыңыз бізге қашанда үлгі, өнеге болары сөзсіз. Енді соғыс болмасын, аналардың көзінің жасы төгіліп, ауыр еңбектен қажымасын.

Қарасаева Аружан

8 сынып, АОМФММИ, Ақтөбе қаласы

Жетекшісі: Өтеп Гүлден Әкімбайқызы

Өшпес ерлік, өлмес мұра

Соғыс...Соғыс...Соғыс...

Жойылсын жалғыз сөз «соғыс» деген,

Оқ даусы мәңгілік жойылсын.

Бомбаның орнын тегістеген,

Күректер музейге қойылсын.

Кел, достарым, ән бастадым.

Көтеріп жаңғырық!

Данасын дала, баласын ана,

Жоқтамасын мәңгілік!

Иә, «соғыс» тәңірі-ауыр зеңбіректердің дауысы күндей күркіреген күндердің бірі. «Соғыс» деген сөзді естігенде, тұла бойың түршігіп, қорқыныш сезімі билейді. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қаншама жанның өмірін қиды, қаншама отбасы ер жігіттерінен айырылып, қара жамылды десеңізші?! Сол соғыс қаншама бүлдіршінді жетім қалдырды. Елді жоқшылық, аштық жайлады. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Олар бейбіт өмір үшін қасық қандары қалғанша күресті. Қайғыны білмесін ана жаны, қазіргі адамда арман сол. Әлемнің бар сәби балалары оянсын ұйқысы қанған соң. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, барлық Кеңес Одағындағы елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысқан. Бұл - біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын болатын. Соғысты бірінші басып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941 жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды деседі. Сойқан сұрапыл соғыста он сегіз жасқа енді толған өрімдей жас бозбала мен елуге жеткен егде ер азаматтар қолына қару алып, Отанды қорғау үшін майданға аттанды емес пе? Бой түзеп қыз дәуренін қызықтайтын шақта жерлес бойжеткендеріміз Әлия мен Мәншүк белдеріне қару асынып, ер-азаматтар басын тіге бермейтін «батырлықты» көрсетті. Шығыстың қос шынарынан басқа да ерлік көрсеткені қаншама? Соғыста миллиондаған адамдар мерт болды, миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман мен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз соғыстан

кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кино туындыларынан ғана білеміз. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Соғыс сан миллион адамның өмірін қиды десеңізші. Адам қолымен тұрғызылған әсем қалаларды тау-тау үйіндіге айналдырды. Сан мыңдаған зұлымдықтардың неше түрін, азап пен айуандықтың атасын көрді емес пе? Адамшылық пен аяушылық аяқ астына тапталды. Тағдырлар ойран болып, шаңырақтар құлады. Ауыл күлге айналып, бүтін қаланың қабырғасы күйреді. Тылдағылар «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен ұйқысыз түндерді бастан өткерді. «Отан үшін!» деп ұрандап, қидаласқан шайқасқа кірді. Жан алып жан беріскен ұрыстың қақ ортасында «Біздің ісіміз әділ, біз жеңеміз!» деген үміт- сеніммен майдандасты. Дұшпандарға оғын қарша боратты. Кеңестер Одағының халқы «Отанымыздың жүрегі» деп санаған Мәскеу үшін шайқаста қазақстандықтардың үлесі көп болды. Бір сүйем жерді де жауға берген жоқ. Дегенмен соғыс әкелген жетімдіктің көз жасын әлі тыя алмай жүрген бала, немере бар. Бірі жасы жетпістен асса да әкесін іздеп, бірі жасы қырыққа келсе де көрмеген атасын аңсап өксиді. Осы 1941-1945 жылдардағы соғыста миллиондап қырылған жауынгерлердің қанымен келген Жеңістің құны онсыз да қасіреттен көз ашпаған қазақтар үшін өте қымбат. Жыл сайын Жеңіс мейрамы жақындаған сайын «Менің атасыз, әкемнің әкесіз өскеніне кім кінәлі?» деген сауалдың санаңды мазалайтыны тағы бар. Оған сөз жоқ, соғыс себепкер. Ал, соғысты кімдер бастады, не үшін бастайды? Жеңіс таңын ұрыс даласында қарсы алған майдангерлердің соғыс салған жарақаттан мүгедек атанып, төсек тартып жатқандары да аз емес. Осы орайда, Ә.Сәрсенбаевтың мына өлең жолдары еске түседі:

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ.
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.

Иә, бұның бәрі де соғыс салған өрт еді, соғыстан жұққан дерт еді.. Қидаласқан қан майдан ұрыс өткен жерлердің әр талы мен бұтасы, орманы мен көлі, тау мен тасында әлі соғыстың азалы үні ызыңдап, соғысты көзбен көрген қариялар шерлі шежіресін шертеді.

Жеңіс, Жеңіс туы.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл-71 жыл! Бұл бір адамның тұтас өмірі. Қарт кісінің ғұмыр жасы. Жеңіс күні- бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Біз үшін ұлы мереке.

Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!

Жеңіс таңы атты. Бейбіт өмірдің дәнін егіп, дәмін татқанына тура 71 жыл.

Сол соғыста қыршынынан қиылған боздақтарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ мәңгіге борыштармыз. Оқ пен оттан тірі шыққан, елге аман оралған асыл сүйекті ардагерлеріміздің қатары да күн өткен сайын азайып барады. Ол ардагерлерімізге өкіметіміз бен жергілікті басшылар тарапынан жасалып жатқан жақсылықтар да аз емес. Әр майдан және тыл ардагерлеріне қанша құрмет көрсетсек те көптік етпейді, Отан алдындағы борышын артығымен өтеген ақсақалдардың өмірі мен өнегесі жас ұрпаққа тағылым болары сөзсіз. Ерлік пен еңбектің өтеуі- елдік құрмет!

Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешқайсымыз ешқашан ұмытпаймыз. Бұлар- біздің мақтанышымыз. Олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың рухына бас иіп, олардың ерлігіне тағзым ету-кейінгі буынның азаматтық парызы. Сол майданда біздің аталарымыз, әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті - деп бар әлемге бар дауысымен жар сала аламын. «Ешкімді де, ештеңе де ұмытылмайды!» Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі, болашағы жақсы болса екен деп тілеймін. Әр қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз, мемлекетіміз өркендеп өсе берсін! Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін, ағайын!

9 мамыр-бүкіл халықтың батырлығы күні. Әр жас ұрпақтың жүрегі:

Әрқашан күн сөнбесін!
Аспаннан бұлт төнбесін,
Қасымда болсын Анам!
Болайын мен де аман!

- деп соғады, әндетеді.

Қуаныш Ақнұр

9 класс, №5 орта мектебі

Қандыағаш қаласы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Қдыралиева Гала Қалниязқызы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Ұлы ұран тау қырандай саңқылдады,
Дабысын ұлан-байтақ ел тыңдады.
Сонау алыс ғасырлар түкпірінен
Түсі суық найзалар жарқылдады.
Қасым Аманжолов

Міне, уақыт өте келе сұм ажалымен жалмаған соғысқа қарсы отан үшін күреске шығып ерлік көрсеткен бабаларымыздың нәтижесінде биыл Ұлы Отан соғысының жеңісті күндерін жетпіс бірінші рет атап өткелі отырмыз. Дегемен, азаттық пен бейбіт өмірді тарту еткен осынау Ұлы Жеңістің оңайлықпен келе қоймағанын еске түсірсек. Сол кездегі кеңес халқы ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ете отырып, соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізді, ерліктің сан үлгісін көрсетті. Сонымен қатар өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасында, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары бүгінгі күніміздің кепілі болғанды. Әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздарды атап өтпесек болмасты. Ұлы Жеңіс күні өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы Ұлы Отан соғысын алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін, туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз де ұмытпаймыз, тарих та ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанталас соғысып жатты. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын қаруға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан бірнеше миллион адам соғысқа аттандырылған-ды. Отанға деген ыстық сүйіспеншіліктерінің жалынымен майдан даласына аттанған талай қазақ боздақтары сол арпалыста оралмастан қыршынынан қиылды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты... Қаншама жас боздақтар оралмай қалды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен... Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге қаншама миллион адамның өмірін алып кетті. Қаншама миллион адамды ажал құштырды, қаншама адамның болашағына балта шапты. Талай ғасырлар бойы жасалған

материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті.

...Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер

Жеңіс... Арман болған, Жеңіс! Иә, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып армандары орындалды. Әйткенмен, ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында да Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала ата-анасын жоғалтып жетім атанды. Ал, тылда қалған қарт аналар бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы қасіретін арқалай жүріп тынбай еңбек етті. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз! Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мына өлең шумағымен аяқтасам деймін:

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Құдабай Қаламқас

11-сынып, №8 жалпы орта білім беретін мектеп
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы
Жетекшісі: Мәмбетова Злиха Нұрадинқызы

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам...

Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!
Қасым Аманжолов

Мен әр таңды қуана қарсы аламын, әр таң сайын бақытқа бөленіп оянамын,
әр атқан таң мені асқақ армандарға бөлейді, өйткені мен - тәуелсіздіктің ақ
таңын, нұрлы таңын қарсы алып отырған бақытты жас ұрпақпын, батыр
бабаларымның бақытты ұрпағымын.

Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді жатармын мен қырда қымтап,

- деп Қасым Аманжолов атамыз бұл өлең жолдарын бізге, дәлірек айтсақ,
бейбіт заманның жастарына арнаған секілді. Кең байтақ жеріміз бар,
атамекеніміз, адал ниетті, ақ жүректі еліміз бар біздер - расымен де,
бақыттымыз. «Ұлтарақтай болса да, ата-қоныс жер қымбат, ат төбеліндей
болса да, туып өскен ел қымбат», демекші ұлы даламыздың қадірін ерекше
түсінген ата-бабаларымыз туған жер тарландарының бақытты таңы үшін ерен
ерлік көрсетті. Осылайша сан ғасырлық тарихты бастан кешірген халқымыз
тәуелсіздікке қол жеткізді.

Жері-байтақ, елі-адал, ғажап-ақ,
Кім десеңіз, қазақ дер ем саралап.
Қасиетті қазақ қаны бұйырған,
Нұрсұлтандай билік еткен азамат.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазіргі бейбіт еліміздің көреген көшбасшысы - Нұрсұлтандай қазақтың бағына бұйырған азаматы. Президентіміздің саналы саясатының нәтижесінде еліміз талай асулардан асты, небір белестерді бағындырды. «Өткенді білмей, болашақты болжау қиын» демекші, тарихымызды ұлықтадық, алға нық қадам бастық. Тәуелсіздіктің шежіресіне үңілдік.

Әрине, тәуелсіздік біздің қолға оңайлықпен келмеді. Түрлі сатылардан тұратын қиын кезеңдерді бастан кешірген еліміз өз кезегінде Ұлы Отан соғысының дауылына да қарсы тұра білді.

Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрпаққа үлгі болындар,
Заманымның өрнегі.

Жыр алыбы Жамбыл атамыздың осынау өлең жолдары қан майдандағы өр рухты жауынгерлердің ұранына айналды. Тарихымыздан ерекше орын алатын соғыс шарпуы еліміздің бетін қайтара алмады. Кеңес Одағына қарсы Неміс фашистерінің соғыс ашуы Ұлы Отан соғысының басталуына түрткі болды. Халқымыздың ол кезеңдегі төзімділігі, қайтпас қайсарлығы, өр рухы батырларымызды жеңіске жетеледі. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Ұлы даланың ұлы жеңісіне батыр бабаларымыз өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Жеңеміз! Жеңіс - совет адамы аты.
Біздерміз азат етер адамзатты.
Сенемін Партияма, ер халқыма,
Қандай күш бұл дүниеде одан артты?!

-деп Сырбай Мәуленов жырлағанындай ақыр соңында жеңіс туын желбіретті. Қан төгіс майдандағы Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов, Абдолла Жұмағалиев, Рақымжан Қошқарбаев сынды қазақтың маңдайына біткен батырлары мұнымен тоқтамайды. Әлия мен Мәншүк қыздарымыз майдан төрінде кеудесін оққа тосу арқылы қазақ қыздарының керемет өжеттілігін күллі әлемге әйгілі етті, біздерге үлгі ете білді. Аты аталмаса да, жеңіске үшін жанын пиде еткен қас батырларымыз жетерлік.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар...

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Әрине, Ұлы Отан соғысының ауыр зардабын тартқан майдангер қарияларымыз мен ардагерлерімізге менің алғысым - шексіз. Күллі қазақ жастары ерлеріміздің алдында басын иеді. Ерлердің ерен ерлігі-халық жүрегінде. Себебі, ер есімі ел есінде мәңгі болмақ!

Ержүрек бабаларымыз бізге өз істері арқылы мәңгілік мұра қалдырды, қымбат сый жасады және оны бізге аманаттады. «Өзін-өзі білген ер бақытты, өзін-өзі билеген ел бақытты», дегендей бізге елдігімізді тарту етті. Соның нәтижесінде біз ұлы жеңісіміздің жетпіс бір жылдық мерейтойын тойлағалы отырмыз. Иә, мен - бақыттымын, тәуелсіз қазақ елінің азаматымын, туған елімнің патриотымын. Мен де бабаларым әкелген жеңісті қорғай білуім керек. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деп Абай атам айтқандай, мен де елімнің көркеюіне, дамуына үлес қосуды мақсат етемін, міндетім деп есептеймін. Қазақстанның бар жастары жеңісімізді, елдігімізді, тәуелсіздігімізді қадірлесе екен деймін.

Не істемекпін алтын, гаухар, жақұтты,
Оларды іздеп өткізбеймін уақытты.
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,
Туған елім болса екен бақытты.

Мұқағали Мақатаевтың осы өлеңін ұран етсе екен деймін. Сонда ғана біздің жеңісіміз мәңгі, тәуелсіздігіміздің әр таңы мәнді болмақ. Қасым Аманжолов сияқты барша қазақ жылап келіп уанған, алғаш көріп қуанған, аналар жаспен суарған, аталар қолға ту алған қасиетті даламыздың қадірі арта түспек!

Кустуртова Карина

5класс Ақсай негізгі мектебі
Қобда ауданы Ақтөбе облысы
Жетекшісі: Шинибекова Г.Ж.

Ерлікке тағзым

Мен мектеп табалдырығын аттағаннан бері алғашқы ұстаздарымның аузынан бейбіт өмір, тыныштық, бейбітшілік деген сөздерді естідім. Осы сөздердің терең мағынасын өсе келе білім алу барысында ұқтым. 9 мамыр қандай мереке екенін түсіндім. Бастауыш сыныптарда ана тілі пәнінен, жоғары сыныптарда тарих пәнінен ұлы отан соғысы туралы білдім. Соғыс деген сөздің өзі жан түршіктіреді екен. Бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған ұлы отан соғысында жанын пидә еткен қаншама аға апаларымды білдім және білемін.

Ұлы Отан соғысы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Иә, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ кеңес халқы жан-тәнімен отанды қорғады. Әрбір село, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып армандары орындалды. Бірақ бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында да Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала әке - шешесін жоғалтып түл жетім атанды.

Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама әйелдер мен балалар айуандықпен азапталып өлтірілді. Ал, тылда қалған қарт аналардың бесіктен белі шықпай жатып балалары соғыстың қайғы қасіретін арқалай жүріп еңбек етті.

Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті. Ұлы отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды.

Төрт жыл, 1428 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Сол кездегі кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

косты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін жетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымда, Прибалтиканы азат етті.

Ұлы отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас қалмады.

500-ден астам жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес одағының батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдындағы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан халқы сан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартты. Эвакуацияланған завод фабрикалар Қазақстанға көшірілді.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болды. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастады. Арыға бармай ақ кешегі Ұлы отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал қайсар апамыз, жерлес апамыз - Әлия Молдағұлова.

Казачиха деревнясын жаудан азат ету тапсырылғанда, Әлия апамыз ұран тастап жауынгерлерді шабуылға көтерді. Деревня жаудан толық азат етілді. Сол ұрыста Әлия Молдағұлова апамыз ерлікпен қаза тапты.

Бұл 1944 жылдың 14 қаңтары еді. Жас қыз өз ерлігімен өз батальоның ғана емес, бүкіл бюригаданы жаудан құтқарып қалды. Әлия смердль өзенінің жағалауына жерленді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылы 4 маусымдағы жарлығымен Әлия апамызға кеңек одағының батыр атағы берілді. Орыс ақыны Яков Хелемский «Әлияның жүрегі» деген поэмасында:

Шаттансаң қыз тудым деп, қазақ шаттан,
Әлия Отанынан болған мақтан.
Беженица маңында тұлғасы тұр,
Дегендей ерлікке аттан, еңбекке аттан!
Бұл жерден сонау заман Пушкин өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атты жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп,
Қазақтың Әлия қызы қанын төккен

—деп жырлайды.

Биыл 2016 жылы Ұлы жеңіс мерекесіне - 71 жыл. Бұл жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. Соғыс кезінде елі мен жерін қорғаған аға апаларымыз, қазір ата мен әже. Олар жеңіс үшін аштыққа, ауыр жұмыстарға да, өлімге де қарсы тұрды. Ата-бабаларымыздың өшпес ерліктері ұлы отан соғысының сұрапыл күндерінде жалғасын тапты. Батыр бабаларымыз ұлан байтақ жерімізді,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

азаттығымызды соңғы демдері біткенше қорғады. Оларды құрметтеу-біздің міндетіміз. Отанға деген сүйіспеншілік оларға рух беріп, жеңіске жетеледі. Бүгінгі уақытта әрбір бейбіт күніміз үшін, қатары сиреп бара жатқан ардагерлерімізді қадірлеп, бас иіп жүру біздің парызымыз деп білемін.

Аға апаларымыз қантөгіспен, маңдай термен алып берген бейбіт өмір маған сондай ыстық. Мен өсіп келе жатқан болашақ ұрпақпын. Осы бейбіт заманда қанішер соғыс болмасын деп тілеймін. Жерлесіміз Әлия апамыз майданда ерлік, батылдық, қайсарлық көрсетіп, қазақ қыздарының дәрежесін, әйел деген есімді көтерді. Менде Әлия апам сияқты мектеп табалдырығын бітірген соң, егеменді елімді көркейтуге өз білімімен күш қосып, әлемге танытқым келеді. Болашақтағы арманым Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетін бітіріп, жоғары білім алып, балалық шағым, қызықты күнім өткен туып өскен жерміді көркейткім келеді.

Елімді, жерімді, халқымды, тілімді, тарихымды сүйе білу сезімін бойыма ұялатқан ұстаздарыма алғыс айтып, есімдерін әлемге паш еткім келеді. Президентіміз Нұрсұлтан атамыз біздің жарқын болашағымыз үшін бар жағдайды жасап жатыр. Осындай бейбіт заманда, егеменді елімізді неге бүкіл әлемге паш етпеске деп ойлаймын.

Мадиева Арайлым

2 курс, Мұғалжар гуманитарлы –техникалық колледжі
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы
Жетекшісі : Байланов Ғани Жарасқанович

Ешқашан ұмытылмайды...

Тарихқа көз салып қарасам адамзат қоғамы көптеген қиыншылықтарды басынан кешіргенін көремін. Біздің ортақ анамыз – Жер бетінде адам баласы пайда болғаннан бері, дүние жүзінде небір алапат соғыстар, небір апатты жағдайлар, небір қанқұйлы оқиғалар болып өткен екен. Сондай адам түршігерлік қанқұйлы оқиғалардың бірі 1941-1945 жылдар арасында болып өткен, тарихта ойып алардай орын қалдырған ІІ дүниежүзілік соғыс еді. Гитлер бастаған фашистік германия өзінің Совет Одағымен жасаған келісім шартын бұзып, жайбарақат бейбіт өмір сүріп жатқан Советтер еліне тұтқиылдан шабуылдап, бірнеше жылға созылған қанқұйлы соғысты бастап жіберді. Гитлердің ойы Барбаросса жоспары бойынша Совет Одағын тез арада жеңіп алу еді. Соғыстың алғашқы айларында Гитлердің ойы іске асқандай болып көрініп, Совет әскерлері кейін шегінді. Барша әлем енді не болар екен – дегендей, іштей тына қалды. Әрине, соғыстың алғашқы кезіндегі совет әскерлерінің оңбай жеңілуі көптеген себептерге байланысты еді. Біріншіден-совет үкіметі соғысқа дайын емес еді, екіншіден - Совет Үкіметі халықты «соғыс болмайды» - деп сендіріп тастаған еді, үшіншіден әскери қару-жарақ жарамсыз болып шықты. Бүкіл дүние жүзі «Совет Одағының күні бітті»- деп ойлап қалды. Бірақ олай болмады.

1941 жылы 22 маусымда Германия және оның одақтастары (Италия, Венгрия, Финляндия, Румыния) совет-герман келісімін бұзып, Совет Одағына қарсы соғыс ашқаннан бері Совет Одағының құрамындағы 15 республиканың халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей, жұдырықтай жұмылып фашистік германияға қарсы шықты. Бұл соғысқа тек орыстар ғана емес, қазақтар, өзбектер, татарлар, түркмендер, тәжіктер, ұйғырлар, молдавандар және т.б ұлт өкілдері атсала қатысты. Фашистік германияның мұздай қаруланған әскери күші Совет Одағының шығысындағы өнеркәсіп орталықтарына, Орал өнеркәсіп орталығына әуеден соққы беру және Балтық түбегіндегі үстемдікке жетуді көздеді. Сталин мен Совет Армиясының Қарулы күштерінің басшылары соғыс алдында және соғыстың алғашқы күндерінде көптеген қателіктерге жол берді. Аса қиын жағдайда қалғандарына қарамастан совет жауынгерлері алғашқы күннен бастап ерлікпен шайқасты. Олар өздерінен он есе күшті жауды жанкешті іс-қимылдарымен тоқтата білді.

Біздің ата-бабамыз ежелден жауынгер халық атанған. Олар ғасырлар бойы ұшан-теңіз жерімізді сыртқы жаулардан қорғап келген. Біздің ел

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

осындай сұрапыл соғыс болып жатқанда қарап отыра алмады. Қазақ азаматтары және қазақ қыздары соғысқа өз еркімен сұранып кетіп жатырды. Тылдағы өмір жағдайының майдандағыдан айырмашылығы аз болды. Қарттар мен әйелдер былғары етіктер, қолғаптар жасап, ет, сүт, жүн және т.б. қажетті азық-түлік пен киім кешектерді дайындап майданға жіберіп отырды. Олар жанкешті еңбектерімен Ұлы Жеңіс күнінің жақындауына өз үлестерін қосты. Қазақстанда көптеген әскери бөлімдер жасақталып, олар соғыстың қиын жерлеріне жіберіліп жатты. Қазақстанда жасақталған 27, 29 және 38 атқыштар дивизиялары, 81 атты әскер дивизиясы, 74 дербес теңіздік атқыштар дивизиясы, 129 миномет полкі және 156 көпір құрылысы батальоны, 73 гвардия атқыштар дивизиясы Сталинград шайқасына қатысты. Шайқастағы ерен елік істері үшін 73 гвардия атқыштар дивизиясына «Сталинградтық» деген құрметті атақ қоса берілді. Қазақстаннан шыққан ұшқыш Н.Әбдіров, полк командирі Т.З.Позолотин, взвод командирі Р.Р.Рамаев және минометші Сыпатаев Кеңес Одағының батыры атағымен марапатталды. Ленинградты қорғау соғыстарына қатысқан С.Баймағанбетовке асқан ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сол кездері Жамбыл Жабаевтің «Ленинградтық өренім» атты жалынды жыры жауынгерлерді жігерлендірді. Панфиловшы, батальон командирі, аға лейтенант – Бауыржан Момышұлы әскери шеберлік және асқан қайсарлық үлгісін көрсетсе, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров сияқты ағаларымыз ерен ерліктерімен көзге түсті. Майданында ер азаматтармен бірге соғысқан батыр қыздарымызды айтпай кету мүмкін емес. Соның ішінде: ұшқыш апаларымыз - Хиуаз Доспанова, Нұрғаным Байсейітова, Т.Жұмабаева, Ш.А.Құсаинова, қазақ халқының аяулы қызы аға сержант М.Ж. Маметова, ефрейтор Ә.Н.Молдағұловаларға ерен ерліктері үшін Совет Одағының батыры атағы берілді.

Тарихтан ешнәрсені алып тастауға болмайды, өйткені кез-келген алып тасталған нәрсе тарихты бұзады.

Қазақ халқының тарихы-тәуелсіздік үшін үздіксіз күрес тарихы. Еліміздің өркендеген кездері де, құлдырап төмен кеткен кездері де болды. Біздің көшпелі халықты - өмірге деген талпыныс пен ата-баба рухы алдыға итермелеп отырды. «Аруақ» - деп қазақтар өздерінен көп жауларына қарсы шапты, ата-баба рухы оларға қуат беріп, жеңіске жетеледі. Қазақтар ат үстінде жүріп елін қорғап, бала кезінен бастап әскери тірлікке әбден үйреніп алған, кең даладағы тұрмыс қиындығы мен ауыртпашылығына төзе білген, шетінен батыр жауынгер болған. Біздің ата-бабаларымыз бостандықты сүйген, оларешкімге бас иеген, олар Отанына опасыздық жасағандарды аямаған, елімізді жаулап алмақшы болғандарға үнемі тойтарыс беріп, ойсыратып жеңіп отырған. Міне, осындай қасиеттеріміз Ұлы Отан соғысында көп пайдасын тигізген. Оның айқын мысалы - Ұлы Отан соғысы жылдарындығы қазақ халқының ұл-қыздарының жанкешті ерлігі.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Біз 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарында ерен ерлік пен батылдық, қажырлық пен қайсарлық көрсетіп, ең жоғары әскери атақ -Совет Одағының Батыры атағына ие болған 506 қазақстандықтарды мақтан тұтамыз. Олардың төртеуі осы атаққа екі рет ие болған.Олар: ұшқыш-штурмовиктер - Т.Я. Бигельдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Авловтар, олардың әрқайсысы 200-ден астам жемісті ұшу әрекеттерін жасап,жаудың жүздеген әскери–техникаларын,мыңдаған жаяу әскерлерін жойған,сол сияқты ұшқыш-жоюшы – С.Д.Луганский, әуе ұрысында 37 жау ұшағын атып түсірген.

Тәуелсіз Қазақстанның ең жоғарғы Халық Қаһарманы атағы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін алты қазақстандық жауынгерге берілген. Олар: Бахтураз Бейсбаев -ол Ресей батыры атағына да ие болған,жазушы Қасым Қайсенов,Рейхстаг ғимаратына қызыл туды бірінші болып таққандардың бірі - Рахымжан Қошқарбаев.

...Ғасырлар бойы ерен еңбекте батылдық, ерлік пен төзімділік, жанқиярлық көрсеткен Қазақстандық ұлттық мінез-құлық сұрапыл соғыс жылдарында батырлық көрсетуге ықпал етті. Мұндай ерлікті бірен-саран адам ғана емес,орден және медаль үшін емес, өз Отаны үшін соғысқан мыңдаған қарапайым қазақстандықтар көрсеткен.Ұлы Отан соғысы кезінде халықтың көрмегені жоқ: шапқыншылық, зорлық-зомбылық, ашаршылық, жұт. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды деген ұран ұлтына,сеніміне қарамастан қазақстандықтардың ісінде жалғасын тауып келеді. Жүрегіміз сыздап,көзімізге жас алып, Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапқандарды үлкен қайғымен еске ала отырып, басымызды иеміз!!!

Манарбек Назерке

9-сынып, Иманғали Білтабанов атындағы орта мектеп,
Ақтөбе обл., Қобда ауд., Иманғали Білтабанов ауылы
Жетекшісі: Тулеубаева Нуршат Нурлыбековна

Сарғайса да тарихтың әр парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады

Уақытпен жарысқан заманда күн жылжыған сайын, тарихта қалар таңбалы оқиғалар орын алып жатыр елімде. Әрине, азаттықтың көк туын желбіреткен Алаш елінде тек ғаламат оқиғалардың орын алуы қуантарлық жайт. Бұл – біздің түп-тамырымыз ата-бабаларымыздың арқасы.

Ал, тарихтың бетін кейін қарай парақтап, 1941 жылға тоқталсақ... 1941 жыл, 22-маусым. Бар қазаққа белгілі қасіретті оқиға болған бұл жылы. Естігенде құлаққа түрпідей тиетін, жүрекке үрей, көңілге кірбің, жанарға мұң ұялататын «соғысты» алып келген жыл еді. Бала атаулыны «әкелетіп», ана атаулыны «ұлым», «жалғызым», «жарым» деп зарлатқан жыл болды.

...Күңіренген дала...Қоштасу...Жылау...Қимау...Сағыну...Күту...Үмітін үзбеу... Осы бір қасіреттің барлығын әрбір қазақ баласы дәмін татқан еді. Жүректі жаралаған, көңілге күдік пен сағынышты қатар алып келген сұм соғыс әр шаңыраққа өз қатігездігін танытты. Алаңсыз тірлікте қым-қуыт тіршіліктің тып-тыныш күйін кешіп жатқан халық тағдырдың тепкісіне ұшырап, ауыртпалық қамытын киді. Әлемді дүр сілкіндірген соғысты көріп сабылған халық қайда барып қорғанарын білмеді.

Бұл соғыс бар қазақстандықтың басына қасірет әкелді. Жанары жәудіреп, біреуден аяушылық күткендей жанашыры әкесін қимай-қимай алысқа аттандырған қаршадай қазақ баласының басына қасірет алып келді. Қамқоршы һәм ақылшысы, отбасының ұйытқысы болып отырған отағасынан айырылған аяулылардың басына қайғы әкелді. Әкеден қалған жалғыз тұяқ ұлынан айырылған ана жүрегіне өшпес жара салды сұм соғыс. Талай ұл-қыз осы соғыстан соң жетімдіктің салмағын арқалады.

Жүрегін үрей мен үміт тұншықтырып тұрса да, елін қорғау үшін, болашақтың жарқын болуы үшін бір мақсатты арқалап майданға аттанған елімнің қайсар ұл-қыздары-ай... Олар енді оралмасын, туған жерге қайтып табан тіремесін сезсе де елі үшін алға қадам басты.

Майдан шебіне аттанғандардың арасында өмірге жаңа ғана қадам басқан жастар да болды. Жүректерінде туған жерге деген махаббаты тұнып тұрған қаршадай қазақтың батыр ұландары аттанған еді бұл жойқын соғысқа. Соның ішінде бар әлемге белгілі Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды қазақтың қос шынары бар-тұғын. Жауқазындай ғұмырларында соғыс қос қазақ қызын жастайынан қыршын етті.

Кеңес Одағы жауынгерлерінің мақсаты – фашизмді күйретіп, елге жеңіспен оралу еді. Осы мақсат жолында жан беруге дайын талай қазақ

баласы өз еркімен сұранып, шытарманға толы сұрапыл соғысқа аттанды. Қолдарына қару ұстаған қазақ балалары алыс атырапта бас қосып, бірлігімен ел қорғады.

Майдан өмірі басталысымен ел азаматтары ерлігімен көзге түсті. Қаһармандықтың шебінде сап түзеп, «елім» деп соққан жүрегімен майданға аттанған Алаш ұландары қайсарлықпен ерліктің үлгісін көрсетті. Түн түндігін түрсе де, көз ілместен, кірпік қақтастан соғысты. Сұм соғыстың секунды әр адамзат баласы үшін сағатқа, минуты айға, айы жылға татитын-тұғын. Олар майданда от пен суды қатар кешіп жүріп, жанкешті ерлік көрсетті. Толассыз атқан оқтар мен тынымсыз, қарша бораған бомбалардың астында жүріп-ақ адам сенгісіз ерлікті танытты. Ал туған елде қалған қазақ жұрты әкелерін, ағаларын, балаларын, апаларын тосумен жарғақ құлағы жастыққа тимей, зор үмітпен күтті. Тағдыр олардың бастарына қуанышты да, қайғыны да сыйлады. Өйткені, саусақпен санарлығы ғана елге оралып, отбасымен қауышты. Ал кейбірі отбасына, туған жерге деген сағынышын арқалап мәңгілік жаққа аттанып кетті.

Олар беймәлім сұрықсыз өмірге қадам басты. Олар жиһангерлік соғыстың бел ортасында жүріп, жерін қорғады. Олар қаратүнек фашизмге қарсы жандарын салып күресті. Олар ғасырға татитын 4 жылда жаумен арпалысты. Олар жараланды. Олар мүгедек болды. Олар үміт етті. Олар көз жұмды. Олар тарихқа аттарын алтын әріптермен жаздырып кетті. Олар тарихқа өшпес із қалдырды.

Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандықтың ғұмыры үзіліп түсті. Қаншама аға-апаларымыз елге мүгедек болып оралды. Қаншама ақ жаулықты анаға қара қағаз келді. Елімді тоз-тоз еткен, даланы қанға бөктірген сұрапыл соғыс 1945 жылға дейін созылды.

1945 жыл, 9-мамыр күні ата-бабаларымыз ұрпаққа Ұлы Жеңісті аманаттап тапсырды. Иә, бұл күні адамзат баласы түгіл бүкіл тау да, тас та, ұшқан құс та қуанышқа кенелген күн еді. Осыдан 75 жыл бұрын басталған тар жол, тайғақ кешудің аяқталған күні. Содан бері 9-мамыр Ұлы Жеңіс күні болып жарияланды. Ерліктің өшпес ізін қалдырған боздақтардың рухына бас иіп, жеңісті сыйлаған ата-бабаларымызға сансыз алғыс айтамыз.

Өз мекенім, туған жерім, ұлы ордам Қобда жерінен ел қорғауға біраз батырлар аттанды. Солардың бірі әрі бірегейі – Әлия Молдағұлова болса, екіншісі – Иманғали Білтабанов. Иманғали Білтабанов Ленинград түбіндегі Одер өзені маңында жаумен болған шайқаста ерекше ерлік көрсетеді. Батырдың есімімен аталған ауылда тұрып, Иманғали Білтабанов атындағы мектепте оқитыным мен үшін зор мәртебе, қуаныш.

Қобда жері – батырлар мекені. Мен батырлар өсіп-жетілген, елін қорғаған жауынгерлердің жерлесі болғанымды мақтан тұтамын.

1941 жылдан бері талай күндер, талай жылдар зымырап өтті. Бірақ, сол күндер санамызда жаңғырып, мәңгі есте сақталады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Талай ауыртпалықты басынан өткерген қазақ халқынан құралған Қазақстан дейтін елім бар. Елдігімізді әлем мойындаған, өшпес тарихы бар, мақтанарлық тұғырлы тұлғалары бар, мойымаған батырлары бар Қазақстанда тұрғанымды мақтаныш тұтамын. Зеңгір көк түсті байрақты әлем елдерінде асқақтату – менің арманым.

Қазір Қазақстан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатыр. Соның барлығы өткен бабаларымыздың арқасы. Біз, ата-бабаларымыздың зарығып жеткен тәуелсіздігін тұмарымыздай сақтауымыз қажет.

Күндер жылжып тарихтың ақ парағы сарғайып жатса да, онда жазылған оқиғалар ешқашан ұмытылмақ емес. Сол зұлмат жылдар ұрпақтың жадында мәңгілікке сақталып қалмақ. Оларды ешкім ұмытпайды, олардың ерліктері ешқашан да ұмытылмайды.

Наурзалина Дана

Оңғар негізгі мектебі, 9-класс
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Оңғар ауылы
Жетекші: Зинет Гүлден Бауыржанқызы

Күркіреп өткен бір соғыс

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік
Бауыржан Момышұлы

Соғыс... Қандай қорқынышты сөз! Қазақ даласында соғыс отының шарпуын көрмеген, қайғысын тартпаған шаңырақ жоқ шығар. Бұл оқиға адам баласы үшін ауыр, азапты күндерге айналды.

2015 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толды. 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен басып кіргеніне биылғы жылы 75 жыл толмақ. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Өзім соғыс туралы ойласам, көз алдыма баласы, жарын жоқтап жылаған аналар, әке мейірімін көрмеген балалар, Отан үшін майданда ерлікпен қаза болған жас азаматтар келеді. Сол бір қиын заманда өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316-атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берілді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген үлкен құрмет!

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова 1925 ж. 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 жылдан бастап Ленинград Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыған. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артеkte батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярославль облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай 1942 жылы Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері майданға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған. Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапқан. Қазіргі таңда Ақтөбе облысында Әлия әпкемізге арналған мұражай жұмыс жасайды. Әпкемізге арнап қойылған көптеген ескерткіштер және атына берілген көшелер өте көп. Бұл Әлия Молдағұловаға деген халықтың зор құрмет екендігін білдіреді.

Жеңіс! Қандай кең мағыналы сөз. «Жеңіс» сөзі бүкіл халыққа бейбіт өмір әкелді, елге тыныштық оралды. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңіс мәңгі жасасын. Міне, ХХІ ғасырда біз кешегі соғыс тақырыбын осылайша сағынышқа орап, тек қана аңсау сезімімен баян етіп отырмыз. Өйткені, ол күндердің елесі бүгін жүрек сыздатар ауыр ойларға жетелеп қана қоймайды, сонымен бірге, көңіл толқытар кермек сағынышты да молынан кеудеге құя түседі. Сондықтан қанмен, термен, жаспен келген жеңіс – ең ұлы жеңіс, киелі жеңіс, қадірлі жеңіс.

Оразғали Салтанат

9 класс, Аққұдық орта мектебі
Хромтау ауданы Ақтөбе облысы
Жетекші: Баянбаева Амангуль Гарифуллаевна

Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс

Ешкім де ұмытылмайды,
ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өткен болатын. Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз.

Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көзқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған. Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сеңгірбаев сынды қазақ

жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1942 жылы Бородино селосының маңындағы қиян-кескі ұрыста қазақ жауынгері Т.Тоқтаров ішін оқ тіліп, ішек-қарны ақтарылып түссе де атысты тоқтатпады. Арыстанша алысып жүріп, 49 фашисті жер жастандырған Төлегеннің ерлігін асқақтатқан «Жас қазақ» әні бүкіл майдан даласына жайылды. Тарихқа «Сталинград шайқасы» деген атпен енген алапат ұрыс 6.5 айға (1942 жылдың шілдесінен -1943 жылдың ақпанына дейін) созылып, ақырында, неміс басқыншыларының бетін қайтарып, меселін басқан бетбұрысты кезеңге айналды. 1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді. Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Өтеулі Жанель

9-сынып, №3 Хромтау орта мектебі

Хромтау ауданы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Хасанова Сандугаш Сагадатовна

Жеңістің 71 жылдығы мен Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына арналады...

Жер аяғы кеңіп, табиғат-ана бір әсем күйге енгенде баршамыз ерекше күтетін бір мереке бар. Ол - кешегі сұм соғыста қасық қаны қалғанша Отанымыздың іргесін сөгітпей, төсінде фашист деген тажалды сайрандатпай, біздің жарқын болашағымыз үшін күрескен аталарымыз бен апаларымыздың асқан ерлігі арқылы оңайлықпен уысқа түспеген Ұлы Жеңіс күні. Біздер, еліміздің болашағы - жастар осындай қасіретті соғысты көрмесек те жүрегімізбен сезінеміз, осындай болашағымыздың күндей жарқын болуына себеп аталарымызды ерекше ілтипатпен еске аламыз.

Міне, бірер күндер соң тағы да бір жеңіс күнін атап өтпекшіміз. Кешегі өткен сұрапыл соғыстың бүгін де 75 жылдығына аяқ бастық. Өткен ғасырдың төрт жылға созылған қантөгіс соғысы тарих төрінен ойып тұрып орын алды. Брест қорғаны, тәтті ұйқыда жатқан бейбіт өмір тұрғындары, таң сәріде тұтқиылдан лап қойған «фашизмнің қолшоқпарларының» жауыздығы... «Тарихыңды білмей, бүгінгіңді білмейсің» дегендей отты жылдар жарасы мәңгі жазылмақ емес. Келешекте Отанды қалай қызғыштай қорып, ақыр демің қалғанша қорғау керек екенін біз осындай халқымыздың адал да ер ұл-қыздарынан үлгі аламыз.

Өлшеусіз ерлік пен жауға деген өшпенділік әскерлерлеріміздің еліне деген сүйіспеншілігін арттырмаса кеміткен жоқ. Елімізден құрылған әскери жасақтар ең жауапты да шешуші ұрыстарға қатынасып, өлшеусіз ерліктер көрсеткені мәлім. Сол кездегі Отанымыздың жүрегі болып саналған Мәскеуге жау қатты қауіп төндірген сәтте генерал И.В.Панфилов басқарған қаһарман жерлестеріміз Мәскеу түбінде неміс басқыншыларына күйрете соққы берді. Қазақ жауынгерлеріне әкелік қамқорлық жасап, ақылшы, кеңесші, ұстаз болған даңқты қолбасшы И.В.Панфилов тың өзі Мәскеу түбінде қаза тапқанмен, оның қарамағында болған серіктері, шәкірттері, жерлестері Латвияны азат етуге, Шығыс Пруссияда тағы басқа да жерлерде кекілескен шайқастарға қатысып, жауынгерлік ерлік үлгілерін көрсетті.

Отан қорғаушыларымыз қарт Неваның бойындағы қаһарман қала - Ленинградты қорғауға да қатысты. Өмір мен өлім беттескен, кескілескен осы бір кезеңде жауынгерлерге асқақ рух берген Жамбыл атамyzдың

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Ленинградтық өренім» өлеңі. Халықтың рухын көтеруге ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен жазылып көшелерге листовка ретінде ілінді. Немістердің самолеттері бомбалап жатқанда осы жыр басылған газетті алуға кезекте тұрғандар саны қаншама. Қолына қалам алмаса да, жаумен бетпе-бет айқаспаса да жауға деген өшпенділіктен жыр алыбының осы өлеңі жүрегінен шыққан отты сөздер еді... Міне, дарқан даланың абызы іспетті ақынымыздың жырының қуат-күші.

Тағы да сондай ерлеріміздің легі мыналар: Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, әйгілі Бауыржан Момышұлы. Олардың өшпес ерлігі мәңгі есте қалды.

Біз соғыс дегенді тек ақпарат құралдарынан естіп өскен ұрпақпыз. Адамзатқа қандай қасірет әкелетінін оқып, біліп, үлкендердің әңгімесінен тағылым алып келеміз. Отан деген бір –ақ сөз екенін кішкентай жүрегімізбен түсініп, оны қалай қастерлеу керек екенін ұғынып келеміз.

Ұлы Жеңіс күні! Кеудеңе құшақ-құшақ гүл толғандай, шат-шадыман күйге бөлейтін күн.

Сакенова Саяжан

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Жауынгер ата естеліктері

1941 жылы маусым айында бейбіт жатқан ел шетіне жау тиді. Отанды жаудан қорғау үшін әкелер мен ағалар, жауқазындай жастар, қызғалдақтай құлпырған қыздар шүберекке жанын түйіп, майданға аттанды. Майдан даласынан елге оралғандар да, хат-хабарсыз кеткендер де болды.

Иә, өлгендер қайтіп келмейді. Ал мен тілге тиек отырғалы отырған қарт жауынгер, жерлес ата Қожанов Айнағұл екі мәрте өлгендердердің тізіміне ілігіп, тірі қалады. Әке-шешесіне бірінде Айнағұлдың қаза болғаны, екіншісінде хабарсыз кеткендігі туралы қара қағаз тапсырылған. 1948 жылы елге қайтып оралғанға дейін екі бірдей қара қағаз алған ата-анасы, ағайын-туыс Айнағұл атаның не өлі, не тірі екенін біле алмай дал болған. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Айнағұл атаға осы екі рет «өліп», тізімге іліну себептерін айтып берсеңіз деп қолқа салдық.

- Шырақтарым, бұл өзі ұзақ әңгіме ғой» - деп ата бір күрсініп, әңгімесін бастап кетті. Біз бір әулеттен соғысқа тоғыз жігіт аттандық. Содан тірі оралған жалғыз мен. Майданда елің, жерің үшін жан пида, тіпті өзіңді ерлік көрсетуге міндетті санайсың. Он жеті жасымда қан майданды көрдім. Алғашқы соғыс қадамым бронетанк әскерінің Бас қолбасшысы Ротмистровтың жауға соққы беретін танк армиясынан басталды. Осы армияның жеке барлауға арналған мотоциклистер полкінде бізге аса жауапты әскери тапсырмалар берілді. Полк жауынгерлерінің міндеті барынша құпия жолдармен жау тылынан өтіп, тірілей «тіл» және жаудың құпия құжаттарын әкелу болатын. Барлаушымыз десек те болады. Осындай маңызды тапсырмамен жаудың тылына жиі барып тұратынбыз. Бірде бес адам жауапты тапсырмамен жолға шықтық. Бұл 1943 жылдың 12 желтоқсаны еді. Біз 18 күнде өзімізге берілген тапсырманы орындап, әскери бөлімге қайтып келдік. Жау тылына кеткен 5 жауынгерден мен және Көшекбаев Төлеухан деген аталарың екеуміз ғана аман қалдық. Он сегіз күн бой бізден хабар ала алмаған соң полк басшылары бізді қаза болғандар тізіміне қосып, елге қара қағаз жіберіпті. Міне – бұл менің бірінші «өлгенім».

Содан соң екінші рет Кировоград облысында соғыс жүріп жатқан кезде жау тылына өтіп, 12 күнде аса қиыншылықпен оралғанымызда бізді хабар-ошарсыз кетті деп, елге қара қағаз жіберіліпті. Біз берілген тапсырманы абыроймен орындап келдік. Осы ерліктеріміз үшін бізге «За боевые заслуги», «За отвагу» медальдары тапсырылды.

Қарт жауынгер бұдан әрі Украинадан өтіп, Молдавия арқылы румын жеріне табан тірейді. Танк армиясы жауды жайпап ілгері жылжиды. Баташанихэрлеу қаласын жаудан босатады. Осы жерде жауынгерлерге кендірден арқан есуге тапсырма беріледі. Өйткені Карпат тауынан саумалдап өту үшін арқан- жіп пайдалану әдісі қашаннан бар. Жауынгер Айнағұл арқан есу жөнінде екі полкқа нұсқаушы болып бекітіледі. Мен - деп ата, сөзін жалғастырды. Жас кезімде аналарымыздың өрмек тоқығанына, арқан ескендеріне зер сала қарайтынмын. Сондағы ұққандарым майданда маған кәдеге жарады. Біздің танк армиясын 1944 жылы теміржол вагондарына тиеп, Белоруссияға түсірді. Содан кейін біз Латвия, Литва жерлерін жаудан босаттық. Кенисберг қаласын азат ету де бізге берілген тапсырма еді, бірақ жері батпақты болып, техниканы ілгері бастырмады. Ата Шаулэй қаласында болған ұрыста сол жақ санына жарақат алып, екі бұғанасы оқтан сынып, госпитальға түседі. 45 күн емделгеннен кейін өз армиясына қосылып, жауынгерлік жолын әрі қарай жалғастырады. Бұл жолы трактор бөлімшесіне жіберіледі. Қуатты тракторлар шабуылға шыққан танкілер соңында жүріп, істен шыққандарын тылға алып шығады. Ата құрамында бар танк экипажында жауынгерлер қаза табады. Тіркеме арқылы танкті көшпелі зауытқа тапсырады. Танк армиясы осы жерден Германияның Кенисбернгтен шегінген жау кемелерін кейін жібермеу тапсырмасын орындайды. Осы жерде генерал Рахимовтың қаза болғандығы туралы суық хабар естиді. Қарт жауынгер соғыстың біткені туралы қуанышты хабарды Германия жерінде жүргенінде мамырдың 8-нен 9-на қараған түні естігенін былайша еске алады, «аспанда жарқылдақ оқ атылды, жауынгерлер қуаныштан бірін- бірі құттықтап, сүйіп жатты.» Ата 1946 жылы Мәскеудегі Таман дивизиясына жіберіледі. Үш рет Ұлы Жеңіс парадына қатысады. 1948 жылы елге аман-есен оралады.

Жауынгер ата бейбіт өмірде де елі үшін аянбай қызмет етті. Байғанин ауданынан шалғайда орналасқан Оймауыт совхозында арнай жабдықталған шағын аэропортта қызмет атқарады. Алматы байлданыс және электро техникумын бітіргеннен кейін Қарабұтақ /қазіргі Әйтеке би/ ауданында байланыс торабы бастығы болып, еліне абройлы қызмет етеді. Ол кезде тың совхоздарында байланыс рация арқылы болатын Телефон құру үшін жүздеген шақырым жерге бағаналар тұрғызылып, сым тартылу керек болатын. Міне осы ауыр жұмысқа да қарт жауынгер Айнағұл Қожановтың ұйымдастырушылық қабілеті мен темірдей тәртіпті талап етушілік қасиеті керек болды.

Айнағұл ата бүгінде көзі тірі. Өз еңбегінің зейнетін көріп отыр. КСРО-ның «Құрметті радист» деген атағы бар. Отбасында 7 баласы, 16 немересі, 3 шөбересі бар. Ұлы Жеңіс күні ата ұрпақтары қара шаңыраққа жиналып, қарт майдангерді құттықтап, оның ғұмырының ұзақ болуын тілейді. Немерелері атаның соғыстағы ерліктерін тындап, мақтан етеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесі қарсаңында «Байғанин ауданының Естелік кітабы» жарық көрді. Сол кітапта көзі тірі қалған санаулы жауынгер қатарында менің кейіпкерім Айнағұл ата да орын алды. Соғыста жеңімпаз атанған аталар, еңбек майданында да алғы шепте бола біліп, сол арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты. Бүгінде майдангерлердің көбі бақилық болып кетті. Ұлы отан соғысының басталғанына 75 жыл және Ұлы Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында еліміздің бостандығы мен намысын сақтап қалған, дүниежүзін фашизмнің қанды тырнағынан құтқарған, ата жаумен кескілескен шайқаста жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсеткен жандар есімі ешқашан ұмытылмайды.

Уақыт өткен сайын сонау сұрапыл қырқыншы жылдар оқиғасы тарих қойнауына еніп, оған қатысушылар саны азайып бара жатыр. Ендігі біздің парызымыз- ардагерлерді қамқорлыққа бөлеу. Қазақстандықтар елімізді кеудесімен жауып, дүниені фашизмнен сақтап қалған аға ұрпақтың ерлігін ұлықтап, ғасырдан- ғасырға жеткізеді. Ардагерлеріміздің қаһармандықтарына лайық болуға ұмытылып оған бас иеміз.

Жылдар жылжып өткенмен халықтың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Себебі соғыс ардагерлері адам айтқысыз ауыр соғыста қиян-кескі ұрыстарға төтеп беріп ғана қоймай, қанқұйлы фашизмді күйретті, адамзатты фашизм құлдығынан сақтап қалды.

Сақимолда Ақмаржан

8«А» сынып, Қ.Жұбанов атындағы орта мектебі
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы
Жетекшісі: Есеркенова Айжан Құрманәліқызы

1941 жылдың тамылжыған маусым айының 22 жұлдызында шырт ұйқыда жатқан елді дүріс еткен мылтықтың ащы дауысы оятты. Бұл 1939 жылы екі ел арасында мәліме болған Риббентроп-Молотов келісімін шорт кесілген белгісі еді. Қалың ел соғысқа еш қамсыз жатқан дәрменсіз халде. Қазақтың қаракөз қыз- жігіттеріне рухани күш берген ақын-жазушы, сазгерлердің қаламында сап түзеді. Ең алдымен еліне, Отан деген махаббатын Жамбылдың жауға қарсы қарымды қаламынан туған "Ленинградтық өренім" өлеңі өмірдегі қиындыққа төтеп беретін бірден - бір рухани дем болды. Қайратын қайраған, жігерін жасытпаған туындыда:

Ленинградтық өренім

Мақтанышым сен едің... деп басталады. Тарихи деректерге сүйенсек, 1941 жылдың 24 маусымында В.Лебедев-Кумачтың "Известия" және "Красная звезда" газеттерінде ("Свещенная война") "Қасиетті соғыс" өлеңі жария етілді. Соғыстың төртінші күндерінде өлең мәтініне ән жазылады. А.Александров осы өлеңге ән жазды. Бірақ оның сөзі мен нотасын жазуға жариялауға уақыт болмағандықтан, ол жаңа туындыны бормен тақтаға жазып шығады. Әншілер мен музыкаттар өз қойын дәптерлерінен көшіріп алады. 26 маусым күні Мәскеудегі Белорус вокзалында бұл әнді әлі майданға аттанып үлгермеген КСРО-ның Қызыл Тулы қызыл әскері орындайды. Бұл ән ерексіз сені еліктіріп, жеңіске деген үмітке жетелейді. Сол күндерден бастап, «Қасиетті соғыс» деп аталған ән жеңістің әнұранына айналды. 1942-1943жылдар аралығында майдангерге жеңіске деген сенімін жігерлендіру мақсатында қазақстандық концерттік биригада құрылды. Ұлы Отан соғысында жауқазын ғұмыры қиылған қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова (1925-1944жылдары) рухына арнап көше аты да берілді, ескерткіш те қойылды, өлең де жазылды. Ал қаһарман қызға жасалған тағзымдардың ішіндегі ең ерекшесі Сейдолла Бәйтерековтың «Әлия» әні еді. «Әлия» әні дүниеге 1975 жылы келген екен. Көзі тірісінде сазгер былай деген екен: «Ән ойымда біраз жүрді. Күрделі әуен жадымды баурай жөнелді. Басында ыңылдап қана жүрдім. Бірде Бәкір Тәжібаевтың жыр жинағын қолыма алып, аша бергенім мұң екен, көзіме ақынның Әлия Молдағұловаға арналған өлең жолдары түсті. Жадымда жүрген әуенге салып едім, құйып қойғандай дәл келді. Бұл ән арнау емес, бұл ән - жоқтау. Балғын қыздың ерлігін ұлықтау, ел жадында қалдыру үшін осындай ән қажет-ақ».

Соғыс жылдарын көзімен көрген, көкірегіне түйген Сырбай Мәуленовтың "Соғыстан қайтқан солдаттар" әнінің шығу тарихы да осы сұрапыл соғыстан жеңіспен оралған сарбаздардың өмірін суреттейді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жаутандаған кең даланың сағынышы, хабарсыз ұлын тосып жүрген ана махаббаты, аждаһар болып жұтқан асыл ер азаматтарының ошақтары сөніп қалған, қаралы қағаз, сәбидің арманы, тосып тұрған сағыныш сәттерін жүректі елжіретіп, еріксіз жанарға жас алдырады Тағы да соғыс ажал кұштырған, сүйгенін айырған Мұқағали Мақатевтың "Қайран жеңгем" әні.. Өлең қаншалықты мағынасы ауыр, сағынышты, қаралы сәттерді бейнелесе, соншалықты жеңістің жігерлендіріп, рухты қайрап кеудені нық етеді. Бұдан басқа Әсет Бейсеуовтің «Соғыстың соңғы әні», Ә.Еспаевтың «Батальон», Е.Рахмадиевтің «Жеңіс жыры» сынды әндер баршылық. Бүгінгі таңда соғыс туралы әндер Қазақ радиосының алтын қорында ғана сақталған. «Алтын қорда» 11 мыңға жуық ән бар. Алайда бұл әндердің шығу тарихы батырлық, ерлікті суреттеп ғана қоймай, тарихта орны толмайтын, ұмтылмайтын, ұмытуға болмайтын сәттерді айғақтайды. Соғыс жайлы әндер жетерлік бірақ ол қалай шықты, не себепті жазылды деген кез-келген ұрпақтың көкейінде тұру міндет. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран. Жеңіске жетелеп, миллиондаған бақытсыз пенделер қатарында әлдеқайда біз бақытты ұрпақпыз. Соғыстың қиындығы мен азабын көрмеген балалармыз. Десек те, жеңіске жетелеген әндер тарихын білуде парыз, оны жадымыз сақтау аманат.

Сайпенова Айдана

11- сынып оқушысы Қобда гимназиясы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Амиргалиева Роза

Изтургановна

Ерлікке тағзым

Ей, ұрпағым!
Батыс жақтан сол бір жыл,
Қасірет алып соғыс деген үн келді.
Әлемімнің болса да ортақ ай, күні,
Ұмытылар ма қаралы жыл әйгілі.
Жамылды елім сонау бір жыл бір сәтте
Қасірет пен қайғыны.
Аш қасқырдай жанарлары қанталап,
Жау төнгенде Отаныма анталап,
Кеттім мен де жау шебіне ең алғаш,
Ел тілегі, ел үмітін арқалап.

«Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Бүгін таңғы сағат төртте неміс басқыншылығы тұтқиылдан шабуыл жасап, Отанымызға соғыс ашты. Барша азаматтарды Отанымызды қорғауға шақырамыз» -деп Левитанның радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін бақандай төрт жылға созылған, тарихта болмаған ірі-ірі, жойқын шайқастарымен белгілі Ұлы Отан соғысы басталды. Кеңестер елімен «соғыспау» туралы жасалған шартын опасыздықпен бұзған фашист әскерлері соғыстың алғашқы сағаттарынан бастап-ақ кеңес әскерлерінің маңызды орындарын жаппай бомбалады. 1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысына ел басына күн туғанда, біздің ата-әжелеріміз, аға-апаларымыз да қолына қару алып, елін, жерін қорғау үшін майдан алаңына аттанды. Иә, соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ сан миллиондаған адамдар Отанын жаудан қорғауда кеудесін оққа төседі, жанын қиды. Осындай қиын қыстау кезеңдерде «Біздің ісіміз-әділ, жау талқандалады, біз жеңіп шығамыз!» деген үндеу майдан шебінде жүрген әрбір сарбазға күш бергендей жігерлендіре, рухтандыра түседі. Ақыры, біз Жеңіске жеттік! Қанішер неміс басқыншыларымен шайқасқан Кеңес әскерлерінің үміттері мен сенімдері ақталып, армандары орындалды.

Бірақ, бұл Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. 1418 күнге созылған сұрапыл соғыста Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен миллиондаған ата-әжелеріміз

мерт болды, мүгедек болып қалды. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Келешек ұрпағы үшін, Отаны үшін, елі мен жері үшін аянбай соғысқан батырларымыздың қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды!

Осы сұрапыл соғыстағы жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, отаншылдық қасиеті. Сын сағатта Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Отанын қорғады.

Осыдан 71 жыл бұрын, Кеңес армиясының қатарында ел қорғауға аттанып, зұлым жаумен шайқасқандардың ішінде қазақстандықтарда болды.

Адамзат баласына үлкен қасірет, қайғы әкелген бұл соғысқа Қазақстан жерінен бір миллион үш жүз алпыс алты мың жауынгер аттаныпты, ал алты жүз мыңы майдан даласынан қайта оралмады. Хабар- ошарсыз кеткен адамдардың сүйегінің қай жерде шашылып қалғанын немесе қайда жерленгенін туыстары да білмейді.

Соғыс жалмап аға-іні, бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Жалғзынан айырыпты ананы,
Әкесінен айырыпты баланы.

Иә, соғыста қираған қалалар мен ауылдар әлдеқашан қалпына келтірілді. Бірақ, соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Соғыс кезінде жақын адамынан айырылмаған жанұя жоқ шығар, сірә! Сұм соғыс салған зардаптар бүтіндей бір әулеттердің түбіне жетіп, ошағын өшіріп, ананы жесір, баланы жетім қалдырды.

Адамзат баласын табанына таптағалы аласұра ұмтылған фашизмді талқандауда Қазақстан азаматтарының жасаған ердіктерін елемей кету мүмкін емес. Болашақты қара түнектен арылту, азаттық алу үшін бостандық сүйгіш жұрт Отан үшін қан төгіп, жер жастандырылды.

Қазақ елі басына күн туғанда шыбын жанын қу шүберекке түйген батыл, қаһарман халық болған. Ұлан- байтақ даласының біртұтам жері үшін қорқыныш сезімін жүрегінен суырып тастаған қазақ халқының айқас алаңдарында қаймықпай соғысқанына, өшпес ерлік көрсеткеніне жүз қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алғаны дәлел болып отыр.

«Азияда қазақ деген малшы халық бар. Олар малын бағып жүре берсін. Кейін олар біздің ұлы Германияны етпен қамтамасыз етеді», - деп бір империялық идеяның қасіретін бүкіл халыққа тартқызған – Адольф Гитлер өзінің «Майн Кампф» («Менің күресім») кітабында

қазақтар жайлы жазған. Бірақ, жауыз Гитлердің бұл ойы іске асқан жоқ. Өйткені, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырған Кеңес Одағының әскерлері орыс, қазақ, украин деп бөлінбей ортақ жауға бәрі бірдей қарсы тұрды.

Бұлт түнеріп аспаннан,
Талай көзден жас тамған.
Тұтқиылдан жау тиіп,
Қырған соғыс басталған

Қанқұйлы соғыс өрті ел еңсесін тіктей бастаған шақта лап етті. Елді дүр сілкіндеріп, тәтті ұйқысынан оятқан суық хабар тірлігі сүттей ұйыған Қобда жеріне де келіп жетті.

Туған жерін қорғау үшін қарша бораған ажал оғы мен тозақ отына мойынсұнып, мыңдаған жас арманшыл жерлестеріміз майдан алаңына аттанды. Осылардың жартысынан көбі ұрыс даласында ерлікпен көз жұмды.

Облысымыздың орталығында құрылған 312-атқыштар дивизиясының және 101-ші ұлттық бригада жауынгерлерінің қатарында Мәскеу түбіндегі фашист басқыншыларына қарсы күресте Қобдалықтар асқан ерлікпен көз жұмды.

Қобда жері - батырлардың мекені! Осындай атаудың астарында сонау Қобыланды, Абат, Исатайлардың батырлық рухы жатса керек. Осы әйгілі батыр бабалардың даңқты жолын Қобдалықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында да лайықты жалғастырды.

Батырлар мекені аталған Қобда жерінен сегіз бірдей Кеңес Одағының батыры шығуы басқа еш жердің майдайына жазылмаған айрықша абырой. Ал Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының Батыры атағын алған екі қазақ қызының бірі – жерлесіміз Әлия Молдағұлованың соғыс тарихында өшпес із қалдырған теңдесі жоқ ерлігі киелі өңіріміздің шоқтығын биіктетті.

Батырлық жолдан тап болмайды. Тегінде бардан тектілік шығады. Әлия туған топырақ қазақ тарихында белгілі мекен еді. Қарақобда мен Сарықобда қосылып, үлкен Қобда арнаға түсер жердің жанындағы Абат – Байтақ мазарының құпиясын әлі ешкім ашқан жоқ. Ұлы Қобда сонау Қиылмен қосылып, Елекпен жанасқан жерінде киелі Қобыланды жатыр. Әлия туған жер - батырлар мекені. Кешегі өткен Махамбет пен Исатайдың жорығы да осы маңайда болғаны рас. Осы өлкеде Әлияның дүниеге келуі де сол бір ерлік дәстүрінің сақталуы сияқты болып көрінеді. Қобыланды батырдың қылышы, Бекет атаның аса таяғы, Исатай батырдың денесі жатқан бұл өңірде батыр тууының өзі-заңдылық.

Әлия бар болғаны 19 жыл өмір сүрді. Жауынгерлік жолы да қысқа. Өмірі аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. «Батырдың ғұмыры қысқа, даңқы ұзақ» деген сөз бар. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ел сүйсінерлік ерлік жасап артына аңыз қалдырған жанның арман тілегі қандай болды десеңізші! Балғын Әлия өмірді сүйген, өмірге құштар арманшыл еді. Оның бейнесі біздің көкейімізде әрқашан жас қыз қалпында қалады.

2015 жылы Қобда ауданында Әлия апамыздың 90 жылдығы жоғары жәрежеде аталып өтілді. Ауыл сыртына киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылып, бәйге, күрес және тағы да басқа ұлттық ойындар ойнатылды. Әлия апамыздың 90 жылдығына басқа облыстардан, тіпті көршілес мемлекеттерден де адамдар келіп жатты. Осы мерекелік іс-шараның жақсы өтуіне барлық Қобда жастары атсалыса қатысты. Бұл мейрамнан алған әсеріміз мол болды.

Әлия апамыз 19 жасында дүниеден өткенімен, оның жерлестері, яғни, біз қобдалықтар, батыр қыздың ерлігін мәңгі ұмытпай, оның рухына бас иеміз, оны құрметтеп 90 жылдығын республикалық дәрежеде атап өткеніміз қуантады.

Аспанымыз ашық, еліміз тыныш болса 10 жылдан соң 100 жылдығын да дүркіретіп, әлем еститіндей дәрежеде атап өтеміз деген ойдамын.

Ерлігімен, батырлығымен әлемге танылған Әлия апамыздың кіндік қаны тамған жерінде дүниеге келгенімді мақтан тұтамын. Осындай ержүрек, батыр қыздары бар елімді әлемнің елдері танып - білуі және сыйлауы тиіс.

Ағылшынның бір журналісі немістермен болған соғыста ең батыр халық қазақтар екенін айтып, мақтан етіп көрсетуін халқымызға зор ілтипат деп білемін.

Осы соғыста қазақ халқы өзінің аздығына қарамастан елдігін, ерлігін көрсетіп, оны бүкіл дүние жүзіне паш етті. Өзінің рухының биіктігін көрсетіп, нағыз батыр халық екендігін тағы да бір дәлелдеді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның сұрапыл сәттері бүгінгі ұрпақтың есінен шықпауы керек.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Тірілерге құрмет көрсетіп, қаза болғандардың иманы жолдас болсын дейміз.

Рухы берік, рухани түлеген елге ешкім де үстемдік жасай алмайды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Отанды қорғау әр азаматтың парызы екенін, ата-бабаларымыздың жасаған өшпес ерлігі – біздің жарқын болашағымыз үшін екенін ұмытпайық!

Егемен еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Сисенғалиева Сағыныш

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы

Ойыл қазақ орта мектебінің 8-класс оқушысы

Жетекшісі: Абдуллина Баршагүл Семғалиевна

Отан үшін от кешкен ойылдықтар

Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өткен болатын.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз.

Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды.

Ұлы Жеңіске Ойыл ауданының халқы да өз үлестерін қосты. Олар еліміздің басқа халықтары сияқты асқан ұйымшылдық, ерлік пен патриотизм үлгісін көрсетіп, ел басына қаралы күн туғанда өз еріктерімен 2600-ден астам адам Отанын қорғау үшін қолдарына қару алып, жан аямай күресті. Сол кездегі ерлік еңбектері бағаланып, Н.Н.Оноприенко Совет Одағының Батыры атағына ие болса, Е.Т.Шүкіров «Даңқ» орденінің толық иегері болды. Екі «Қызыл жұлдыз», I, II дәрежелі даңқ ордені бірнеше медальдармен марапатталған. №6305 Белгород дивизиясының құрамында болған

Н.Сүндетбаев, III дәрежелі «Даңқ» орденіне, бірнеше медальға ие болған Қ.Ақпанов, Қ.Мұхтаров, Ж.Мерғалиев, С.Ұзақбаев, Ж.Дауов және т.б. көптеген ардагерлеріміздің ерлік істерін ұрпақ мақтан етеді, құрметпен еске алып, олардың ерлігін естен шығармайды. Соғыс халқымызға орны толмас қасірет алып келді. Жоғалтқан шығынымыз ауыр болды. Бірақ әр майдангер ұрпағының жүрегінде ағалардың ерлікке толы істері көңілге мақтанышпен қуаныш сезімінде ұялтады. Ойылдық жауынгерлер неміс фашистеріне қарсы күресте майданның барлық жерінде шайқасты.

Махат Құбаев, Құлымжан Мамедов, Қанатбай Сарсенғалиев, Хамит Сисенғалиев, Тоқтар Мұсабаев, Найзабай Жолдасбаев, Қарақұл Елеусізов фашизмнің ордасы Берлинді алуға қатысса, Орынбасар Асанов, Рахым Жұмағалиев Заполярьені, Бақыт Наурызов, Бернияз Аманғосов, Жоныс Бақтыгереев революция бесігі болған Ленинградты, Андрей Александрович Ларин, Шам Пангереев, Әдиет Нұрқасов, Аққыстау Тілепов, Тихон Иванович Петрашов, Мұса Құрманов, Сағын Шідербаев Сталинградты қорғауға қатынасты. Елін шексіз сүйген халқымыз өз Отанын қорғап қалды. Оның көбі майданда ерлікпен қаза тапты. Тірі қалғандары елімен қауышты. Ойыл жерінен 2600-ден астам адам Отан қорғау үшін, қолдарына қару алап, жан аямай күресті. Олардың 974-і елге оралмай, майдан даласында ерлікпен қаза тапқан. Оның 432 адамы із-түссіз жоғалып кеткен. Қазірде олардың қай жерде жерленгені де белгісіз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігіне тағзым ету - азаматтық парыз. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Соғысты жеңіспен аяқтаған майдангерлер елге аман оралған соң кейбірі еңбек майданына араласып елге еңбек еткен. Еңбектегі үздік табыстары үшін соғыс ардагерлері үкіметтің ордендерімен, медальдарымен марапатталып, еңбектері еленіп құрметке бөленді. Бірақ сұм соғыстың тәнге де, жанға да жарасын салып әрбір отбасын қайғыға салғанын ұмыту мүмкін емес. Баладан, бауырдан, жардан айырылды.

Сондай отбасылардың бірі ардагер Сисенғалиев Хамиттың отбасы еді.

«...Соғыс туралы айту ауыр тиеді маған. Соғыс деген біздің жоғалтқан жастығымыз, арманда кеткен боздақтардың «тағдыры» деп қинала әңгімесін бастады. «Біз әкеден екеу едік, 1926 жылы туған ағам Қаби, соңынан ілескен мен. Тағдыр бізді маңдайымыздан сипамады. 1932 жылы шешем дүниеден озса, 1939 жылы әкем қайтыс болды. Жетімдіктің ауыр жүгін көтеріп өстім. Сондай қиын күндердің бірінде ағам майданға аттанды. 1942 жылы қолынан жараланып келіп, 1943 жылы майданға қайтадан аттанды, сол кеткеннен оралмады. Хабарсыз кеткендер қатарына

қосушы едім. 1990 жылы іздеу хатыма «Сіздің ағаңыз Қаби Сисенғалиев 1943 жылың желтоқсан айында Суходельск селосында бұрынғы Батуман селосы, Долинск ауданында жерленген» - деген хат алдым. Соғыста жалғыз бауырын жоғалтқан мен емес, менің ағам сияқты каншама боздақтар орындалмаған армандарын арқалап құрбан болды. Тек қуанатынымыз құрбандықтың өтелгені. Қуанатыным – бауырымның есімі Ойылдың орталығындағы соғыстан оралмағандардың тізімі көрсетілген ескерткіш тақтаға жазылды. Балаларым, Отан үшін от кешкен, кеудесін отқа төсеген жауынгерлердің өшпес ерлігі мен жасын ғұмыры мына жарқын да, бейбіт өмірдің өтеуіне келген қымбат нәрсе» деп әңгімесін айтқан еді. Ал өзім 1943 жылы майданға аттандым. 1945 жылы 2 мамырда Берлин түбінде жараланып, Жеңісті Берлинде қарсы алып, елге оралдым. Сол кезден бастап, еңбек майданында қызмет еттім. Тәңірдің бұйырған несібесіне шүкіршілік етіп өмір сүріп келеміз. Бірақ та күн өткен сайын соғыстың салған сол бір жарасы - бауырым ойыма орала береді. Егер тірі болса 80-ге толады екен» - деп үнсіз отырып қалды. Әркімде де бар бір арман» демекші деп соғыс зардабы кімдерге оңай тиді дерсің, қай майданда жүріп қан-от кешкен еңбегіміз еленді. Көптеген орден медальдар омырауға ілінді. Осы күнде солардың әрбір сынғырынан сұрапыл күндердің жанғырығын сезінгендей боламын. Ол күндердің бейнесін ұмыту мүмкін емес. Тыныш заман болғай» *(Хамит атаның көзі тірі кезінде алынған сұхбат, 2008жыл).*

Ұлы отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін, Германияны жеңуде қосқан үлесі үшін Хамит Сисенғалиев «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен, «Қызыл жұлдыз» ордендерімен марапатталады.

1981 жылдың қарашасынан бастап зейнеткерлік демалысқа шығып немерелері мен шеберелерінің қызығын көрді. Өмірлік Серігі Қанзия екеуі 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Сисенғалиев Хамит Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 60жылдығында Ақтөбе облысы бойынша Астанаға жеңіс шеруіне баратын 20 ардагердің бірі болып Астанаға барып қайтты. «Осындай мерекені тойлау көптеген адамдарға бұйырмады ғой» деп соғыстың қасіретті күндерін налып еске алатын. Ардагер ата Жеңістің 63 жылдығын қарсы алмас бұрын бұл өмірден озды.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей соғыстан қайтпаған боздақтарға арнап аудан орталығында ескерткіш ашылуы Ойыл халқын зор қуанышқа бөледі. Соның айқын дәлелін ардагер, ақын Жалғаспай Есенғалиевтің өлеңінен көруге болады.

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге

Жиналған мынау жамағат,
Ойылдың ардагерлері,
Еске алу кешегі ерлерді.
Сарғая күткен сағынып,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сарқыла күткен армандар.
Бас иіп тұр табынып.
Сағына күткен тарландар.
Отаны үшін жан қиған,
Жалынды ерлер жастарым,
Ағайын- туыс, барлық жан
Қастерлеп иген бастар
Арманда кеткен арыстар,
Халқы үшін жанын пида етіп,
Заманың бәлкім алыстар,
Ұрпағы келеді ер жетіп.
Баласын күткен аналар,
Боздағын күткен көре алмай.
Бауырын күткен ағалар,
Күнбатыстан көз алмай.
Шарасы толып көз жасы,
Елу жыл күткен бауырын.
Жазылған атың көк тасқа,
Ардақтап оқыр аруың.
Кешіргің бізді ,аруақтар,
Кешігіп жазылды аттарың.
Ескерткіш мәңгі орнатқан ,
Өзіңнің бауырластарың.
Аққулар ұшып төбеңнен,
Қиқулап сәнді ұраны.
Немерең менен шөберең,
Гүл қойып жылда тұрады.
Төбіреніп тұр жырауың,
Бүгінгі ғұрып-салтыңа,
Арналды осы жыр әнім,
Отанын сүйген халқыма.

ардагер, ақын Жалғасбай Есенғалиев,1991жыл

Ұлы Жеңістің 60 жылдығында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына Ойыл ауданынан қатысқандарға арналған 1938 және 1945 жылдардың арасында аудан ойынша әскери ұрыстарға қатысып, майдан даласында қалған және елге оралып қайтыс болған соғыс ардагерлерін еске алып «ЕСТЕЛІК КІТАП» бастырып шығарылыпбұл майдан даласында қаза болғандар дардың туыстары үшін зор қуаныш болды. Жалғыз Хамит ардагер ғана емес, барша жесір ананың, ұл-қыздарының жүректеріндегі қалған жаралар әлі сыздайды. Алайда, майдангерлердің шайқас даласындағы ерліктері көңілге қуаныш ұялатады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да биыл 71жыл толып отыр.

«Неменеге жетістің бола батыр, қариялар азайып бара жатыр» - деп өлең жолдарында айтылғандай зұлмат соғыстың тірі куәгерлері бірде-бір ардагер Ойыл ауданында жоқ. Енді бұл соғысты тарихтан ғана оқып білеміз. Бұл соғыс сол кездегі кеңес халқының арман-тілегі мен төзімдерін паш ететін, тарихта қалған соғыс.

Ендігі міндет Ұлы Отан соғысын оқыта отырып, олардың өнегелі өмірлерін дәріптеп, жас ұрпақты патриоттық рухта, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу.

Ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстайды. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Әрқайсының тарихта орыны бар, Елдік елге мұра - ұрпаққа ұран болып, ұрпақ үшін ұмытылмастай ұлы есім болып қалады.

Аспанымызда жеңіс туы желбірегеніне 71 жыл. Отанды қорғау Отанға деген патриоттық сезімнің шынайы үлгісін көрсеткен ерлеріміз жеңіс шежіресіне алтын әріппен жазылып, жас ұрпаққа қазақстандық патриотизмнің үлгісі болып қала береді. Қазақ халқының бұл ерлігі ұрпаққа ұран, елге мұра болмақ. «Тарих тек ғылым үшін зерттелмейді, ол ең алдымен тарихтан сабақ алу үшін зерттеледі деген» елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Скендирова Қырмызы

9- класс, М.Құсайынов атындағы Ақтөбе
Облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-интернат.
Жетекшісі: Джулаева Баия Бабыковна

Жеңіс сарбаздары

Аға ұрпақтың Ұлы Отан
соғысының от жалынды ерлік істері,
соғыстан кейінгі халық шаруашылығын
қалпына келтіру жолындағы қажырлы
еңбектері біз үшін өшпес өнеге, өлмес мұра.
Н.Ә.Назарбаев

Екінші дүниежүзілік соғыс тура немесе жанама түрде болса да. Өз шеңберіне Жер шарының барлық құрлықтарын, мемлекеттері мен халықтарын дерлік тартты. Бұл соғысқа бүкіл Жер жүзі халқының 80 пайызы тұратын 61 мемлекет қатынасты.

1940 жылы жасалған «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде Архангельск-Еділ-Астрахан шебіне шығуды көздеді. «Барбаросса» жоспарын жасағанда фашистік Германияның басшылары КСРО-ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат» ретінде қарастырды.

И.В.Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. Қазақстанда кеніш, шахта, түсті және қара металлургияның байыту фабрикалары, мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Ұлы Отан соғысында қазақтың көптеген ұл-қыз батырлары ерлікпен шайқасты. Соның ішінде зор мақтанышпен үрімдей жас бүршік Әлияны сөз еткім келеді.

Әлия Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Бұлақ ауылында дүниеге келді. Әлияның анасы Маржан 1933 жылы қайтыс болады. Анасыз қалған екі баланы бағу қиын болғандықтан, әкесі оны анасының інісі Әубәкірдің тәрбиесіне береді. Ол оны Москваға, Ленинградта оқуға жібереді. 1941 жылы оқуын бітіріп, Ташкентке оралады. 7-сынып бітірген Әлия үздік атқыштар даярлайтын әйелдер мектебінде оқыды. 1943 жылы мектебін бітіріп, 2 Прибалтика майданына қарасты 54-дербес атқыштар дивизиясының бөлімшесіне мерген болып барады. Майданда

әлденеше рет ерлік пен табандылық көрсеткен Әлия 1944 жылы 14 қаңтарда Казачиха деревнясы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Жас батыр бар болғаны 19 жыл өмір сүрді. Жауынгерлік жолы да қысқа өмірі аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына өшпес аңыз қалдырған. Балғын Әлияның бейнесі көкейімізде жас қалпында ұялап қалды. Жігіттерге батыр болуды Құдайдың өзі жазса, жүз жігітке татитын ерлік жасаған Әлияның орны бір төбе.

Талай батырды, ақынды, асылды асқақтатып, дархан халқымыз ел үшін қыршындай қиылған 19 жасар Әлиядай қызғалдағын туған елінің жүрегінде мәңгілік ұялату үшін Ақтөбе қаласының орталығында батыр қызға арнап мемориальдық мұражай ашты және туған жері Бұлақта Әлия атындағы шаруашылықтың орталығында мәрмәр тастан жасалған тас бейне, үйінің орнына белгі құлыптас қойылған. Әлияның есімімен мектеп, көше, мұражай аттары аталады. Ұрпақтар алмасқан сайын ерлікке құрмет деңгейі де биіктеп, батыр тұлғасы асқақтай түскендей, Қазақстан тәуелсіздігімен бірге Әлия ерлігінің өнегесі, елдіктің белгісіне айналды.

Ұлы Отан соғысында еліміз зор шығындарға ұшырады. Қалалар мен ауылдар, зауыттар мен фабрикалар қиратылды, адамдар қырылды. Қанша жас бала жетім атанды, қанша күмістей әйелдер жесір боп сорлап қалды. Соғыс халыққа орны толмас қайғы-қасірет әкелді.

Отанымыздың намысы мен бостандығын сақтап қалған, ата жаумен жан қияр шайқастарда ерлік пен батырлықтың тамаша үлгісін көрсеткен, бейбітшілік туын көтерген барлық соғыс ардагерлеріне тек 9-мамыр күні ғана емес, әрбір күнде, әр минутта, әр секундта зор құрмет көрсете отырып, ілтипатпен еске алуымыз керек. Осылайша, «Ұлт жүрегі-насихат» дегендей, олардың қажымас батырлығы мен таймас ерлігі жас ұрпаққа кереметтей насихатталып, жас ұрпақты елін, жерін, туған халқын шексіз сүйуге баулып, намысты қолдан бермеуге үйретеді. Елімізді алтындай жарқыратып, көк туын желбіреткен, Бабамыздың табаны тимеген жерге – қаламымыздың ұшын тигізген, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірде сүріп отқанымыз – қажырлы да қайратты, намысты да айбатты ата-бабамыздың арқасы. Әр майдангер ұрпағының жүрегінде боздақтарымыздың ерлікке толы істері мақтаныш пен қуаныш сезімін ұялатады.

Смағұлова Жансая

Ерлік рухын таратушы

Шығыста қазақ сияқты қызын еркін ұстаған халық жоқ. Бабаларымыз қыздың бетін бүркемеген. Керісінше, әйелді ерлермен тең қойып, ерлікке, өжеттікке баулыған. Қысылтаяң шақта қазақ қыздарының «ереуіл атқа ер салып», қоңыраулы найзамен жауға шапқаны да содан. Сайын даланың төсін билеген жауынгер халықтың қыздары қашан да ер болған. Өктемдікке қарсы болған. Жау жағадан алғанда намыс үшін өліспей беріспеген. Ұлт рухының қорғаушысы болған. Қазақ қыздарының жанкешті ерлігіне қатпарлы тарих куә. Ел-жұрты олардың аруағына тәубә етіп, ұрпағына өнеге қылады, тәрбиеге дінгек етеді.

«Қос шынар» қоры қоғамдық қоры - ерлердің ерлігін ұрпақ тәрбиесін ұран еткен бірлестік. Тек қазақтың ғана емес, бүтін шығыстың қос шынарына айналған арулардың атын иемдеген қор 2000 жылы мамыр айында құрылды. Сол жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 45 жыл толған еді. Осы жылдар ішінде «Қос шынар» қоры ұрпаққа үлгі болар қыруар іс тындырды.

Қазақтың қайсарлығының, тектілігінің белгісі сынды, ұрпаққа мәңгі өнеге саналатын тұлға — Әлия апамызды, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованы біздің бәріміз де қадірлейміз, бәріміз де мақтан тұтамыз. Бірақ ортамызда бір адам бар: ол Әлияға қатысты барлық пікірді, титтей де болсын ақпаратты нақ бір өзіне айтылып жатқандай қабылдайды; өзінің туған күнін ұмытса да, «Әлияның туған, қайтыс болған күндері ұмытылмаса, әр жыл сайын осы даталар міндетті түрде атап өтілсе» деп, анда-мұнда шапқылайды да жүреді; Әлия туралы бір ауыз сөз жазған журналист оған ең бір жақын адамындай көрінеді; Әлияның туған ауылы, жерленген жері жөніндегі бұрынғы деректерге қатысты дау көтерілген тұстарда, шыр-пыры шығып, күндіз-күлкі, түнде ұйқыдан айырылған бір адам болса, ол - осы кісі. Ол - Ғалымжан аға Байдербес. Осылай өмір сүріп келе жатқанына-қырық жыл. Соңғы 15-20 жылдың шамасында Әлияның қасына Мәншүкті, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованы қосып алды. «Екеуінің де ата-аналарын кеңес өкіметі «жау» танып, бала күндерінен қиындық көріп өсті, екеуі де әкесін ақтау үшін майданға аттанды, екеуі де қазақтың қайсарлығын әлемге паш етіп, ерлікпен қаза тапты. Екеуі бірін-бірі таныған, білген жоқ. Ендігі жерде оларды айыруға болмайды» — дейді. Сөйтіп, осыдан 15 жыл бұрын «Қос шынар» аталатын қайырымдылық қор құрды.

«Қос шынар» қайырымдылық қоры» қоғамдық қордың ұйытқы болуымен Шығыстың қос шынары атанған екі арудың өмір жолдарын,

ерліктерін зерттеп, насихаттау жолында көптеген істер жүзеге асырылды: Ғалымжан Байдербес Әлия мен Мәншүк туралы жарыққа шыққан дүниелерді, тың деректерді жинақтап, «Аңызға айналған арулар» (Ұзақбай Қауыспен бірге), «Әлия-ғұмыр: ерлік пен өнеге», «Ұлы Даланың батыр қыздары», «Әлияның аяулы анасы», басқа да кітаптардың жарыққа шығуына мұрындық болды; 2001 жылы Әлияның туған жері — Қобда ауданындағы Бұлақ ауылынан бастап, Мәншүктің туған жері — Батыс Қазақстан ауылының Орда ауданына дейінгі аралықты қамтыған автоэкспедиция ұйымдастырылды; 2002 жылы Ақтөбе қаласындағы № 27 мектепте «Әлия-Мәншүк» мұражайы ашылды; Ақтөбе мемлекеттік педогогикалық институтында «Әлиятану» сабағы жүргізілді; Ақтөбедегі «Набережная» көшесі Мәншүк Мәметованың атын иеленді; Әлияның анасы — Маржан Молдағұлқызы туралы деректер анықталып, оның жерленген жері табылып, бейітіне ескерткіш-белгі қойылды; Қазақстанның біздің облыстан тыс жерлері мен Ресейдегі Әлия Молдағұлова есімін иеленген мектептерде көптеген кездесулер өткізілді.

От кешкен, оқ кешкен жылдары күллі кеңестер одағында Отан соғысының батыры атанған әйел заты некен саяқ. Сын сағатта шығыс халықтары арасынан, соның ішінде тек қазақ қыздары ғана өшпес ерлік жасап, аузын айға білеген европалықтарды қайран қалдырды. Әлия мен Мәншүк ұлт мәртебесін асқақтатты. «Қос шынар» қоғамдық қоры осы ерлік рухты уағыздап келеді. Аттары аңызға айналған арулардың тағдыр талайын зерттеуге бітім-болмысымен кіріскен Ғалымжан Байдербестің мақсаты - жастарға патриоттық тәрбие беру, ерлік рухын өшірмеу. Шығыстың қос батыр қызы Әлия мен Мәншүк Қазақстанның батысында туғанмен, исі қазаққа ортақ есімдер. Ерліктерін ұлықтап, есімдерін есте қалдыруды ойлап, тек туған жерлерінде емес, еліміздің өзге өңірлерінде де қос батыр қыздарымыздың аттары берілген оқу орындары, көшелер, мұражайлар, тұтас ауылдар аз емес.

Елі үшін құрбан болған батырдың есімі ұмытылмайды. Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың әр жыл сайын қаза болған күні еске алынады. 2013 жылы 14 қаңтар күні Әлия Молдағұлова Нұрмұханбетқызының ерлікпен қаза болғанына 69 жыл, Әлияның анасы Маржан Молдағұлқызының қайтыс болғанына 80 жыл толуына орай Әлия ауылында «Әлияның аяулы анасы» деген тақырыппен еске алу жиыны өтті.

Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың ерлікпен қаза тапқан күнін қобдалықтар жыл сайын еске алу рәсімі ретінде атап өтеді. Дәстүрлі шараны жерлестері батырдың есімі берілген ауылдағы батыр қыздың құрметіне бой көтерген «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығында өткізді. Жиын – батыр қыздың ескерткішінің басына көпшілік жиналып, митинг жасап, гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен батыр рухына тағзым етуден басталды.

Әлия Молдағұлованың анасын ардақтау – исі қазақты ардақтау, тағзым ету, батырға деген ел махаббатының белгісі. Оның рухы халық жадында мәңгілік тұр, жерде гүл болып жайқалады. Осы шараға облыс орталығынан батыр туралы деректерді жинастырып жүрген қазақтың ерлік тарихындағы аттары аңызға айналған Әлия мен Мәншүкті бүгінгі жастарға танытып, патриоттық тәрбие берудің үлгісіне ұсынуға үлес қосқан «Қос Шынар» қоғамдық қорының төрағасы Ғалымжан Байдербес бастаған өкілдер келді.

— Міне, бүгін 19 жас қана өмір сүріп, ғасырларға жететін ерлік жасаған Әлияны тек Қазақстан емес, бүкіл дүниежүзі танып отыр. Оның қамшының сабындай қысқа ғұмыры бізге тарих болып қала бермек. Осы ауылда жүргізілген шараның барлығы батырдың құрметіне жасалады. Енді біз жасалған еңбекті жалғастырып, әр мүлікті естеліктей сақтап, күтіп ұстауға тиіспіз. Ұрпақтан – ұрпаққа жалғасатын Әлия есіміне лайықты болуымыз керек. Нәзік саусақтарымен темір шүріппені басып, жауға оқ жаудыртқаны елі үшін жасаған қарекеті екенін ұмытпауға тиіспіз. Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова жайында аз жазылған жоқ. Кинофильмдер түсірілді, ескерткіштер арналып, өңірі гүлге толы саябақтар ашылды. Ерлікке құрмет ретінде біз жыл сайын бұл күнді атап өтеміз. Әлия тек қазақ емес, кешегі кеңестік кеңістіктегі халықтың ортақ қызына айналды. Бұл – кім болса соның маңдайына жазылмайтын тағдыр. Осы жылдар ішінде халқы оны есінен шығарған емес, шығармайды да, – деді батыр қыздың шырақшысы болып жүрген ағамыз Ғ. Байдербес. Жаратылысы нәзік гүлдей әйел заты болса да, кез келген ер азаматтың қолынан келе бермейтін ерекше қайсарлық, жігер, көзсіз ерлік бойынан табылған Әлия апамыздың есімі қазақ халқы үшін қашанда қастерлі.

Таспенова Айгерим

Бергі тас, Көк ала айғыр, Желтау тауларының арасында орналасқан кішкене ауыл. Ерекше табиғат аясында орналасқан осынау Қойсалған жерінің де өзіндік тарихы бар. Ел-ел болғалы, адам-адам болғалы атам қазақтың кәсібі мен азығы төрт түлік мал болған. Бір жылдары ауыл халқы үшін ауыр күн болған. Қуаңшылық, жұт жылы ел адамдарының аштықтан аман қалуына осы төрт түлік малдың бірі қой себеп болған деседі. Азығы бітіп, шарасы таусылған ауыл адамдарына көмек ретінде жақын маңдағы ауылдардан қой әкелген. Сөйтіп өзекті өртеген аштықтан құтылуға қой себеп болып, ауылды Қойсалған деп атаған. Ауыл табиғатын Еркеш Ибраһим жырға қосқан.

Қойсалған жері көк орма,
Тебіренді көк арман.
Найзағай бұлтқа қамшы іліп,
Теңселеді тал-шілік.
Қайранда шіркін, Қойсалған!

Өмір күнделікті тіршілік қамымен өтіп жатты. Қашанда өмір біреуге қуаныш, біреуге қайғы, енді біреуге молшылық пен жоқшылық әкелетін әдеті ғой. Елемесовтар отбасының да өмірде көріп жатқан қиындығы аз емес еді. Елемесовтар отбасына келген балалардың бірінен соң бірі шетінеп кете берді. Бұл отбасы үшін жоқшылықтан да қиын, ауыр қайғы еді. Сүйтіп жүріп шүкіршілікпен өздерін жұбатып, құдайға сыйынған отбасына қуаныш сәулесі үңілді. Отбасына тағы бір жаңа сәби келді. Мәлік деп азан шақырып атын қойды. Мәлік арабша патша, билеуші деген мағына береді екен. Отбасының кішкене «патшасы» өте зерек болып өседі, бірақ әлжуаз, нәзік болады. Бірде ол өзінің оқығысы келетінін айтады. Әкесі сен үшін жұмысты кім істейді, әрі ауылда мектеп те жоқ екенін айтады. Әжесі Мадиян немересінің сөзін сөйлейді. Сүйтіп Мәлік көрші ауылда екі жылдық училищені бітіреді.

М.Ғабдуллин: «Адамды алға жетелейтін ой-санасын тазартатын жан дүниесін дүр сілкіндіретін, қанаттандыратын бір күш бар. Ол - арман. Мәлік арманы халыққа пайдалы іс атқарсам дегенге саяды. Ол бір арманым орындалса, сап етіп екіншісі туады. Ол іске асысымен «мен мұңдалап» үшіншісі келеді» деген екен. Өзі айтпақшы бала Мәліктің сол кездегі арманы әрі қарай оқу еді. Бірде «Бостандық туы» газетінен Петропавл педагогикалық техникумы дайындық курсына студенттер қабылдайтынын жазған. Оны оқыған бала тағы да әке-шешесіне өтініш айтады. Бұл жолы оны әжесі де құптамайды. Күтпеген жерден бұл жолы немересіне атасы қолдау көрсетеді. Өкінішке орай Мәлік аталған оқудан қалып қояды. Келесі жылы кел деген

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сөзге тоқтамай Көкшетау қаласындағы мектепке төртінші класқа қабылданады. Міне осылайша оған білім есігі ашылады.

Қазақстан еліңе,
Туып өскен жеріңе,
Сүйікті болдың Мәлігім!

-деп Кенен Әзірбаев айтқандай халқының қалаулысы бола білген М.Ғабдуллиннің өмір жолына тоқталайық.

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-педагог, жазушы-публицист М.Ғабдуллиннің бүкіл ғылыми шығармашылық қызыметі негізінен қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетін зерттеуге арналған. 1935 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітірген.

«Пионер» газетінің жауапты редакторының қызыметкері. 1938-1941 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасында оқыған.

Генерал И.В.Панфилов бастаған даңқты 28-гвардия құрамында Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысты. Бірінші автоматшылар ротасының саяси жетекшісі, екінші атқыштар батальонының комиссары, полк үгітшісі болған. Мәскеу іргесіндегі қанды шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсеткен.

1944-1946 жылдары КСРО Қорғаныс Министірлігі Жоғарғы Саяси Басқармасы үгіт-насихат бөлімінің бастығы, ал 1946-1951 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтында директордың орынбасары, директоры, 1951-1963 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры, 1963 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарған. Екі рет Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды.

М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Проблема народности казахского героического эпоса», «Ел намысы-ер намысы», «Сұрапыл жылдар» атты шығармалары да бар. М.Ғабдуллиннің қызыметі мен еңбек жолын тізбектеп айта беруге болады. Алайда ағамыздың соғыс жылдарына тоқталмай кетуге болмас деп ойлаймын. 1941 жылдың қыркүйегінен бастап соғыстың соңына дейін фашистік соққыдан Отанын қорғау борышын абыроймен атқарады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік солдаттардың біразына қолбасшылық етеді. Ол басқарған сарбаздар тісіне дейін қаруланған фашистердің әскерлеріне тойтара соққы береді. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі танкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік ағамыз жарақат алады. Алайда алған жарақатына қарамастан жауға қарсы оқ бора-

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

тады. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен (№1035) Мәлік Ғабдуллинге 1943 жылдың 30-қаңтарынан бастап Кеңес Одағының Батыры атағын береді. Бұл атақпен қоса Ленин ордені және «Золотая Звезда» медалі де беріледі.

М.Ғабдуллин соғыса жүріп майдандас достарының ерлігін, қиындықта көңілге түйген ізгі ойларын, ақыл-кеңестерін хатқа түсіріп отырған. Мысалы: соғыс шығынсыз болмайды ғой. Өліп кетсек те, тірі болсақ та, халық қосқан аманатты адал ақтай алсақ, жақсы болар еді. Оны ақтаймыз деген сенім күшті-ақ. /1941 жыл қазан/.

Мен майданда әділдік, шындық, ақиқат үшін соғысып, қан төгіп жүрмін. Әділдік үшін бәйгеге басымды тігемін. /5-мамыр 1943 жыл/ т.с.с.

Мен Мәлік ағамызды мақтан тұтамын. Қазақстан жерінде Мәлік сияқты Отаны үшін отқа түскен қаһарман ұл, қыздар баршылық. Олардың бәрінің де аруағына бас июге, құрмет көрсетуге, есімін құрметтеп еске алуға тұрарлық перзенттер. Ерлікті дәстүр еткен, елдікті аңсаған Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы да ата дәстүрін берік ұстап келеді. Қазақстан жерінде қазір әр ұлттың өкілі тату-тәтті тұрып, тұрмыс құрып жатыр. Олар бірлесе, тізе қоса сап түзеген. Бәрі бір ауыл, бір бауыр. Өйткені олар-қазағы да, орысы да, немісі де татары да бірлік арқылы ғана бақытқа жететінін терең сезінеді. Сондықтан да бірге, бірлесе түседі.

Шығармамды Жамбыл Жабаевтің ағамызға арнаған өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Батырым – Мәлік беренім,
Жүйрігім – озған өренім.
Халқы сүйген қалаулым,
Жырымды саған төгемін.

Тобыш Жансая

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Ұлы соғыс жаңғырығы өшпейді

Халық ерлігі қай қоғамда, қай идеология кезінде болмасын өшпейді де өлмейді, ол адам баласының жадында ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, өзінің жалғасын таба бермек. Бұған дәлел ретінде адам қоғамында ерте заманнан бері орын алып отырған саналуан соғыстар тарихына жүгінсек жетіп жатыр.

Адамзат тарихында үлкенді – кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысы болды. Соғыста жеңіске жетуде миллиондаған Кеңес Одағы адамдарының тағдырлары мен өмірлері құрбан болды. Осы уақытқа дейін жабық саналып келген мұрағат қорларындағы құжаттарды пайдалануға және әскери саладағы құпиялардың ашылуына байланысты соғысқа қатысқан адамдардың саны, қазақстандықтардың ортақ жеңіске қосқан үлесі анықтала бастады. Қазақстандықтардың үлесі әскери құрылымдарды құру, оқ-дәрі жасау, эвакуацияланғандарға көмек көрсету, қаражат жинау, майдандағыларды киім-кешекпен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді.

Жеңіске жетудің бірінші қадамы Қызыл Армияны дер кезінде адамдармен толықтырылып отыру болғаны белгілі. 1945 жылдың ақпан айына дейін Қазақстаннан майданға 1,5 млн. жуық адам жіберілген деп саналды. Алайда, жоғарыда аталған сандар нақты емес, ол бүгінгі күнге дейін жаңа мәліметтермен толығу үстінде. Мысалы, Ұлы Отан соғысына қатысқандар туралы айтылғанда әр уақытта Кеңестік Армия қатарын 1938, 1939, 1940 жылдары шақырылғандарды есепке ала бермейді. Жалпы алғанда Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың саны 2 млн-нан кем емес деп жорамалданады. Қазақстаннан майданға 4 ұлттық атты дивизия, 7 атқыштар бригадасы, сондай-ақ 2 ұлттық атқыштар бригадасы жөнелтілген еді, 50-ге жуық әртүрлі әскери полктер мен батальондар құрылды.

Майданда гвардиялық атаққа ие болған 5 әскери құрама сәтті ұрыстар жүргізді, ұлттық әскерлер құрылып, майданға аттандырылды. Атап айтқанда олар Өскемен қаласында, Жамбылда және Ақмолада құрылған атты әскерлер болса, Алматы және Ақтөбеде жекелеген атқыштар бригадалары ұйымдастырылды. Барлығы Қазвоенкоматтан соғыс жылдары майданға 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 1 зенит полкі, 12 құрылыс және 2 автобатальон аттандырылды. Қазіргі кезде Ладога өзені арқылы Ленинградқа жүк тасымалдаған жүргізушілердің жартысын қазақстандықтар болды деген деректер

бар. Қазақстан соғыс өнімдерін соғыс жылдары жаппай тәртіппен КСРО – ның батыстағы эвакуацияланған облыстарының 19 қорғаныс заводтарының есебінен өндірді. Мұның барлығы Қазақстан соғыс жылдары шын мәнінде майдан арсеналы болғанын айғақтайды.

1941 маусымнан қарашаға дейін Қазақстанға зауыттар мен ондаған мың жұмысшылар және олардың отбасылары, майдан шебінде қалған өлкелер мен облыстардың халықтары эвакуацияланды, олар қазақстандықтар мен бірге майданның қуатты арсеналын қалыптастырды.

Жеңіс өте қымбатқа түсті. Шайқас алаңында, өлім лагерлерінде, жаулап алған аумақтар қоршауда қалған Ленинградта, жау тылында 30 миллионға жуық кеңес адамдары қаза тапты. Елдің ұлттық байлығының үштен бірі жойылды. Кеңес одағының халқы соғыстың негізгі ауыртпалығын өз иықтарымен көтеріп, гитлерлік Германияны талқандауда шешуші роль атқарды. Халықтар достығы, отаншылдық, Отанға деген өлшеусіз махаббат, аға ұрпақтың ерлігі мен батырлығы тәрізді ұлы әлеуметтік факторларды ешуақытта естен шығаруға болмайды.

Фашистік Германия мен оның одақтастарын жеңу халықтың бірлігі, майдан мен тылдың бірлігі, ұрыс даласындағы жаппай қаһармандық пен халықтың еңбектегі ерлігі арқасында мүмкін болды. Герман фашизмінің талқандалуы дүниежүзілік көлемде аса зор, аса терең әлеуметтік- саяси өзгерістерге қол жеткізді, сонымен қатар ол нағыз революцияшыл идеологияның нацистердің жалмауыздық идеологиясының күйрете жеңуінің салтанаты болды.

Отан соғысы Кеңестер құрамындағы сан ұлт өкілдерінің топтасқан теңдесі жоқ рухани күшін әлемге паш етті. Кеңес Одағының барлық халықтары басқыншыларға қарсы қасиетті соғысқа бір адамдай көтерілді. Өлімнің аузына мың рет барып, мың рет ажалдың бетіне тура қараған, өз Отаны үшін, Жеңіс үшін талай ұлы құрбандықтар берген осынау қайсар да қарапайым ерлердің есімін ұмыттырмау үшін суреткерлеріміз бен тарихшыларымыз музыка әуенінің ең үндісін, бояудың ең ашық түрін, сөздің ең асылын іздеп таба білер деген үміттеміз. Отанымыздың азаттығы мен тәуелсіздігінің өтеуіне өз өмірлерін қия отырып, хас батырлық пен батыллықтың арқасына өз халқына, өз жеріне қызмет етудің үлгісін көрсеткендер ешқашан ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлардың ерлігі ерекше маңызды. Ол Кеңес елінің әрбір қарапайым азаматының бойында ірі ерлік барлығын көрсетеді. Біздің елде сана- сезім деген жеке топтардың ғана қолы жеткен іс емес, жаппай халықтық қасиет екенін дәлелдейді. Ел шетіне жау тиіп, халық өмірінің қаймағы бұзылса ер азамат жай жата ала ма? Ер етігімен су кешіп ғана қойған жоқ, ер толарсақтан саз кешті, саз аралас қан кешті, шыбын жанын пида етті.

Жыл өткен сайын Ұлы Отан соғысының жаңғырығы алыстап барады. Бірақ халқымыздың тарихында елі үшін жанын аямаған, Ұлы Жеңісті жақындатқан жауынгерлердің ерлігі біздің жүрегімізде және келер ұрпақтың есінде мәңгі қалмақ. От жалынға оранған соғыс жылдарындағы майдангерлердің жанқиярлық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

батырлығы мен батылдығы ұрпақ үшін өшпес өнеге. Туған халқының мақтанышына айналған даңқты батырлар жайлы естеліктерді мейірімді елі қола, гранит, мәрмәр ескерткіштерде, мемориалдық тақталарда жазып есте сақтаса, жас ұрпақ санасында сақтап, болашаққа жеткізеді.

Жеңіс күні біздер үшін- орны толмас жан азабы мен көз жасы, солардың орнын баса келген, бәрімізді біріктірген адами қуаныш мерекесі. Бұл күндері біз сіздермен бірге қазіргі сәтте қатарда жоқ, болашақ үшін қаза тапқан жауынгерлерді еске аламыз. Жердегі тіршілік пен бейбітшілік күні үшін қарапайым жауынгер күреспен, соның жемісін татып отырған халық барда олардың жарқын бейнесі ұмытылмайды және ұмытылмақ емес. Ер есімі қашанда ел есінде. Біз әрқашан Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін болады.

Төлеубайқызы Меруерт

9 класс Б.Алманов атындағы орта мектебі

Ырғыз ауданы, Ақтөбе облысы

Жетекшілері: Мұхтарова Ғазиза

Қалмағанбетова Нұргүл

Ерліктің белгісіндей ару-ғұмыр...

... Авторы есімде жоқ. ұмытпасам «Жас алаш» газетінен ғой деймін, «Мәңгілікке ұмтылған тоғыз тырна» деп аталатын мақаланы оқығам... Ресей елінің Самара облысындағы Үлкен Киннель өзенінің жанындағы тік жарқабақ пен сол жарқабақтың үстінде орнатылған солдат Анасы мен оның тоғыз перзентінің құрметіне қойылған керемет ескерткіш бар екен. Мақаланы оқыдым, ескерткішті көрдім де, қайран қалдым, қараптан-қарап көзіме жас тығылды. Өмір бойы күйеуі мен балаларының тілеушісі болып келген қайран Ана жүрегі ғұмыр бойы күткен үмітінің бір-ақ сәтте тасқа айналғанын көтере алмады ма, әлде барлық аналық мейірімін соғыс ұрлаған қатыгез тағдырына налыды ма соңғы – «қара қағаз» келген күні бұл өмірден жүріп кетіпті. Сол анаға, ерліктің Анасына қойылған ескерткіш сонау көкжиекке – балалары кеткен жаққа сол күйі қалт етпестен қарап тұр. Кеудесі шыраққа, жанары үмітке толы, келбетінде арманын сағынышқа суарған мұң бар секілденеді. Өз халқына деген шексіз махаббаттан тұратын төзім арқалағандай... Ана мүсінінің үстімен мәңгілікке ұмтылған тоғыз тырна әлдеқайда тыраулап ұшып бара жатыр...

Ана, қашан да Ана! Орыс солдаты Анасының жүрегіндегі асыл арманы, бойындағы ерлігі мұңы бір барлық Аналардың мұратымен астасып жатты. Қайнаған еңбек даласында жаулығы желбіреп, әлсін-әлсін көкжиекке көз тастап, бұлдыраған сағым арасынан қараңдаған сұлба іздеп үміттенген Аналардың бел қайысар қасіретін шертіп тарих беттері қан жылайды.

Осы мақаланы оқи отырып, зілмауыр қасіретті, қайғыны нәзік иығымен арқалай білген қазақ әйелі,

Бала дәурен өтті ғой құйындаған,
Балы менен шекері бұйырмаған,

- деп жылай жүріп, көкелерін сағына жүріп ержеткен соғыс жылдарындағы балалар, рухын құлатпаған, жігерлері жасымаған, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерліктерін еске түсірдім, түсірдім де «өзім жығылсам жығылайын, бірақ халқымның туы жығылмасыншы» деп өзін құрбандыққа шалған бабаларымыздың бүгінгі ұрпағының атынан бас иіп, тағзым еттім...

Қандай ғана анадан туады адам
Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!
О, Тыныштық!
Тыныштық, қандай рахат!
Қандай рахат сәбилер жыламаған.

Соғыс балалық бал дәуреніне жазылмас жара, көкірегіне қорғасындай өшпес дақ қалдырған 41-ші жылдың балалары... Олар туралы біз Д.Исабековтың, С.Мұратбековтың, Б.Соқпақбаевтың, Т.Ахтановтың шығармаларынан оқып-білдік, біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ соғыс салған жараның ізін соғыста жараланып, майдан даласына аяғын қалдырған бүгінде арамызда жоқ ауылымыздағы Ерғали атаның, соғыс зардабынан қос жанарын жоғалтқан Дүзелбай атаның әжім торлаған жүздерінен байқадық, олардың қанға шомған тарихтан шерткен сырларынан түсіндік, «Сендер соғысты көрмесеңдер екен, соғыстың соңғы куәгерлері біз болайық» деп күбірлейтін әжелеріміздің арман-тілегінен ұғындық.

Қабакқа қайғы қондырған, сәби жүректерді дір еткізген сұрапыл соғыс өрті шарпымаған шаңырақ аз болды ма, сірә?

Белін шарт буынып, қолына күрек – кетпенін ұстаған келіншек, жарын күткен әйел, жалғызын жоғалтқан Ана, әкесін аңсаған бала Батысқа қарап елеңдеп, соғыстың қайғы – қасіретін арқалай жүріп ұлы Жеңісті жақындатты. Ел басына күн туғанда ер – азаматтарымен тізе қосып, атқа қонған «ерліктің қос қанаты» Әлия мен Мәншүк, жаулары «қанатты түнгі мыстан» деп сескенген, достары «қазақтың қыран қанатты қызы» деп масаттанған Хиуаз апаларымыз болашағымызға бағдаршам болып ақсақал тарихымыздың көшбасында тұр. Қаһарлы соғыс жылдары мұз жастанып, қар кешкен, ерлермен қатар сапқа тұрған қазақтың қайсар қызы Әлия апамыз бүкіл халқымыздың қанына тән қасиетті танытты. Қазақтың қаршадай мерген қызы алған бетінен қайтпайтын табандылығымен ұрпаққа өнеге болатындай ерлік көрсетті, ол бар болғаны 19-да еді. Бой түзейтін қыз-ғұмыры қанға боялып, сән түзейтін шағында ажал құшты. Оны жалындатқан да, жасытпаған да – бойдағы кез келген ер адамға біте бермейтін көзсіз батырлығы, Отанға деген сүйіспеншілігі.

Ал, соғыс басталғанда «ағайым да, апайым да жоқ, фашистерді жою үшін майданға өзімді жіберіңіз», деп 18-жасында өтініш жазған Мәншүк ерлермен қатар қиындықтарды өткерді, ну ормандардан өтті, судан жүзіп өтіп, жер жорғалап, пулемет атып үйренді, сол қан майданда Мәншүк 22 жасында ерлікпен қаза тапты. Гүл ұстайтын нәзік саусақтары зілдей ауыр «Максимканы» сүйрей жүріп соғысты. «Мәншүк» деп еркелетер есімін наздана жүріп естімеген қазақтың қайран Мәнсиясы-ай !!! Кез келген қыз аңсайтын мөлдір махаббатын отқа оранған майдан даласына ауыстырған Қыз – ғұмырлар жүректеріңе гүл тағылмаса да, Отан жүрегіне гүл болып

мәңгілікке өсіп шықты. «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған «Шығыстың қос шынарының» есімдері тарих парағының алтын әріптермен жазылып қалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әйгілі ұшқыш Марина Раскованың полкінің құрамында болып, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен Хиуаз әжеміз жау тылында есепсіз аспанға көтеріліп теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанды. Неміс – фашистерінің ошағын тып – типыл етіп, бомбалаған жауынгерлік ерліктері ұшан – теңіз, 300 – ден аса әуеге көтеріліп, жаудың әскери техникасын талқандауда асқан ерлік көрсеткен Хиуаз Доспанова соғысты Берлин түбінде аяқтап, Жеңіс күнін Мәскеудің Қызыл Алаңында тойлаған. Өкініштісі сол, көк аспанда қыран болып самғаған Хиуаз әжеміздің ерлігі де, есімі де көп жылдар бойы тиісті бағасын ала алмай, тек Жеңістің 60- жылдығында ғана жасы 80-нен асқанда Елбасымыздың жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Ия, осылайша ел басына күн туған шақта Қазақ Қызы тек мейірімділіктің, төзімділіктің, табандылықтың ғана емес, ерліктің де айнасы екендігін дәлелдеді.

Шынында да осындай Қазақ Қызы, Қазақ Анасы ерліктің де, елдіктің де нұрын сеппесе, біз бүгінде өз Ата Заңы, өз Елтаңбасы, өз Әнұраны, өз Көк Туы бар, әлем мойындаған мемлекет болып айрандай ұйып отыруымыз да неғайбыл еді...

Бейбіт көктемнің таңы атқалы да 71-ші жылға аяқ бастық, бейбітшілік құсының көк аспанда қалықтағанына да – 71 жыл, 71 күз, 71 қыс, 71 жаз.

Біз соғысты көрмедік, бірақ Жеңістің қаншалықты қымбатқа түскенін кіп-кішкентай жүрегімізбен түсіндік.

Бүгінгі ұрпақ бейбіт заман мен мынау дүрбелеңге толы дөңгеленген дүниедегі әрбір тыныш атқан таңымыз үшін аға ұрпақ алдында мәңгі қарыздармыз. Қан майданда от кешкен, қар жамылып, мұз жастанған, туған жерден бір уыс топырақ та бұйырмаған олардың ерлігі тек шежіре ғана емес, үлкен өнеге.

Жаужүрек, өр рухты дана халықтың ұрпағына Елбасымыздың «Білектің күші, найзаның ұшы бүгіндей қилы заманда ел қауіпсіздігін сақтауда жеткіліксіз. Терең ақыл, асқан білім, біртұтас бірлік қажет» деген сөздері жігерді жанып, қайсар рух беретін жалынды сөздер.

Қасиетті Хадисте «Иманды адам ең әуелі – өзіне қорған, елінің де нағыз қорғаны» деген сөз бар. Діндердің ең әділі – Ислам діні – Бейбітшілік діні. Олай болса, иманды ұрпақ – туып – өскен отбасының, ауылының, Елінің қорғаны. Мен де сондай азамат болып, ел дамуына өз үлесімді қоссам мақсаттарымның бір бөлшегі орындалғаны деп білер ем.

Тұрғалиева Жанерке

10-сынып, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,

Саға мектеп – балабақшасы

Жетекшісі: Аккошкарова Бибигул Курлысовна

Ұрпағы батыр елдің арманы жоқ

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік

Бауыржан Момышұлы

Адам қазасы. Халық қасіреті. Адамзатқа төнген апат. Зардап көлемі әртүрлі болса да, осылардың қайсысын ойлағанда жүрек дір етпейді?! Қайсысын көз алдыға елестеткенде әлдебір тілсіз жаудың, зұлым күштің зорлығына душар болып, қиылып бара жатқан қыршын жандардың қиналысы жаныңды түршіктірмейды?! Өмірді тұншықтырған өктем күш қай уақытта, қандай сәтте белең алса да, қайғылы оқиға аталып, жүрекке зар құятыны анық.

Солардың ішінде көп апат, індеттерден адам баласын көп қасіретке душар еткен қанды оқиғалардың, күйретуші күштердің аты – соғыс. Адамзат тарихында қанша рет соғыс болды? Сол сүргіндерде қанша ғұмыр қазаға ұшырады? Осы тұстағы дау туғызбайтын бір шындық – Кеңес халқының фашизм шапқыншылығына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы барлық соғыстардың ең үлкені, себебі мен мақсаты жағынан да, қасіреті мен қиындық-қыспағының көлемі жағынан да мүлде ерекшесі болды.

«Соғыс! Ел шетіне жау тиіп, опасыздық ойранын сала келіпті. Батыстан қаптаған қара бүйідей қалың намыт жолшыбай кездескен тіршілік атаулыны жалмап жұтып, жауыздық өртің қаулатын келеді. Елдігіңді етіктің табанымен таптап, қорлығы мен зорлығын қара тажалдың маңдайындағы қос мүйіздей кезек жайпап, ішін тарта ысқырынып келеді. Елдің намысын, халықтың қаһарын, ер-азаматтың қайратын белге түйіп, қарсы шап, түгел аттан! Көзі қанталаған обыр жауды тұмсықтан ұрып, тұралатып таста! Есін жиғызба, елін тапқызба, енді қайта бас көтере алмастай етіп, біржола есеңгіретіп жібер!»

Ел бұйрығы, Отан әмірі осындай еді! Талай жанның елдікті аңсаған арманы орындалды. Елдің бостандығы мен намысы қорғалып, аман қалды. Жауды өз үңгіріне қуып тығып, тас талқан етті. Біраз жылдың ішінде бүкіл Еуропаны аяғынан тік тұрғызған, біріне-бірін жендет қылып қойған фашизм індетінің ініне су құйылды. Күллі адамзаттың талай замандар бойы ойымен және қолымен жасалған небір асылы мен ардағын арамдап, талақ етпек болған тағылық мақсат халықтардың қаһарына ұшырады.

Бірақ, осы екі аралықта біздің елдің басына қара бұлттай ойнаған қалың қасірет пен қайғының табандатқан төрт жылы мен мың жарымға тарта тәуліктің талай өмірді жалмаған ажалды күндері мен азапты түндері бар еді. Бұл екі арада еліміздің қасиетті жерінің талай пұшпағы жау табының астында тапталып, қорлыққа түсті. Талай қала мен ауыл тамтығы қалмай қирап, тып-типыл болды.

Осындай ел басына күн туған шақта қолына қару алып, майдан шебін бетке алып, Отанының бостандығы мен азаттығы үшін жанын қиюға дейін барып, жауды жеңіп, Жеңіс туын қолына алғаннан кейін де елінің дамуына үлесін қосып, болашақ үшін еңбек еткен ардагерлерді қалай мақтасақ та, жарасымды. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан, сондай-ақ елге оралған жауынгерлердің алдында басымызды иеміз. Ұлы Отан соғысында қаһармандық ерлігі үшін 35 Ақтөбелік жауынгер Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Ақтөбеліктер қатарында мен туып-өскен Ойыл ауданынан 2613 ойылдық азаматтар Мәскеу, Ленинград, Сталинград түбіндегі ұрыстарда, Украина, Белоруссия, Прибалтика, Польша мен Шығыс Пруссияны неміс фашизмінен азат етуде және Берлин үшін күресте қайталанбас ерлік үлгісін көрсете білді.

Ұлы Отан соғысына менің ауылымнан 300-дей азамат соғысқа аттанып, 143-і Отаны үшін жанын пиде етіп, жас ұрпақтың жарқын болашағы жолында құрбан болса, 134 азамат елге оралып, жемісті еңбек етіп, ауылымыздың көркеюіне атсалысқан. Атап өтетін болсам, Алдабергенов Қайырбек елге оралғаннан кейін зейнетке шыққанша Саға орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқырған. Бектеміров Ораз II топтағы мүгедектігіне қарамастан, совхозда малшы болып еңбек еткен. Дүйсенғалиев Мәлік 1953-63 жылдары Ойыл аудандық оқу бөлімін басқарған, 1966-1981 жылдары Саға орта мектебінде мектеп директоры болып қызмет атқарған. Еңбегі бағаланып, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Әрине, елге оралған ардагерлердің еңбектері өз уақытында еленбей қалған емес.

Тарихы оқиғалар - тарихы тұлғаларға толы. Қан майданда жаумен алысып, бейбіт өмірде еліміздің өркендеуіне үлес қосқан ауылымның азаматтары, міне, осындай жандар. Олардың әрқайсысы – өмірі мен ісі жас ұрпаққа ғибрат боларлық, эпостық туындыларға өзек боларлық тұлғалар. Бұлар – елі үшін, тәуелсіздік, егемендік үшін жүрегін шырақ еткен қаһарман алып ардагерлер! Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бейбіт өмірі, сән-салтанаты – батыр халықтың жеңісі, жауынгерлер мен соғыс ардагерлерінің батырлығы мен еңбекқорлығының жемісі екенін ешкім де ұмытпайды.

Ауыл азаматтары бізге тәуелсіздіктің ақ таңын жақындатқан, Жеңіс әперген, жасымас жігерімен, жалынды отаншылдығымен тұлғаланып көрінген Ұлы Отан соғысының ардагерлерін әрқашан қастерлеп, жадында сақтайды. Соғыс ардагерлері небір ауыр сындарды, қанқұйлы дұшпандармен

жан аямас шайқасты, жауынгер достардан айырлудың азасын, соғыстан кейінгі жанқиярлық еңбекті бастан кешірді. Сонда да сыр бермеді. Сондықтан да, ардагерлер қазіргі және келер ұрпақ үшін де мәңгі-бақи жеңімпаздар болып қала бермек.

Кешегі тарих – бүгінге тәлім. Ол тарих ел мен ердің өмірінен бастау алады. Бұл күндері батырлардың қаһармандық ерліктері ұлдың ұлына, қыздың қызына аңыз боп жетері хақ. Маған да жастайымнан нағашы атам өз әкесі – Бікіров Бекқожаның Отанымызға қауіп төнген шақта еліміз бен жерімізді қанқұйлы басқыншылардан толық тазартып, фашизмнің күлін көкке ұшырауда, гитлершілердің тепкісінде жатқан халықтарға туысқандық қол ұшын беруде, олардың түбегейлі азат етуде көрсеткен.

Ұлы Жеңіске қол жеткізуімізге батыр ағаларымызбен қатар, тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі орасан зор. Жау Кеңес Одағының бүкіл батыс жерлерін басып алып, Мәскеуге жақын келіп, масайрап тұрған кезде, Орта Азия Республикалары мен Қазақстан сияқты ресурстарға бай тыл болмаса, Батыстан осы аймаққа көшірілген кәсіпорындар айрықша жылдамдықпен іске қосылып, Кеңес әскерін қару –жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз етпесе, жауды қалай талқандар еді?! Сол себептен де, біз тыл еңбеккерлерінің, оның ішінде таңның атысы, күннің батысы егіс даласында ер азаматтардың орнын жоқтатпаған аналардың, балалық шақтың бал дәмі татудың орнына, тағдыр жазуымен соғыстың ащы дәмін жастайынан татып, ауыртпалығын мойнымен көтерген жас балалардың, бауыреті баласы үшін қарттығына қарамай аянбай тер төккен қариялардың еңбегінің қандай үлкен екендігін жадымыздан шығармауымыз керек.

«Ер есімі ел есінде» демекші, Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс басқаншыларына қарсы күресте шейіт болған азаматтардың есімдері ұмытылуға тиіс емес, олардың рухы алдында басымызды июге тиіспіз. Кешегі Ұлы Отан соғысы ондағы халқымыздың теңдесі жоқ ерлігі тарихтың айтулы бір белесі екендігінде дау жоқ.

Бұл күнде біздің елде ұранға айналып кеткен бір сөз бар: «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрседе естен шыққан жоқ!» Ұлы Отан соғысының ерлік шежіресін ойға алғанда, біз осылай дейміз. Өйткені, Ұлы Жеңістің аяқталғанына 71 жыл толғалы отырса да, бұл ғаламат соғысты ұмыттырмайтын әрбір үйдің бір-бір қазасы, әрбір адамның бастан кешкен бір-бір хикаясы бар.

Әрине, қанды соғыстың тағы бір аты-қасірет болғанда, әділ істің мұратындай Жеңіс деген жарқын ұғымның екінші аты да – Ерлік. Біз Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау азабы мен қазасын еске алып, қаншшалықты қапалансақ та, сол төгілген қан мен үзілген өмірлердің, өртенген жер мен шаруашылықтың үлкен төлеуіндей Жеңіс күннің қуанышын еске алып, жұбанамыз. Қаһармандық ерлік салтын қастерлеу-ұлттық идеологияның басты қайнары.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Кешегі күннің жеңісі-бүгінгінің жемісі». Қазір біздің ашық аспан астында бейбіт өмір сүріп жатқанымыз-ерен ерлік көрсеткен аталарымыздың, ерен еңбек терін төккен апаларымыздың арқасы. Бүгінгі ұрпақ пен келер буын болашақта Отан-Ана алдында ұлы борышын өтеген, ел еңсесін көтерген қастерлі есімдерді ұмытпақ емес.

Убайдулла Гаухар

11 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Жетекші: Тынышбаева Лиза Жакиповна

Ерлік ешқашан ұмытылмайды!

1941 жылдың жазы. Таң алдында тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Бойжеткен жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы таяғын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл 1418 күн мен түнге созылған соғыста өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақтың болашағы үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украйна қарсы алдындағы жауға алынбас қамал болып жұмылды. Сол кездегі кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған шайқастарда батырлықтың тамаша үлгісін көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында Жеңіс туын көтеріп өтті.

Қазақ қыздары да соғыс ауырпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап соғысқа сұранып, әскери комиссариаттарға хат жазған қазақ қыздары өте көп болды. Мысалы, Қарағандының әскери комиссариатына соғысқа сұранып өтініш жазған арулар саны 10 мыңнан асқан. Семей қаласы бойынша соғыстың алғашқы күндерінде 3 мың өтініш түскен. Ал, Алматы қаласының тек Фрунзе ауданы бойынша 112 өтініш түсті. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медсанбаттар мен госпитальдармен борышын өтеген. Қазақ арулары түрлі әскери құрамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті. Қолдарына қару алып, майданға аттанған қазақ жұлдыздары — Әлия мен Мәншүк Қазақстан даңқын әлемге паш етті. Авиация саласын меңгерген қазақ қызы – Х.Доспановаға Кеңес Одағының батыры М. Раскова басқарған әйелдер авиациясының құрамында авиация штурманы болып 300-ден астам мәрте әуеге көтерілді. 2004-жылы Президенттің жарлығымен Х.Д.Доспановаға Халық Қаһарманы атағы берілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірді-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан-байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді

жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына көзіміз анық жетеді. Оған мысал ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының Батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Соғыстың қысылтаяң кезінде емшектегі баласын жергөкке орай салып, кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын, туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем, ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен бір сәтке шығара алады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майдан да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Сол жылдары миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикакаларға, майданға керек оқ-дәріні, азық-түлікті жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ұлы Отан тарихының беттерін парақтаған адам Жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталып, бейбіт өмірге үлкен опат әкелген әділетсіз соғысқа Қазақстаннан әр түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан қаншама боздақ туған жер топырағын басу бақытына ие бола алмады. Бірінің асқар тау әкесі, енді бірінің бауыры елге оралмай, отбасына жазылмас дерт пен қайғы әкелді. Қаншама жас боздақтың қыршын жасы қиылды. Ішінде арқалы ақыны да, әйгілі әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай қанша Абайлар мен Шоқандар кетті екен.

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығы. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Бұл күнді соғыстың алдыңғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Сонымен бірге бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз-өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп, төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған- туыстарына, жақын жандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-тиыл жермен жексен етті. Соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін салды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет ғана емес, сонымен қатар ол халықтардың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр- қайратының, бірлігінің дәлелі. Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімде жауынгерлер ата- бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмайды.

Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз үлесі деп білеміз, бұл күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін болады. Соғыстың шарпыған жалынын тоқтату жолында көптеген азаматтар қаза болды. Бірақ олардың алып берген жеңісін кейінгі ұрпақ бағалауда. Ашық Аспан әрдайым болу үшін барлық күштерін сарп еткен азаматтарға да бір мың алғыс. Ұлы жеңіс кейінгі ұрпаққа аманат!

Уразова Ақырыс

10 сынып, Терісаққан орта мектебі,
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Жетекшісі: Клютова Гулназ Жаугаштыевна

Ұлы Отан соғысына- 71 жыл!

Өмірі - ұрпаққа өнеге.
Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін тажал. Ұлы Отан соғысының кешегі естен шықпастай болған сол бір кез, күн-түн демей жаумен жағаласқан жылдары ешқашанда ұмытылмайды. Денеге қадалған оқ орны, жарылған бомба жарықшағы күйдірген жара жазылды. Бірақ халқымыз Отан тәуелсіздігі жолында жанын пиде еткен ұлдары ман қыздарының есімдерін ұмытқан емес. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанына, міне, биыл 70 жыл. Біздің халқымыздың ашық аспан астында бейбіт еңбек етіп, бақытты өмір құрғанына да 71 жыл.

Сол қанды кезеңді еске түсіріп елестетін газет- журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлар тойлайды.

Неменеге жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп әнеки жағада тұр

деп тебіренген Мұқағали мұңын да жұмырбасты пенде үшін теңдесі жоқ ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдардың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, ерлігімен, отанының туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға тартпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн-жеңіс күні! Бұл күннің толғағы қатты болса да, туғаны бар халқы үшін

қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол- өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол- күш әрине, қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Атыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалды. Сол кездегі Кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толар сақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғанға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдікпен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. « Ер есімі- ел есінде»- демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбігімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды!

Шаку Эльмира

I-курс, медициналық колледжі

Ақтөбе қаласы,

Жетекшісі: Тлембаева Анаргүль Барлыковна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс - күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын қасірет!

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн! Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Отан соғысынан оралған ардагерлеріміздің саны жыл санап азаюда. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні! Бұл күннің толғауы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақта тарих ұмытпайды!

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине “Бірлік”. Қаншама халық бір тудың астында бірігіп күштерін бір арнаға салды. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын

өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Жеңістің 71 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық. Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т.б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармасын да әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», - деген өсиетіңіз ойға оралады. Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Бүгінгі жастардың болашағы,бақытты үшін,қан төккен әскер мен апалардың даңты ерліктері еш уақытта өшпейді!Олардың рухына біздер дізе бүгіп,бас иеміз!Міне,біз тамаша Жеңістің 71 жылдық ұлы мерекесін тойлап отырмыз.Ер жігіт етегімен су кешіп,от басқан,ат ауыздығымен су ішкен,сұр шинельді төсек етіп,ақ қар,көк мұз жастанып,жаумен шайқасқан.Ұлы Отан үшін жанын қиған ержүрек батырлардың қаһармандық ісі еш уақытта ұмыт болмайды,мәңгі есте сақталады!